

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

№ 3 (2018)

Павлодар

МАЗМҰНЫ**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 17026-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан**Тематическая направленность**публикация материалов в области лингвистики
и языкознания**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,**ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

Абдуллаева Қ. М., Тұрышев А. Қ.

Тілдік тұлғаны танудағы мәтін мен дискурс мәселелері 12

Абуова А. Т., Кокеева Ж. М.Қазақ-түрік тілдеріндегі шылау сөздердің
лексика-семантикалық аспектісі 20**Әлімжанова Г. М.**

Мәдени тұжырымдама лингвомәдениеттің бірлігі ретінде 33

Асланян Т. М.

Автордың концептуалды жүйесін қалыптастырудағы метафораның рөлі ... 42

Ауелбекова Ш. Е.Қазақ, түрік, ағылшын тіліндегі мақалдардағы ортақтық
пен ерекшеліктер 52**Әбікенова Г. Т., Сүлейменова Р. Ш.**

Көркем шығармадағы автор бейнесі – көркем баяндаудың субъектісі 59

Баймамыров С. А.Мұнай-газ ісіне мамандандырылған студенттерге орыс тілін оқытудағы
терминологиялық номинацияның экстралингвистикалық факторлары 66**Бейсенова Ж. С.**

Тіл және мәдениет мәселесі туралы: лингвистикалық аспекті 74

Бимагамбетова Ж. Т.Ағылшын тілін оқыту үрдісіндегі қазіргі заманғы кәсіби дайындықтың
қоғамдық-мәдени моделі 87**Бимагамбетова Ж. Т., Махамбетжан А. Т.**

Ағылшын тілінің іскери стиль аудармасының тілдік ерекшеліктері 93

Бөкен Г. С.

Мрожек шығармаларының аудармалық негіздері 102

Бораш Б. Т.

Алаш зиялылары Абайдың рухани қайнарлары хақында 116

Бораш Б. Т.

Пушкин заманындағы орыс жазушыларының қазақтар туралы еңбектері ... 125

Гауриева Г. М., Ақатаева Б. Қ.Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріндегі
кәсіби рефлексияның қалыптасуы 134**Дуйсенбина А. Т., Дальбергена Л. Е., Бейсембаева Г. З.**

Конверсия транспозиция түрі ретінде 143

Жанұзақова Қ. Т., Абитова Ж. С.Б. Кенжебайұлының қазақ әдебиетінің даму
тарихы жайлы концепциясы 154**Жарқынбекова Ш. Қ., Логинова М. В.**Лингвомәдени типаждардың сипаттамасы:
зерттеу қырлары мен әдістемелік тәсілдемелер 161

Жүсіп Қ. П., Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н. Абай Құнанбаев – сөз шебері	172
Ибраева А. Т., Зейнулина А. Ф. Заманауи қазақ драматургиясындағы ұлттық көркемдік ұстаным	181
Кабанова А. Б. Кәсіби орыс тілін оқытудағы техникалық аударма білектерін қалыптастыру	191
Қасым Б. Қ., Абдуалиева А. А. Түркі сөзжасамы: антропологиялық парадигма	197
Құдайбергенова М. С., Жумабекова Г. Б. Іскерлік хат түріндегі жазбаша нысанын қалыптастыру	205
Курманова Ж. Б. Көптілділік Қазақстандағы заманауи білім беру және тілдік мәдениеттің басымдықтарының бірі ретінде	213
Мадиева Г. Б., Бектемирова С. Б., Медетбекова П. Т., Молдасанова А. А. Ұлттық корпустардың жасалу мәселелері	222
Насирли А. А. Ағылшын тілінде метафора, салыстыру және идиома арасындағы құрылымдық-семантикалық айырмашылықтары мен ұқсастықтарын талдау	231
Нуржанова Ж. Д., Жусупова Р. Ф., Құрманбаева Ә. Б., Абайкенова Н. Т. Ағылшын тілі сабағында сыни тұрғысынан дамуы коммуникативтік дағдысын қалыптастыру тәсілі ретінде	239
Нуркина Н. А. Балдырғандарға арналған бағалы жырлар (Қ. Мырзалиев шығармалары негізінде)	248
Өтемісова Г. Ж., Карипжанова А. О. Метафора және фразеологизмнің метафоралану құбылысы (Нұртуған мен Ерімбет шығармалары бойынша)	256
Рысбаева Г. Қ. Лексикографиялық материалдар негізіндегі «Жаратушы күштер» концептісі	263
Рысбаева Г. Қ. Араб-парсы тілдерінен енген антропонимдер	271
Сейітова Ш. Б., Нергиз Б. А. Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы	280
Сейітова Ш. Б. Ұлттың ұлттық ерекшелігі – тілінде	288
Сухова О. В., Решетова О. П., Мерғалиев Д. М. Мәдениетаралық шетел тілі құзыретілігін қалыптастыру және дамыту үрдісіндегі герменевтикалық көзқарас	296
Тлеубердина Г. Т., Әбілқасов Ғ. Ж. Есіл-Көкше өңірі ақындар шығармашылығының Абай Құнанбаев әлемімен үндестігі	308

Тоқатова Л. Е., Измайлова М. А. «Кармен». Әдеби контекст	319
Тұңғышбаева Б. Қ. Техникалық жоғарғы оқу орнындағы мамандық тілді оқыту технологиясындағы терминдердің құрылымды-семантикалық талдау рөлі	330
Шахметова Н. А. Соматизм әлемнің ұлттық тілдік суретінің бөлігі ретінде	336
Иманбаева Ж. А., Нуркушева Л. Т., Самойлов К. И. Заманауи Қазақстандағы мемориалдық сәулеттің қалыптасуының дамуы	347
Ахтаева Н. Х., Сағындықұлы Б. Қазіргі Қазақ Тілі лексикологиясын оқыту арқылы шығармашылық тұлға қалыптастыру	361
Еспекова Л. Ә. Тарихи жырлар – әдеби тілдің бір арнасы	369
Авторларға арналған ережелер.....	379

СОДЕРЖАНИЕ

Абдуллаева Қ. М., Тұрышев А. Қ. Текст и обсуждение вопросов на языке самоопределения	12
Абуова А. Т., Кокеева Ж. М. Лексико-семантический аспект послелогов казахского и турецкого языков	20
Алимжанова Г. М. Культурный концепт как единица лингвокультурологии	33
Асланян Т. М. Роль метафоры в создании концептуальной системы автора	42
Ауелбекова Ш. Е. Общие особенности и различия в казахских, турецких и английских пословицах и поговорках	52
Абикенова Г. Т., Сулейменова Р. Ш. Образ автора художественного произведения – субъект художественного повествования	59
Баймамыров С. А. Экстралингвистические факторы терминологической номинации в обучении русскому языку студентов специальности нефтегазового дела ..	66
Бейсенова Ж. С. К вопросу о связи языка и культуры: лингвистический аспект	74
Бимагамбетова Ж. Т. Создание новой социально-культурной модели в процессе преподавания иностранного языка	87
Бимагамбетова Ж. Т., Махамбетжан А. Т. Языковые особенности перевода делового стиля английского языка	93
Бокен Г. С. Основы перевода произведений Мрожека	102
Бораш Б. Т. Деятели Алаша о духовных источниках Абая	116
Бораш Б. Т. Казахская тема в произведениях пушкинского периода	125
Гауриева Г. М., Акатаева Б. Қ. Формирование профессиональной рефлексии у будущих учителей начальных классов	134
Дүйсенбина А. Т., Дальбергенова Л. Е., Бейсембаева Г. З. Конверсия как разновидность транспозиции	143
Жанузакова К. Т., Абитова Ж. С. Концепция Б. Кенжебаева о развитии истории казахской литературы	154
Жаркынбекова Ш. К., Логинова М. В. Описание лингвокультурных типажей: аспекты изучения и методологические подходы	161

Жусип К. П., Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Абай Кунанбаев – мастер слова	172
Ибраева А. Т., Зейнулина А. Ф. Национально-художественные принципы в современной казахской драматургии	181
Кабанова А. Б. Формирование навыков технического перевода при обучении профессиональному русскому языку	191
Касым Б. К., Абдуалиева А. А. Тюркское словообразование: антропологическая парадигма	197
Кудайбергенова М. С., Жумабекова Г. Б. Формирование письменной формы общения в формате делового письма	205
Қурманова Ж. Б. Полиязычие как один из приоритетов современного образования и языковой культуры в Казахстане	213
Мадиева Г. Б., Бектемирова С. Б., Медетбекова П. Т., Молдасанова А. А. Проблемы создания национальных корпусов	222
Насирли А. А. Структурно-семантический анализ сходств и различий между метафорой, сравнением и идиомой в английском языке	231
Нуржанова Ж. Д., Жусупова Р. Ф., Курманбаева А. Б., Абайкенова Н. Т. Развитие критического мышления как средство формирования коммуникативных навыков на уроках английского языка	239
Нуркина Н. А. Стихи посвященные детям (на основе произведений К. Мырзалиева)	248
Утемисова Г. Ж., Карипжанова А. О. Метафора и явление метафоризации фразеологизмов (по произведениям Нуртугана или Еримбета)	256
Рысбаева Г. К. Лексикографические материалы на основе концепта «Силы создателя»	263
Рысбаева Г. К. Антропонимы пришедшие из персидского, арабского языков	271
Сейітова Ш. Б., Нергиз Б. А. Байтурсынов – народный просветитель	280
Сеитова Ш. Б. Язык – живая душа народа	288
Сухова О. В., Решетова О. П., Мергалиев Д. М. Герменевтический подход в процессе формирования и развития межкультурной иноязычной компетенции	296
Тлеубердина Г. Т., Абилкасов Г. Ж. Созвучие творчества поэтов Есильского и Кокшетауского регионов с миром Абая Кунанбаева	308

Токатова Л. Е., Измайлова М. А. «Кармен». Литературный контекст	319
Тунгушбаева Б. К. Роль структурно-семантического анализа терминов в обучении языку специальности в техническом Вузе	330
Шахметова Н. А. Соматизм как фрагмент национальной языковой картины мира	336
Иманбаева Ж. А., Нуркушева Л. Т., Самойлов К. И. Развитие формообразования мемориального зодчества современного Казахстана	347
Ахтаева Н. Х., Сағындықұлы Б. Формирование творческой личности с помощью обучения лексикологии современного казахского языка	361
Еспекова Л. А. Исторические песни – источник литературного языка	369
Правила для авторов	379

CONTENT

Abdullayeva K. M., Turyshev A. K. The problems of text and discourse in the cognition of the language personality	12
Abuova A. T., Kokeyeva Zh. M. Lexico-semantic aspects of postpositions of Kazakh and Turkish languages ...	20
Alimzhanova G. M. Cultural concept as a unit of linguoculture	33
Aslanyan T. M. The role of metaphor in the conceptual world's creation	42
Auyelbekova Sh. E. The similarities and differences of proverbs in Kazakh, Turkish and English languages	52
Abikenova G. T., Suleimenova R. Sh. The image of the author of a work of art is the subject of an artistic narrative ..	59
Baimamyrov S. A. Extralinguistic factors of terminological nomination in teaching Russian language to students specializing in oil and gas business	66
Beisenova Zh. S. To the question of language and cultural ties: linguistic aspect	74
Bimagambetova Zh. Modern professional training of socio-cultural model in the English language teaching	87
Bimagambetova Zh., Makhambetzhana A. Language features of business style translation in the English language	93
Boken G. S. The basics of translation of Mrozek's works	102
Borash B. T. Alash's writers on the spiritual sources of Abai	116
Borash B. T. Kazakh theme in works of the Pushkin period	125
Gauriyeva G. M., Akatayeva B. K. Formation of professional reflection in future teachers of primary classes	134
Duisenbina A. T., Dalbergenova L. E., Beysembaeva G. Z. Conversion as a kind of transposition	143
Zhanuzakova K. T., Abitova Zh. S. Concept of B. Kenzhebayuly on the development of Kazakh literature in history	154
Zharkynbekova Sh. K., Loginova M. V. Description of linguocultural types: aspects of study and methodological approaches	161

Zhussip K. P., Zhussupov N. K., Baratova M. N.	
Abai Kunanbaev – master of the word	172
Ibrayeva A. T., Zeynulina A. F.	
National art principles in modern Kazakh dramaturgy	181
Kabanova A. B.	
Formation of technical translation skills at the training of professional Russian language	191
Kasym B. K., Abdualieva A. A.	
Turkic word formation: anthropological paradigm	197
Kudaibergenova M. S., Zhumabekova G. B.	
Formation of written correspondence in a format of business letter	205
Kurmanova Zh. B.	
Polylinguism as one of the priorities of modern education and language culture in Kazakhstan	213
Madyeva G., Bektemirova S., Medetbekova P., Moldasanova A. A.	
Problems of creating national corpora	222
Nasirli A. A.	
Structural-semantic analysis of similarities and differences between the metaphor, comparison and idiom in the English language	231
Nurzhanova Zh. D., Zhusupova R. F., Kurmanbayeva A. B., Abaikenova N. T.	
Development of critical thinking as a means of formation of communicative skills in English lessons	239
Nurkina N. A.	
Verses for children (on the basis of K. Mirzaliev's work)	248
Utemisova G. J., Karipzhanova A. O.	
Metaphor and metaphorization phenomenon of phraseological units (in Nurtugan and Yerimbet's compositions)	256
Rysbayeva G. K.	
Lexicographic materials on the basis of the concept «Supernatural forces» ..	263
Rysbayeva G. K.	
The anthroponyms which came from Persian and Arabic languages	271
Seitova S. B., Nergiz B.	
A. Baitursynov – national enlightener	280
Seitova S. B.	
Language is the living soul of the people	288
Sukhova O. V., Reshetova O. P., Mergaliev D. M.	
Hermeneutic approach in the process of forming and development of intercultural foreign language competences	296
Tleuberdina G. T., Abilkasov G.	
Consonance of creativity of poets of Yesil and Kokshetau regions with the world of Abai Kunanbayev	308
Tokatova L. E., Izmailova M. A.	
«Carmen». Literary context	319

Tungushbaeva B. K.	
The role of structural-semantic analysis of terms in training specialty language in technical higher education	330
Shahmetova N. A.	
Somatism as a fragment of the national language picture of the world	336
Imanbayeva Zh. A., Nurkusheva L. T., Samoilov K. I.	
Development of the formation of memorial architecture in modern Kazakhstan	347
Akhtayeva N. H., Sagyndykuly B.	
Formation of creative personality by teaching lexicology of the modern Kazakh language	361
Yespekova L. A.	
Historical songs – source of literary language	369
Rules for authors	379

Қ. М. Абдуллаева¹, А. Қ. Тұрышев²

¹PhD докторант, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹akm1166@bk.ru

**ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ТАЛУДАҒЫ МӘТІН
МЕН ДИСКУРС МӘСЕЛелЕРІ**

Мақалада тілдік тұлғаны танудағы мәтін мен дискурс мәселелеріне зерттеушілердің ғылыми ой-пікірлері негізінде талдау жасалады. Тілдік тұлғаны танытатын мәтін мен дискурстың арақатынасы, қолданылу ерекшеліктері т.б. сараланады. Сонымен бірге, мәтін мен дискурстың жеке тұлғаның тіл элементін танытатын кеңістік екендігі т.б. сөз етіледі.

Қазіргі лингвистикалық әдебиеттердегі дискурс ұғымы мәтінді түсінумен тығыз байланысты. Алайда, дискурс пен мәтін арасында айырмашылықтың барлығы күмәнсіз. Дискурс мәтін термині арқылы анықталатындығына қарамастан, оның таза түрде мәтін болып танылмайтындығы т.б. қарастырылады.

Кілітті сөздер: тілдік тұлға, мәтін, дискурс, автор бейнесі, прагматика, диалог, грамматика, стилистика, фрагмент, фактор т.б.

КІРІСПЕ

Тілдік тұлға – өзіндік күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан, өзін-өзі, өзі және өзге, өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі адам. Ал, «ол не арқылы танылады?» дегенде, ғалым Ю. Н. Караулов тұжырымдамасында тілдік тұлға «вид полноценного представления личности, вмещающий в себя и психические, и социальное, и этические, и другие компоненты, но представленные через её язык, её дискурс» [1, 7 б.] – ретінде анықталғанын ескерсек, тілдік тұлға мәтін мен дискурс арқылы танылады деген жауап аламыз. Бұған көз жеткізу үшін адамның тілді қолдану ерекшелігі көрінетін

мәтін мен дискурс ұғымын айқындау қажет. Біздің жұмысымыз осы мәселелерді қарастыруға бағытталады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Орыс тіл білімінде тілдік тұлға ұғымының негізі ғалым В. В. Виноградов еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Ю. Н. Карауловтың айтуынша: «В. В. Виноградов тілдік тұлға ұғымын түсіндіруде көркем әдебиет тілін алады, ал ол тұтастықты зерттеудің басталған сәтін жеке тілдік құрылымнан көреді. Егер жеке тілдік құрылымнан тілге ауысу мүмкін болса, тілдік тұлғаға ауысуға болады» [1, 30 б.].

Автор бейнесінің тілдік тұлғаға қатысы туралы мәселелер В. В. Виноградовтың көптеген еңбектерінде көрініс табады. Онда автор бейнесі қоғамдық сана мен оның негізіндегі тұлға туралы жалпы ұғымның дамуымен байланысты пайда болып, автордың өзі, баяндаушы және кейіпкерлер сөйлеу субъектісі бола алатыны, бірақ бұлар біріктіріліп, автордың дүниетанымдық көзқарасы арқылы бейнеленетіндігі айтылады. Яғни, автор бейнесі – сөз өнерінің барлық стилистикалық әдіс-тәсілдері біріктірілетін нүкте. «Автор бейнесі жай ғана сөйлеу субъектісі емес... Ол – шығарма мәнінің байытылып жүзеге асырылуы» [2, 118 б.]. Демек, мәтіннің тілдік құрылымында жүзеге асырылған, бейнеленетін затқа деген қарым-қатынас автор бейнесі болып табылады. «Шығарманы жасаушы әрқашан өз шығармаларында өзі бейнеленеді және ол көп жағдайда оның еркінен тыс жүзеге асады» [2, 152 б.]. Бұл жерде байқайтынымыз, авторлық даралық автор бейнесі ұғымына басқаларына қарағанда сәйкес келетіндігі. Олай болса, автор бейнесі дегеніміз – суреткер тұлғасының өз шығармаларында бейнеленуі.

Сонымен, көркем шығарма авторын тілдік тұлға деп санасақ, автор бейнесін көркемдік сипатта бейнеленген тілдік тұлға көрінісі деуге болады. Автордың көзқарасы мен шығармашылық ұстанымын бейнелейтін тілдік тұлғасын тану арқылы автордың бейнесі байытылып, анықтала түседі. Автор бейнесі мәтін құрылымының негізінде жасалады. Себебі әрбір мәтінді нақты тұлға жасайды. Мәтінде ақпаратты тілдік жүйе құралдарының көмегімен өзінің мақсаттарына сай береді. Автордың жазған мәтіндерін талдау арқылы ол өмір сүрген заманның шынайы бейнесін көреміз. Бұған қоса автор тұлғасының ерекшеліктерін тануға, оның ғаламдық бейнесін көруге болады.

Жалпы мәтін көп уақыт бойы тізбекті түрде орналасқан сөйлемдер арқылы жасалады және коммуникацияның жазбаша формасымен байланысты, ал дискурс тілдік актілерге бөлінеді және ауызша коммуникацияға сәйкес келеді деп есептелді. Ал кейбір зерттеулерде дискурс ұғымы мен мәтін ұғымы синоним ретінде бірін-бірі ауыстыратын тең дәрежедегі терминдер ретінде қарастырылып келді. Біздің ойымызша, мәтін мен дискурс мәселесі олардың

арақатынасын талдау барысында анықталады. Сол үшін бұл мәселелерге жеке-жеке тоқталып, зерттеушілердің пікірлерін саралауды мақсат еттік.

Сөздікте: «Мәтін – мағыналық байланысқа біріккен таңбалық бірліктердің тізбегі. Мәтінді дұрыс қабылдау тек тілдік бірліктер мен олардың қосындылары арқылы ғана қамтамасыз етілмейді, сонымен бірге қажетті білім қоры, коммуникативтік қор арқылы да қамтамасыз етіліп, сол себепті мәтінді қабылдау пресуппозициямен байланысты болады», – деген анықтама берілген [3, 507 б.].

Ал соңғы зерттеулерде «мәтін» терминімен қатар «дискурс» термині түрлі түсініктер мен көп мағыналы ұғымдардың қатарына еніп, *сөз түрі, мәтін, мәтін типі, байланысты мәтін, байланысты сөз мәтіні* атауларына ие болып келеді. Жалпы «Дискурс (француз – discours, ағылшын – discourse, латын – discursus «қозғалыс, шыр айналу, сұхбат, әңгіме» – сөз, тілдік қызмет процесі, сөйлеу тілі. Тілді тура не жанама түрде зерттейтін гуманитарлық ғылымдар қатарының көп мағыналы термині» [4].

Лингвистикада *дискурс* ұғымы мағынасы бойынша мәтін ұғымына жақын болғанымен, тілдік қатынастың уақытта өрістейтін динамикалық сипатын көрсетеді, ал бұған керісінше мәтін көбінесе статикалық объект, тілдік қызметтің нәтижесі ретінде қолданылады. Оларды бөлу зерттеушілер еңбектерінде түрліше көрініс тапқан. Мәселен, Н. Д. Арутюнова: «Дискурс – оқиға аспектісінде алынған мәтін. Мақсатты әлеуметтік іс-әрекет ретінде қарастырылатын сөз. Адамдардың өзара іс-қимылдарына және олардың санасының механизмдеріне қатысатын компонент. Экстралингвистикалық факторлармен жиынтықтағы жүйелі мәтін», – дейді [3, 137 б.].

Ал Е. С. Кубрякова мен О. В. Александрованың пікірінше, «дискурс ретінде нақты сөз өндірумен, тілдік шығарманы білумен байланысты когнитивтік процесті түсінуіміз керек, ал мәтін белгілі бір сақталған формаға айналатын тілдік қызмет процесінің ақырғы нәтижесі болып табылады» [5, 19 б.]. Осылайша, дискурс нақты сөз өндірумен байланысты құбылыс ретінде көрініс тапса, мәтін белгілі бір сақталған және бекітілген формадағы сөз өндірудің өнімі ретінде көрініс табады, яғни мәтін – тіл жүйесі мен лингвистикалық күзінетке қатысты коммуникативтік іс-әрекеттің нәтижесі, дискурс сөзге және тілдік әрекетке қатысты мәтінді тудыру процесі. Мұндай нақты сөйлеуді оның нәтижесімен салыстыру арқылы мәтін оны қабылдаушы жеке адамның санасына түсіп қабылданған кезде дискурс ретінде түсіндіріле алатындығына көз жеткізуге болады.

Қазақ тіліндегі дискурстың мәтін түзу мәселесін зерттеген Г. Садирова: «Дискурс – өмірдегі нақты оқиғалардың тілге көшкен тізбегінің ағымы болса, мәтін – дискурс үзгі, ол жанр заңдылықтарына сай рәсімделеді немесе тіпті арнайы рәсімделмеуі де мүмкін. Сонымен қатар дискурс шынайы уақытта

туса, ал мәтіннің өз ішінде сақтап қалған уақыты болады. Нақтылап айтсақ, шынайы уақытта белгілі бір дискурс нәтижесі болған мәтін ішіндегі уақыт шынайы уақытқа сай түспейді», – деп, мұны мәтін мен дискурстың негізгі ерекшелігін танытатын басты белгілердің бірі деп санайды [6, 11 б.].

Жалпы дискурс пен мәтін арақатынасын қарастыруда Е. С. Кубрякованың пікірі маңызды деп ойлаймыз. Себебі, «адам тәжірибесі мен оны пайымдау фрагментін белгілемейтін мәтін болмайды. Мәтіннің бұл қасиеті оны концептуалдық және когнитивтік сараптау объектісі етіп алуға, яғни бұл мәтінде қандай ғалам бейнесімен таныстық, не және қандай себептен біздің назарымызды аударады, ондай қандай білім және бағалау фрагменті бекітілген деген сауалдарға жауап алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, соңғы нәтижесінде дискурстық болып табылмайтын, яғни коммуникативтік қызметке әлеуметтік бағдарланбаған мәтіндер де болмайды. Бұл айтылғандардан мәтін мен дискурсты ажыратып тануға болатындығы, олардың мүлде бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар емес, яғни бір-бірін жоққа шығармайтындығы туралы қорытынды жасауға болады» [7, 75 б.].

Ал Қ. Есенова: «Біздіңше, дискурсты прагматикалық тұрғыдан талдағанда коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторлар, сондай-ақ коммуниканттардың мақсат-ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда оқырман автордың сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады. Ал өз кезегінде адресант сол дүниені керекті нұсқада жасау үшін тілдегі семантиканың барлық мүмкіндіктерін пайдаланады», – дейді [8, 36 б.].

Жоғарыда сараланған тұжырымдар мынадай қорытынды жасауға жетелейді. Қазіргі лингвистикалық әдебиеттердегі дискурс ұғымы мәтінді түсінумен тығыз байланысты. Дискурс пен мәтін арасында айырмашылықтың барлығы күмәнсіз, дискурс және мәтін термині арқылы анықталатындығына қарамастан, ол таза түрде мәтін болып табылмайды. Ауызекі тіл шығармаларына қатысты «дискурс» терминінің жиі қолданылатындығы, ал жазбаша шығармаларға «мәтін» терминінің қолданылатындығы олардың айырмашылықтарының тағы бір қыры болуы мүмкін деген пікірлер айтылғанымен, ол көзқарстарды дискурс пен мәтін ауызша да, жазбаша да шығармаларды толықтай қамтиды деген пікірлер жоққа шығарады. Олай болса, зерттеушілер мәтін мен дискурс ұғымдары бір-бірімен байланысты, бірақ теңбе-тең ұғымдар емес, олар бір-бірімен ұғымдарының көлемі мен зерттеу аспектісі бойынша ажыратылады деген пікірге келеді. Сонымен, дискурс – мәтіннің көлемді түрі, бірнеше мәтіннің байланыстылығы. Дискурс бір уақытта тілдік әрекеттің процесі және оның нәтижесі.

Алайда «дискурс» ұғымы пайда болған кездегімен қазіргі түсініктің арасында айтарлықтай өзгешелік те жоқ емес. Мәселен, В. В. Петров пен Ю. Н. Караулов лингвист ғалым Теон Ван Дейктің пікірін жинақтай келе мынадай тұжырым жасайды: «Дискурс дегеніміз – мәтінмен қатар, мәтінді түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторлардан тұратын күрделі құбылыс» [9, 8 б.]. Біздің ойымызша, бұл тұжырым дискурсқа қатысты айтылған пікірлерді тиянақтай түседі. Дискурс дамуында бұл тұрғыдан келудің ерекшелігі – сол лингвистиканың тіл, сөз, тілдік қызмет және дискурс сияқты іргелі ұғымдар арасында белгілі бір айырмашылық орнатылып, зерттеушілер бұл көрсетілген терминдердегі оқиғалық-динамикалық және жекелік сипаттамаларды анықтайды. Егер сөз тілдік қызмет пен дискурсқа қатысты ұғым ретінде түсіндірілсе, тілдік қызмет сөзді қабылдау мен жасау процесі, тілдік қабілеттерді жүзеге асыру және тілдік дағдыларды жетілдіру шарты ретінде түсіндіріледі.

Дегенмен, дискурс сипатын айқындауда мәтін семантикасына қатысты кейбір ұғымдарды да ескерген жөн. Себебі, біз «дискурс сипатын бірден көрсете алмаймыз. Ол зерттеу барысында анықталады. Тек мынадай қырын алдын ала нұсқауға болады. Бұл мәтіндер дара тұлғаның ішкі интенциясын көрсетеді, оның ішкі дүниесін модельге түсіреді. Оның негізінде объективті түрде өмір сүретін дайын құрылымдар жатыр» [10, 22 б.].

Ал тілдік тұлғаға қатысты дискурстың сипатына келсек, дискурс жеке тұлғаның тіл әлемін танытатын кеңістік. Оған тұлғаның тілдік өресі, белгілі бір дүниетанымдық білім аясы енеді [11, 6 б.]. Яғни, дискурс – тілдік тұлғаның қасиетін көрсететін тілдік факті. Дискурста тілдік тұлғаның мынадай ерекшеліктері көрініс табады: бірінші – сөйленіс деңгейі; екінші – ұлттық таным деңгейі; үшінші – сөз қорыту, түсінік, ұғыну, сезіну деңгейі; төртінші – қоғамдық ой сипаты; бесінші – интеллект деңгейі [12, 32 б.]. Демек, тілдік тұлға тілін зерттеуде дискурс ұғымының маңыздылығын оның тілдік тұлға болмысын ашуда толық ақпарат беру мүмкіндігіне ие екендігінен байқаймыз.

«Дискурстық талдау кез келген көлемдегі мәтінге жүргізіледі де, мәтіннің лексика-синтаксистік құрылымы ғана сарапталмайды, мәтінді кім жазды, қашан, қайда, кімге арнап жазды, қандай мақсатпен жазылды, тіпті автордың нормативті ұстанымы, идеологиялық, бағалаушылық бағыты қандай деген сұрақтарға жауап алу үшін талдау жүргізіледі» [13, 20 б.]. Демек, белгілі бір дискурсты зерттеу үшін ол пайда болған мәдени органы саралап, оны жасаған тұлғаның ниетін тануға күш салып, оны осы дискурсты туғызуға жетелеген себептерді және жағдайларды түсінуге тырысу керек деп ойлаймыз. Себебі, «тұлға өзіне өз этносының, өз қауымының, жынысы мен жасының, білім және тәрбие жүйесінің ықпалын шоғырландырып, соларды тірек ете отырып дискурс жасайды» [14, 3 б.].

Тұлғаның тілдік тұлғасының бірегейлігі қалдырған мұрасының толық дискурсының деңгейінде жүзеге асады, яғни оның дискурстық сипатын зерттеу барысында тұлғаның тілдік, шығармашылық ішкі интенциясы айқындалады, оның ішкі дүниесін модельге түсіру арқылы шығармалардың құрылымы да өзгеше болмыста қарастырылады.

Мәселен, көркем шығармада шындық өмірдегі оқиғаның тура мазмұны сол күйінде көшіріліп тұрмайды. Ол автор санасы арқылы жаңаша бейнеленіп, нақтыласақ, тілдік тұлғаның шығармашылық қиялы мен білімі оқырманның қабылдауы бірлескен шығармашылығынан туындаған кешенді тұтастық. Көркем шығарманың құндылығы автор құрастырған тілдік бейне арқылы өз жан-дүниесінің шындығын қалыптастыру. Ең жоғары дәрежедегі тілдік тұлға өзінің жеке санасы негізінде өзіндік танымын оқырман немесе тыңдаушы санасында қайта жасайды.

Тұлғаның тілдік тұлғасы оның шығармаларынан көрініс тауып, өзінің мазмұны мен тілі жағынан тілдік тұлғасы жалпы мұрасының негізінде туындайтын қайталанбас дискурсы арқылы көрінеді. Оның танымы жалпы тіл жүйесіндегі заңдылықтарға сай құрылған тілдік бірліктердің жаңаша, өзіндік бояуымен, реңкпен берілуін саралау арылы ашылады. Жалпы мен жекенің бірлігі тіл тұтынушының сөз қолданысының бірегей моделін жасайды. Бұларды саралай келе көрсету тілдік тұлғаның қауапайым тұлғадан айырмашылығын көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдік тұлғаны танудағы мәтін мен дискурс мәселесінің арақатынасын қарастыра келе мынадай тұжырым жасауға болады:

Дискурс – грамматика мен стилистиканың ережелеріне сай құрастырылған, тұлғаның белгілі бір ойын дамытатын прагматикалық мәні бар және оның танымындағы құндылықтар жүйесін тануға септігі тиетін когнитивтік функцияларға негізделген, оның ішкі әлемін көруге мүмкіндік беретін тілдік шығарма. Демек, дискурс тілдік шығарманың айналасына шоғырландырылған, прагматикалық мазмұнмен толыққан тұлғаның өзіндік қырын көрсететін күрделі жүйе.

Тілдік шығармаларды жасауға мүмкіндік беретін адамның қасиеттерінің жиынтығы ретінде түсіндірілетін шығарманы жасаушының тілдік тұлғасы дискурстың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл ретте, дискурсты жасаушыны жекелік қасиеттердің бірегей жиынтығымен қаруланған тілдік тұлға ретінде тануға мүмкіндік береді. Ал тілдік тұлғаны кішігірім мәтінде немесе бір өлең мәтінінде тану мүмкін емес, сол себептен тілдік тұлғаны дискурс негізінде қарастырған жөн деген пікірдеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Караулов, Ю. Н.** Русская языковая личность и задачи ее изучения // Язык и личность. – М. : Наука, 1989. – С. 3–8.
- 2 **Виноградов, В. В.** О теории художественной речи. – М. : 1971. – 239 с.
- 3 Лингвистический энциклопедический словарь. – М. : 1990. – 685 с.
- 4 Энциклопедия. 2000-2008 000 Krugosvet. [электронды ресурс]. – WWW. krugosvet.ru
- 5 **Кубрякова, Е. С., Александрова, О. В.** Виды пространств текста и дискурса // Материалы науч. конф.: Категоризация мира : пространство и время. – М. : Диалог-МГУ, 1997. – С. 15–26.
- 6 **Садирова, Г. Қ.** Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2008. – 55 б.
- 7 **Кубрякова, Е. С.** О тексте и критериях его определение // В кн. : Структура и семантика. – М., 2001. – Т. 1. – С. 72–81.
- 8 **Есенова, Қ. Ә.** Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз мәтіні негізінде): филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 54 б.
- 9 **Караулов, Ю. Н., Петров, В. В.** От грамматики текста к когнитивной теории дискурса // В Кн. : Дейк Г. А. ван. Язык. Познание. Коммуникация. – М. : Прогресс, 1989. – С. 5–11.
- 10 **Жаманбаева, Қ.** Тіл қолданысының когнитивтік негіздері : эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы : Ғылым, 1998. – 140 б.
- 11 **Нұрдаулетова, Б. И.** Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі : филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2008. – 328 б.
- 12 **Имашева, Г. Е.** Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі» : филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 119 б.
- 13 **Мұратова, Г. Ә.** Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау жөн концептуалды жүйесі : филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 56 б.
- 14 **Сусов, И. П.** Прагматика дискурса и этнолингвистические проблемы. // В сб. : Прагматика этноспецифического дискурса. – Бэлць, 1990. – С. 2–5.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Қ. М. Абдуллаева¹, А. Қ. Турышев²

Текст и обсуждение вопросов на языке самоопределения

^{1,2}Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

К. М. Abdullayeva¹, А. К. Turyshev²

The problems of text and discourse in the cognition of the language personality

^{1,2}Faculty of Humanities and Education,
S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 17.09.18.

В данной статье анализируются проблемы текста и дискурса в познании языковой личности на основе научных выводов исследователей. Разбираются связь между текстом и дискурсом, позволяющие познавать языковую личность, особенности их употребления и т.д. Вместе с этим, говорится о том, что текст и дискурс – это пространство, которое знакомит с языковым миром отдельной личности.

В нынешних лингвистических литературах понятие дискурса тесно связано с познанием текста. Однако, наличие различия между дискурсом и текстом несомненно. Несмотря на то, что дискурс определяется через текст, в чистом виде он не рассматривается как текст.

This article analyzes the problems of text and discourse in the cognition of the language personality on the basis of scientific conclusions of researchers. The connection between the text and the discourse, allowing to know the linguistic personality, the features of their use, etc. is analyzed. Together with this, it is said that the text and discourse is a space that introduces the linguistic world of an individual person.

In the current linguistic literature the concept of discourse is closely connected with the knowledge of the text. However, the distinction between discourse and the text is beyond doubt. Despite the fact that discourse is defined through the text, in its pure form it is not considered as text.

А. Т. Абуова¹, Ж. М. Кокеева²

¹PhD доктор, доцент м.а., Шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²магистрант, Шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹akabuova@gmail.com; ²elanur_78@mail.ru

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Шылаулар лексикалық мағынасы жоқ, бірақ басқа сөз таптарымен тіркесіп, сол сөз таптардың мағыналарын толықтырады және айқындайды. Сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді байланыстыратын сөз табы. Тілдегі сөздерді түрлі семантика-құрылымдық топтарға жіктеудің теориялық негіздерін айқындауда барысында олардың мағыналары мен морфологиялық белгілерін, сөзжасамдық және сөз өзгерімдік қасиеттерін, сөйлемдегі синтаксистік қызметін ажыратып алу керек. Мақаланың мақсаты түрік және қазақ тілдеріндегі шылаулардың жасалу жолдарын қарастыра отырып, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтау арқылы аудармадағы қызметін талдауға алу көзделіп отыр. Зерттеу жүргізу барысында салыстырмалы-типологиялық, диахронды-синхронды әдістер мен көркем шығармаларға анализ жасау да кешенді зерттеудің әдістері қолданылды. Сонымен қатар, Бісқақов А., Исаев С., Аханов К., Серғалиев М., Сауранбаев Б., Гиганов И., Терентьев М., Ергин М., Хажыеминоғлы Х., Бангуоглы Т., Айдыгузел К., Зулфехар К., Языжы Х. сынды отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінің әдістемелік теориялық талдаулары басшылыққа алынып, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, аударма әдісі қолданылған.

Кілтті сөздер: тіл, лексика, семантика, қазақ және түрік тілдері, шылау.

КІРІСПЕ

Тіл дамуы қоғам өміріндегі жаңалықтар мен өзгерістерге тікелей байланысты да, ондағы өзгерістер тілден орын алып, лексикалық байлығының молая түсуіне жағдай жасайды. Тілді байытып құнарландыра түсетін осындай кайнар бұлақтың біріне тілдегі бар сөздердің мағыналық жағынан іштей

жіктеліп, семантикалық өзгеріске ұшырап, сапа жағынан ылғи дамып отыру жатады. Тіл арқылы жер бетіндегі сан мыңдаған адамдар өзара түсініседі, басқа біреудің айтқанын, пікірін қабылдайды. Тілдің нәтижесінде небір құнды пікірлер, өлең-жырлар, маржан сөздер кейінгі ұрпаққа мұра ретінде, ескерткіш ретінде қалады. Тіл жоқ жерде адамдардың бірлесіп жұмыс істеуі, қоғамдық өндірістің қай саласын болса да ұйымдастыруы, дамытуы мүмкін емес. Ал тілдің өзі қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Жер бетіндегі әрбір халық әртүрлі тілде сөйлеп түсініседі. Әр тілдің өзіндік тарихы, грамматикалық құрылысы, лексикалық мағынасы т.б. ерекшеліктері болады. Бір тілмен бір тіл ұқсас, туысқан тіл болып келсе, керісінше басқа бір тілмен мүлде ұқсамайтын болуы мүмкін. Әр халықтың тілі бір-бірімен өзара байланысты болады, бір тіл екінші бір тілге әсер етіп, соның арқасында өзара толығып, түрленіп байып отырады. Әсіресе өзара туыс тілдердің бір-біріне деген әсері көп болады, тілдің дамуына, өркендеуіне, өсуіне көптеген ықпал етеді. Ондай тілдердің қатарына түркі тілдері де жатады. Тіл-тілдің өзара бір-бірімен байланысты екі жағы болады. Оның бірі тілдің сөздік, екіншісі тілдің грамматикалық жақтары. Тілдің бұл екі жағының бірлігінен біртұтас тіл құралады да, айтылатын ой түсінікті болып, тіл нағыз қатынас құралы болып қызмет етеді. Тілдің сөздігі мен грамматикалық құрылысының өз жүйесі болатындықтан, тілдің сөздігін Тіл білімінің лексикология саласы, ал грамматикалық құрылысын грамматика саласы қарастырады. Тіл ғылымының бұл салаларының зерттеу объектілері басқа болғанымен, өзара байланыстары да күшті. Өйткені, Тіл өздерінің зерттеу объектісінің негізі етіп сөзді алады. Яғни зерттеуді жеке сөздерден бастайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тіліміздегі сөздердің мағыналық дамуы – олардың ішкі потенциясына (мүмкіндігіне) байланысты өзіндік заңдылықтарға мол күрделі құбылыс екендігі де аңғарылады. Бұл құбылыстың бір көрінісі – тілдегі сөздер. Сөз дегеніміз – қыры-сыры мол, күрделі тілдік категория. Сөздің мағыналық, дыбыстық, шығу төркіні, даму тарихы, қолданылу ерекшелігі, жасалу жолы және басқа да алуан түрлі жақтары болады.

Қазақ тіліндегі барлық сөздер өзінің мағынасына және морфологиялық белгілеріне қарай үш топқа бөлінеді. Олар атаушы сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер.

Атаушы сөздер өздеріне тән лексикалық та, грамматикалық та мағыналары бар сөздер. Атаушы сөздер өз алдына сөйлем мүшесі бола алады, басқа сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсе алатын дербес сөздер.

Одағай сөздер ешқандай ұғымды білдірмейтін сөздер. Олар тек адамның әртүрлі көңіл-күйін, сезімін білдіру үшін қолданылатын сөздер.

Көмекші сөздер жеке тұрып, ешқандай мағынаға ие болмайды. Тек атаушы сөздер арқылы жасалған мүшенің құрамына кіріп, сол мүшелерді өзара байланыстыру қызметін атқарады.

Қазақ тілінде шылау сөздер мағына және сөйлемдегі қызметіне қарай төмендегідей үш топқа бөлінеді:

Диаграмма 1



А. Ысқақов «Қазақ тілі» атты еңбегінде шылауларға мынадай анықтама береді: «Сөзбен сөздің, сөйлемдердің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер жамап, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика грамматикалық мағынасы бар сөздерді шылаулар», – дейді [1].

Түрік тіліндегі шылауларға М. Эргин «Түрік тілі» атты еңбегінде: «Шылаулар мағыналары жоқ, тек қана грамматикалық қызметі бар, жеке тұрып, ешқандай түсінік бере алмайды, бірақ басқа сөздермен қосылғанда ғана мағынаға ие болады. Шылаулардың грамматикалық – қызметі басқа сөздердің есімдердің, етістіктердің арасын байланыстыру» дей отырып, шылауларды үш топқа бөлген [2]:

Диаграмма 2



Түрік және қазақ тілдеріндегі кейбір шылаулардың араб тіліне ауысу, қолданылу мүмкіндігі болған соң, олардың сол тілдегі қызметтері мен ерекшеліктеріне кей жағдайда ғана тоқтала кетуді жөн санадық.

Түрік және қазақ тілдеріндегі шылаулар. Шылау сөздер дегеніміз ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да, сондай-ақ,

қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, әрі осы аталған үш белгі жөнінен де дербестіктерінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан сөздер. Сонымен бірге жалпы көмекші сөздер тобына негізгі ұйытқы есебінде қызмет ететін сөздер. Шылау сөздер есімдерге де, етістіктерге де жақындаспай, өз алдына оқшауланып, жеке топ болып отырады. Сол себептен бұл топқа, шылау сөздерге арнайы талдау жасалады.

А. Ысқақов өзінің «Қазақ тілі» атты еңбегінде шылауларға мынадай анықтама береді: Шылау сөздер өздері тіркескен негізгі (атаушы) сөздердің мағыналарын я толықтырып, я анықтап оларға әр қилы реңктер жамап, айқындап отырады. Ал шылау сөздердің тиісті тіркестерде айқындالاتын осындай қосымша мағыналары олардың нақтылы лексико-грамматикалық мағыналары болып табылады.

Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстырып тұратын, өздігінен дербес мүше бола алмайтын, бірақ өзге толық мағыналы сөздерге көмекші болып қызмет атқаратын сөздер.

Шылау сөздердің бірқатарының сөйлемдегі атқаратын қызметі қосымшаларға ұқсас болады. Өйткені олар толық мағыналы сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналарын түрлендіру үшін, дәлелдеп толықтыру үшін қолданылады. Бұлар жеке тұрғанда толық лексикалық мағынасы болмағанымен, өзге мағыналы сөздерге тіркесе айтылғанда белгілі дәрежеде мағыналары болады, бірақ ол мағыналары өзге дербес мағыналы сөздермен тіркесті түрде ғана көрінеді.

Түрік тілінде Н. Хажиеминоглу «Türk dilinde edatlar» атты еңбегінде шылауларды он топқа бөліп қарастырады [3].

1 Çekim edatları (септеулік шылаулар)

2 Bağlama edatları (жалғаулық шылаулар)

3 Karşılaştırma edatları (салыстыру қызметінде қолданылатын шылаулар)

4 Kuvvetlendirme edatları (демеулік шылаулар)

5 Soru edatları (сұраулық шылаулар)

6 Çağırma edatları (шақыру одағайлары)

7 Cevap edatları (жауап ретінде қолданылатын шылаулар)

8 Ünlem edatları (одағайлар)

9 Gösterme edatları (сілтеу есімдіктері)

10 Tekerrür edatları (қайталанып қолданылатын шылаулар)

Профессор, доктор М. Эргин «Түрік тілі» атты еңбегінде шылауларға мынадай анықтама береді: «Шылаулар мағыналары жоқ, тек қана грамматикалық қызметі бар сөздер. Жеке тұрып ешқандай түсінік бере алмайды, бірақ басқа сөздермен қосылғанда ғана мағынаға ие болады.

Шылаулардың грамматикалық қызметі – басқа сөздердің арасын, есімдердің, етістіктердің арасын байланыстыру.

Шылаулар тілдің көмекші сөздері және негізгі сөздерге, есімдерге, етістіктерге көмек береді» [2].

М. Эргин шылауларды үш топқа бөледі:

1 *Ünlem edatları (одағайлар)*

2 *Bağlama edatları (жалғаулық шылаулар)*

3 *Son çekim edatları (септеулік шылаулар)*.

Сондай-ақ «Türkçenin grameri» атты еңбегінде Тахсин Бангуоглу шылауларды «takılar» деп атап, шылауларға төмендегідей анықтама береді: «Есім сөздерден кейін келіп, сөйлемнің ішінде есім сөздерді басқа сөйлем мүшелерімен байланыстыратын сөздерге шылаулар (тақылар) дейміз. Шылаулар (тақылар) жеке тұрғанда ешқандай мағынасы жоқ, тек екі сөз немесе сөйлемнің арасындағы байланысты білдіруге қатысады» [4].

Сол сияқты көптеген тілдерде де шылаулар түрік және қазақ тілдеріндегі шылауларға ұқсас болып келеді. Жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайды, тек сөйлем ішінде ғана мағынаға ие.

Мысалы өзге тіл ретінде араб тілін алатын болсақ, бұл тілде де шылаулар түрік және қазақ тілдеріндегі шылаулар сияқты қызмет атқарады. Шылау деп араб тілінде жеке тұрып еш мағына бермейтін, сөйлемде өзге сөз мүшелерімен ғана көрінетін сөз табын айтады. Араб тіліндегі ерекшеліктерді айтатын болсақ, жалпы араб тілінде объекті ретінде «сөз (كلمة)» қарастырылады. Араб тілінде бұл сөздерді үш топқа бөледі: фиил (فعل) – етістік, исим (اسم) – есім, харф (حرف) – демеулік. Араб тілінде шылаулар үшінші топ, харф тобында қарастырылады. Шылауларға мынадай анықтама береді: харф – демеулік жеке тұрғанда ешқандай түсінік бермейді, тек басқалармен қосылғанда ғана мағынаға ие болады. Мысалы: Әлемде әркім тек қана өз халқы үшін жұмыс істейді. Мұғалім және оқушылар сыныпқа кірді.

Септеулік шылаулар (son çekim edatları). Өз алдына толық лексикалық мағынасы жоқ, өзге сөздерге тіркесіп айтылғанда, өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің белгілі септік жалғауларында тұруын талап ететін шылау сөздер септеулік шылаулар (son çekim edatları) деп аталады.

Бұл шылаулар өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің атау, барыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірінде келіп тұруын талап етеді. Яғни, сол септік жалғаулардағы сөздермен тіркесіп қана айтылады. Сол сөздің мағынасына жаңа грамматикалық мағына үстейді. Сондықтан септеуліктер қай септіктегі сөзбен қолданылуына қарай атау септікті меңгеретін септеуліктер, шығыс септікті меңгеретін септеуліктер, барыс септікті меңгеретін септеуліктер, көмектес септікті меңгеретін септеуліктер болып төрт топқа бөлінеді.

1 Атау септікті меңгеретін септеуліктер (Yalın halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatları)

İçin (үшін) септеулігі негізінде атау септік формасындағы зат есімдермен, қимыл атауларымен, есімдіктермен, есімшелермен тіркесіп жұмсалады да, оларға көбінесе себеп, мақсат, арнау мағыналарын білдіреді. Мысалы: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ барды, ертегіні термек үшін» жолдарында екі рет қайталанып, қолданылған «үшін» сөзінің мағынасы басқа сөздерден өзгеше. Басқа сөздердің «мен, жазбаймын, өлеңді, ермек, жоқ барды, ертегіні, термек» әрқайсысының толық мағынасы бар, түсінікті, ал үшін сөзін жеке алып қарасақ ешқандай мағына бермейді. Тек ермек, термек сөзімен тіркесіп айтылу арқылы ол сөздерге мақсат, себепті аңғартатын грамматикалық мағына жасап тұр. Мысалдар: Vatan için ateşe gir yanmazsın (Отан үшін отқа түс, күймейсің).

Gibi (сияқты) септеулігі сөйлемде зат есіммен тіркесіп, қолданылады да негізінде ұқсату мағынасын білдіреді. Мысалы: Arslan gibi Adamsın (Арыстан сияқты адамсың).

2 Барыс септікті меңгеретін септеуліктер (Yönelme halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatları)

Şeyin, deyin септеулігі зат есімге, есімдікке, сан есімге тіркесіп, негізінде мезгілдің я мекеннің белгілі бір аралық шегін, қатынасын білдіреді. Мысалы: Şehirde kadar atla, ondan sonra arabayla gideceğiz (Қалаға дейін атпен, одан соң машинамен жүреміз).

3 Шығыс септікті меңгеретін септеуліктер (Çıkma halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatları)

Beri (бері) септеулігі негізінде мезгілдік шектің басталуына, түрік тілінде кейде тұтас қамтылуына байланысты ұғымды білдіреді де, көбінесе мезгіл атауларына, есімдіктерге тіркесіп, уақыттың я мерзімнің басталу шегін білдіреді. Мысалы: Dünden beri kar yağıyor (Кешеден бері қар жауып тұр). İki saatten beri sizi bekliyor (Екі сағаттан бері сізді күтуде).

Önce (бұрын) септеулігі белгілі бір амалдың я оқиғаның немесе оқиғаның алдын ала болуын білдіру үшін қолданылады. Bizden önce burada birisi oturmuş (Бізден бұрын мұнда біреу тұрған екен).

Sonra (соң, кейін) септеулігі зат есімге, мезгіл атауларына, есімдіктерге тіркесіп, белгілі бір фактінің соңынан болатын мекендік немесе мезгілдік ұғымды білдіру үшін қыюмет етеді және соң, артынан сөздерімен мағыналас болып келеді. Мысалы: O adamdan sonra biz içeriye girdik (Ол адамнан кейін біз ішке кірдік).

4 Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер (Vasıta halindeki kelimelerden sonra kullanılan son çekim edatları).

İle (бірге, мен, пен), birlikte (қатар). Бұлар өзара мағыналас септеуліктер. Олар белгілі бір іс әрекеттің басқа бір әрекетпен қабаттаса, жарыса жасалуын аңғартады. Мысалы: Автобуспен Істамбулға кеттім (Otobüsle İstanbul'a gittim).

Түрік тілінде тәуелдік жалғауынан кейін келетін төмендегідей септеулік шылаулар да кездеседі. Олар:

- im, -için, -in için;
- ımız, -için, -ınız için;
- im gibi, -in gibi;

-ımız gibi, -ınız gibi. Мысалы: Мұны машина үшін алдым. Bunu arabam için aldım.


Bağlama edatları (Жалғаулық шылаулар). Жәй сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің немесе құрмалас сөйлемге енген жәй сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылатын шылаулардың түріне жалғаулық шылау (Bağlama edatları) дейді.

А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде жалғаулықтарға мынадай анықтама береді: «Жалғаулықтар дербес лексикалық мағыналары дерексіздерген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер. Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздер мен сөзтіркестердің, сөйлемдердің араларындағы әрқилы қатынастарды білдіреді» [5].

Жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жәй сөйлемдерді де өзара байланыстырады және олардың арақатынастарын білдірудің қызметін атқарады. Мысалы: Ол әлсіреп, көзін біраз жұмып жатты да, қайтадан көзін ашты. Ol baygın halde gözlerini biraz kapattı da tekrar gözlerini açtı.

М. Серғалиев: «жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады», – деп жалғаулықтарға түсініктеме бере отырып, төмендегідей жіктейді [6].

Диаграмма 3



Kuvvetlendirme edatları (Демеулік шылаулар)

Демеулік шылау деп өздері тіркесетін сөздерге әр қилы қосымша реңктер жамайтын сөздерді айтамыз. Өз алдына жеке тұрғанда толық лексикалық мағынасы болмаса да, өзге сөздермен тіркесе айтылғанда, өзінің алдындағы сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасын аз да болса дәлелдеп, тиянақтап тұратын шылаулардың бір түрі *демеулік шылаулар (kuvvetlendirme edatları)* деп аталады.

Демеулік шылауларды А. Ысқақов «Қазақ тілі» атты еңбегінде жеті топқа бөліп қарастырған болса, С. М. Исаев демеулік шылауларды негізгі сөзге (сөйлемге) үстейтін мағынасына қарай, алты топқа бөліп қарастырған [7].

1 Soru edatları (сұраулық демеуліктер) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ша, -ше;

2 Kuvvetlendirme edatları (күшейткіш демеуліктер) – ақ, -ау, -өй, -әсіресе, -да, -де, -та, -те.

Күшейткіш демеуліктер төменгідей іштей бөлінеді:

✓ Шектік демеуліктер: -ғана, -қана, -тек, -кейде;

✓ Болжамдық демеуліктер: -мыс (-міс), -кейде (-ау);

✓ Болымсыздық немесе қарсы мәнді салыстыру демеуліктері: -түгіл, -тұрсын, -тұрмақ;

✓ Нақтылау демеуліктері: -қой, -ғой, -ды, -ді, -ты, -ті.

Лексика грамматикалық жағынан демеулік шылаулар: сұраулық, шектік, шақтылық, күшейткіш, болжамдық, болымсыздық демеуліктер болып бөлінеді.

С. Исаев демеуліктерге мынадай анықтама береді [8]: «Демеуліктер мәзге я сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, божамдық, күмән сияқты қосымша мағына үстейді. Бірақ септеулік пен жалғаулықтар сияқты сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстыра алмайды».

И. З. Еюубоглы өз зерттеуінде еңбегінде соңынан келетін шылаулар, бұлар сөздердің, сөйлемдердің соңынан келіп, оларды алдыңғы немесе соңғы сөйлемдермен байланыстырып отыратын шылаулар демеулік шылаулар деп атап көрсеткен [9].

Демеулік шылаулар -dahi,- da, -ise, -ki,- bile, -degil яғни, -ғой, -қой, -қана, -ғана, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ша, -ше, -ақ, -ой, -ау, -ды, -ді. Мысалы: Bu hayat daha kaç yıl devam edecek. (Бұл өмір тағы неше жыл жалғасады). Son fikrimi de söyledim (Соңғы пікірімді де айттым).

Қазақ тіліндегі демеулік шылаулар, яғни сұраулық, нақтылық, күшейткіш шылаулар түрік тілінде өз алдына жеке қарастырылады. Түрік тілінде демеулік шылаулар алдыңғы сөйлемнің мағынасын күшейтіп отырады. Күшейту мәнін беру үшін -da, -de, -dir, -dir (-қой, -ғой, -да, -де) демеулігі зат есіммен, сын есіммен, есімдік және кейбір үстеу сөздермен

тіркесіп, оларға әртүрлі күшейткіш мән үстейді. Мысалы: *Yarın değil bugün de gidebiliriz* (Ертең емес, бүгін де барсақ болады)

Мы можем пронаблюдать, что для синтаксиса языка дипломатии характерны длинные предложения, развернутые периоды с разветвленной союзной связью, с причастными и деепричастными оборотами, инфинитивными конструкциями, вводными и обособленными выражениями.

«Я убежден, что в ближайшие тридцать лет земная цивилизация найдет в себе мудрость и волю разрубить «гордиев узел» войн и конфликтов. В XXI веке центральной задачей человечества должна стать реализация стратегии, навсегда избавляющей мир от угрозы войн как таковых и устраняющей их причины.

I believe that in the next thirty years, our civilization will find the wisdom and will to cut through the Gordian knot of wars and conflicts.

Our central task in the 21st century should be to implement a strategy that would eliminate for good the threat of war and its causes» [7].

«Успех на платформах в Женеве и Астане имеет решающее значение и должен поддерживаться всеми, поскольку спасение невинных жизней в Сирии является моральным императивом для всех нас.

Success in the Geneva and Astana platforms is critical and should be supported by all as saving innocent lives in Syria is a moral imperative for all of us [7].

Нередко предложение состоит из отрезков, каждый из которых выражает законченную мысль, оформлен в виде абзаца, но не отделен от других точкой, а входит формально в структуру одного предложения. Такое синтаксическое строение имеет, например, преамбула (вступительная часть) всеобщей декларации прав человека. Весь длинный фрагмент текста (преамбула) представляет собой одно предложение, в котором абзацами подчеркнуты деепричастные обороты, подчиняющие себе придаточные части.

«Казахстан имеет четкую и последовательную позицию по ближневосточному мирному процессу на основе подхода к решению вопроса двух государств: созданию суверенного, независимого, стабильного и единого государства Палестины, с его столицей в Восточном Иерусалиме, с безопасными и признанными границами и мирно сосуществующем рядом с Израилем.

Kazakhstan has a clear and consistent position on the Middle East Peace Process, based on the two-state solution approach: a sovereign, independent, viable and united State of Palestine, with East Jerusalem as its capital, living within secure and recognized borders, side by side in peace with Israel» [8].

К дипломату-переводчику предъявляются особые требования. Конечно, он должен блестяще знать язык, в случае существования различных диалектов (как, например, в арабском языке) знать их. Когда переводчик знает только литературный арабский язык, но не знает языков различных арабских стран, могут произойти недоразумения, и к переводчику, и к его переводу начинают относиться с определенным недоверием.

Если речь идет, скажем, об английском языке, то переводчик наряду с классическим (оксфордским) языком должен знать и английский-американский, тем более что многие термины, в том числе юридические, в

этих двух языках различаются. С этим пришлось сталкиваться в последнее время в связи с расширившейся практикой заключения так называемых меморандумов понимания.

Конечно, переводчик должен знать идеально тот язык, на который он переводит. Но неправильно полагать, что одно прекрасное знание иностранного языка делает, скажем, дипломата переводчиком.

Переводчик должен хорошо знать дипломатические термины, латинские выражения, касающиеся дипломатии. Он должен быть находчив. Он может встретиться с такими выражениями собеседника, которые и лучшие знатоки языка не сразу смогут перевести, в особенности когда это касается очень сложных вопросов или поговорок, новых словообразований и терминов («россиянин», «процесс пошел»). От переводчика требуется прежде всего точность, близкая к абсолютной.

Служебная переписка, или промышленная корреспонденция, относится к обиходно-деловой разновидности официально-делового стиля. Образцом языка служебной переписки можно считать телеграфный стиль, характеризующийся предельной рациональностью в построении синтаксических конструкций. Не возбраняется здесь и нанизывание падежей, считающееся в других стилях серьезным стилистическим недостатком. Здесь же оно способствует экономии языковых средств, компактности речи. Главная особенность языка служебной переписки - его высокая стандартизованность. Содержание деловых писем очень часто повторяется, так как однотипны многие производственные ситуации. Поэтому естественно одинаковое языковое оформление тех или иных содержательных аспектов делового письма. Для каждого такого аспекта существует определенная синтаксическая модель предложения, имеющая в зависимости от смысловой, стилистической характеристики ряд конкретных речевых вариантов.

Действительно, деловые письма не обязательно должны быть коммерческими, но могут быть, и юридическими, дипломатическими, научными и многими другими официальными письмами. Таким образом, коммерческая переписка является лишь частью, правда довольно внушительной, деловой переписки.

В рамках традиционного (грамматико-переводного) подхода контроль происходит в виде перевода слова с русского языка на английский язык и с английского языка на русский язык. В то время как существует более эффективный метод, способствующий как запоминанию слов, так и развитию навыков общения на иностранном языке [6].

Если вам доведется переписываться с какой-нибудь американской фирмой, то вы не застрахованы от остроумного письма, в котором может быть уместна шутка, интересная цитата, даже анекдот или загадка. Естественно,

подобные «фокусы» исключены в больших официальных документах. Британский стиль, напротив, отличается завидным постоянством, и, можно сказать, что консервативность его не знает границ. До сих пор можно порой встретить в британских деловых письмах клише 18–19 веков, типа:

We would like to acknowledge your esteemed favour as of the 5th day of this month.

Позвольте засвидетельствовать почтение за любезно оказанную нам честь (имеется в виду письмо) от 5 числа сего месяца.

Что на современном английском языке имело бы вид:

We received your letter of 5th May.

Мы получили ваше письмо 5 мая.

В современных деловых письмах вообще, и в коммерческих письмах в частности, приняты следующие клише:

We are pleased to tell you that – Рады сообщить Вам, что

At your request, we sent you – По вашей просьбе мы выслали вам

We have considerable interest in – Мы очень заинтересованы в..

Примерупотребления: *We won't cut corners and employ inexperienced employees. We need top-ranked managers to sell our items.* – Мы не будем экономить во вред и нанимать неопытных работников. Нам нужны высококлассные менеджеры, чтобы продавать наши товары. *A white-collar worker; a blue-collar worker* – офисный работник (белый воротничок); производственный работник (синий воротничок). Дословно – белый воротничок; синий воротничок.

ВЫВОДЫ

В заключении, приходим к выводу, что перевод не может быть осуществлен корректно без использования специальных познаний в соответствующей области, без знания специфики использования дипломатического языка включая международную терминологию конкретного вида документооборота.

Перевод офисной документации считается одним из наиболее сложных видов перевода. Необходимо ориентироваться в мире бизнеса, а также владеть специальной лексикой и знать об особенностях использования иностранной терминологии в контексте мультилингвистики.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 <http://englex.ru/english-idioms-about-business/>
- 2 **Персикова, Т. Н.** Межкультурная коммуникация и корпоративная культура. – М. : ИГ «Логос», 2004. – 288 с.

3 **Гальперин, И. Р.** Стилистика английского языка. / И. Р. Гальперин – М., 1981. – 336 с.

4 <http://www.vestnik.com/issues/98/0609/win/berezh.htm>

5 Андреас Стилиану – Россия в моем сердце (Газета «Вестник Кипра» Выпуск № 595 от 23-02-2007)

6 **Павловская, И. Ю.** Методика преподавания иностранных языков. Обзор современных методик преподавания. – 2-е изд. – Изд-во С. – Петербург Ун-та, 2003.

7 Address by Nursultan Nazarbaev, President of the Republic of Kazakhstan at the opening debate of the 70th session of the UN General Assembly. – New York, September 28, 2015 [Electronic resource]. – kazakhstanunsc.com

8 Address by Mr. Kairat Abdrakhmanov, Minister of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan, the 72nd session of the UN General Assembly. – New York, September 2017. [Electronic resource]. – kazakhstanunsc.com

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

Ж. Т. Бимагамбетова¹, А. Т. Махамбетжан²

Ағылшын тілінің іскери стиль аудармасының тілдік ерекшеліктері

^{1,2}Халықаралық қатынастар факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Zh. Bimagambetova¹, A. Makhambetzhan²

Language features of business style translation in the English language

^{1,2}Faculty of International Relations,
al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 17.09.18.

Бұл мақала ресми бизнес-құжаттардың жазбаша бөлігін аударудың ерекшеліктерін, атап айтқанда, аударма ерекшеліктерін, лингвистикалық білдірудің белгіленген тетіктерін, сөйлеуді құрастырудың белгілі бір формалары мен әдістерін талдау мен талдауды зерттеуге арналған. Мақалада ресми бизнес стилінің тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Ресми бизнес стилі адами қарым-қатынастардың таза іскерлік және өте маңызды салаларына: мемлекеттік билік пен халық арасындағы, елдер арасындағы, кәсіпорындар, ұйымдар, институттар арасындағы, жеке тұлға мен

қоғам арасындағы қарым-қатынасқа қызмет етеді. Бір жағынан, ресми-іскери стиль мазмұны арқылы білдірілген, оның маңыздылығы ескеріле отырып, кезкелген белгісіздіктер мен келіспеушіліктерді алып тастау керек. Екінші жағынан, бұл стиль кейбір немесе бірнеше шектеулі тақырыптармен сипатталады.

The article considers the main features of diplomatic and business translation, their analysis in official and business documentation. In particular, analysis and revealing the established means of using the linguistic international expressions, the development of certain forms and methods of constructing speech. The article deals with the language features of the official business style. The official-business style serves the purely business and extremely important spheres of human relationships: the relationship between state power and the population, between countries, between enterprises, organizations, institutions, between the individual and society. On the one hand, content, expressed with official-business style given its great importance, should exclude any ambiguity and discrepancies. On the other hand, this style is characterized by a certain more or less limited range of topics.

Г. С. Бөкен

Филология және педагогика факультеті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы
e-mail: asya_2309@mail.ru

**МРОЖЕК ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
АУДАРМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Мақалада, XX ғасырда «Абсурд театрының» негізін қалаушылардың бірі, поляк драматургі С. Мрожек шығармаларының орыс тіліне аудару мәселесі қарастырылады. Жазушының «Портрет», «Стриптиз», «Қырымдағы махаббат», «Танго» және т.б. әлемге белгілі драмаларының екінші тілге аудару барысында идеялық, мазмұндық, композициялық-стистикалық, көркемдік жүйесінің өзгеру мәселелері нақты мысалдар негізінде сараланады. Мрожек шығармашылығын зерттеуші бір топ ғалымдардың сыни пікір-қозғарастары зерделенеді. Сонымен қатар, автордың түпнұсқасында берілген тілдік иірімдері әртүрлі нұсқадағы аудармалармен салыстырылып, түпнұсқаға сәйкес келетін нұсқа қоса ұсынылады.

Кілтті сөздер: аударма, театр, драматургия, образ, стиль, түпнұсқа.

КІРІСПЕ

Ресей және поляк елдерінің мәдени әрі тілдік саласында біршама айырмашылықтар бар. Сондықтан мәтіндегі мағыналық, стилистикалық, менталдық ерекшеліктер түпнұсқа мен аударманың арасында көптеген қиындықтар тудыратыны анық. Әлбетте, орыс тілі де, поляк тілі де славян тілдерінің тобына жатады. Дейтұрғанмен, ұлттық менталитет, салт-дәстүр, шекаралық қашықтықтың тілдің дамуы мен қалыптасуына, сөздердің мағыналық жағынан толысуына өзіндік әсерін тигізді. Сол себепті кейде бір тілдегі сөзді екіншісіне аударғанда оның мазмұндық, мағыналық, идеялық жағы дұрыс ұғынылмауы мүмкін.

Славомир Мрожек драматургиясын театр тарапынан қабылдау мәселесін зерттеуде аудармаға тоқталмау мүмкін емес. Орыс театры автордың түпнұсқасынан өзге аударма мәтінмен жұмыс жасағандықтан, ол біршама айырмашылықтарға ие. Сондықтан мәтіннің өзгеріске түсу жолын түпнұсқамен салыстырып зерделеу қажет. Аудармашы мәтінді

тілдік жүйе арқылы аударған кезде, театрдың қажеттіліктеріне міндетті түрде ескереді. Себебі мәтін театрдың объектісі. Интерсемиотикалық аударма лингвистикалық аудармаға тікелей тәуелді. Драматургияны аудару ерекшелігі – оның шектеулі қосымша құралдарды аудармашының пайдалану шеберлігіне байланысты. Себебі драма әдебиеттің бір түрі ретінде, сахнада қойылатын ойынға арналады. Және де театрдың талабы бойынша, өзге тілге аударылған мәтінді актер сахнада еркін, ешбір қиындықсыз жеткізе білуі керек. Яғни аудармашы сахнаның ерекшеліктерін түсініп, оны актерлерше қабылдап, сахна тілінің талаптарын орындай білуі міндетті. Бұл дегеніміз – мәтіндегі әрбір жолды тыныс алу ырғағына сай бөлу, репликалардың қажетті интонацияға түсіру, сөздердің тіркесуі сөздік «құбыжыққа» айналмауын қадағалау және дауыссыз дыбыстарды айту кезінде күлкілі жайттардың туындамауын тану болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тарихи жағынан екі ел қоғамының әр түрлі болуы да тілге ықпал етті. Тілдің даму үдерісі, түрлі хронологиялық жағдайлар мен жаңғыру мен құлдырау кезеңдері де өз әсерін тигізбей қоймады. Тіл – айна іспеттес сол елдің менталитетін танытып, қоғамдық өмір мен тілдік лексиканың тығыз байланысын айқындайды. Сондықтан кейбір аудармаларда белгілі бір халыққа ғана тән, ұлттық ерекшеліктерін көрсететін сөздер сол қалпында сақталады не аз да болса мағыналық жағынан сәйкесетін сөздер қатар беріледі. Мұны тілші-ғалым А. Вежбицкая мәдениетті түсінуге арналған «кілт» сөздер [1] деп атайды. Яғни олар қайсыбір халықтың тыныс-тіршілігінен, таным-түсінігінен хабардар етеді. Ал сөздердің семантикалық жағынан айырмашылықтары мәдени даму деңгейлерін танытады.

Кезінде, «Кейбір нәрселерді шетел тілінде ойлаудың өзі мүмкін емес» деген еді ақын Марина Цветаева. Яғни сол ойлаған «кейбір нәрселерді» (түпнұсқа тілінде) басқа тілге аудару қиындыққа түспейді. Алайда ол енді сол тілдің мағынасына (аударылған мәтін) ие болады. Мұны Мрожек пьесаларының аудармаларынан байқауға болады. Мәселен, «Портрет» пьесасында бір дос екіншісін сатып кетіп, енді оны ар азабы қинайды. Тіпті шизофренияға (есінен ауысады) ұшырайды. Бартодзейдің мәселесі – Елестің пайда болуында емес, оның бойындағы апатиялық сезімнің ұлғайып, өз қылмысы үшін ешбір жазаны қаламауында. Тіпті қаһарман ішкі және сыртқы әлемінің арпалысын сот пен жазаға балап, өзін кінәлі санайды. Бұл, әрине, Мрожек түсінігіндегі дүние. Ал орыс аудармасы әлемнің тілдік бейнесіне негізделгендіктен, басты назар басқа мәселеге аударылады.

Поляк тіліндегі ұғымдарды жете түсінбей, орыс тіліне аудару салу – шығарманың құндылығын азайтады. Пьесаның басында баяндалатын Бартодзей

мен Анатольті сатқындық алдында байланыстыратын қатынастар арнайы талдауды қажет етеді. Ол үшін ең алдымен, әрекет ету үдерісі барысында туындайтын қатынастар қиындығының құрылымын анықтау керек. Пьесасының мәтініне сүйеніп, бұл қаһармандарды бұрыннан қандай «рухани туысқандық» деңгейі байланыстыратынын анықтауға болады. Психиатр қабылдауында қойылған сұрақтарға: «Сіз досыңызға тәуелдісіз бе?» – дегенінде Анатольті: «Ол – досым емес. Ол – шошқа», – дейді. Алайда бұл шағым жасаудан кейінгі қаһармандардың арасында орнаған қарым-қатынастар болатын. Және де Анатольтінің емес, Елестің пікірі. Бірақ, бұл – «ессіздіктің» салдары да болуы мүмкін. Енді бірде Анатольтінің Елесі: «Өзінің жақын досына жала жаба ма?», – деп налу білдіреді. Бартодзей ақталған Анатольтімен кездесуге барарда Октавияға: «Бір-бірімізді бала кезден білеміз. Достарымен түнде сөйлескен жақсы», – дейді. Анатольті сатқындықты білмей тұрып, Бартодзейді «бала кезімнің досы» деп атайды. Екі «достың» еске алу әңгімесіне қарағанда, олар осыдан 15 жыл бұрын бір-бірімен саяси қарқынмен сөйлескен. Ол кезде Анатольті: «Сен мұны маған сол кезде түсіндіргенсің. Мен бұдан құсқым келген. Тапжылмастан сөйлеп, мені көндіргің келген» [2], – деген-ді. Бұл жерден біз «сатқындыққа» дейінгі қарым-қатынасты көреміз. Бір елде, бір уақытта саяси көзқарастары өзгешеленетін екеудің бір-бірімен ашық түрде сөйлесуінің өзі – күмән тудырады. Екеуінің арасындағы осынау сенімділік олардың жақын қарым-қатынас болғандарын танытады. Ол тіпті таныстық пен жолдастықтан да артық. Бартодзейдің ұяттан қиналуы оның бойындағы достық сезімінің барын көрсетеді. Яғни саналы түрде өзінің жақын досын сатқандығын ұғынады.

А. Вежбицкаяның [1] зерттеулеріне сүйене отырып, «достық» сөзінің поляктар мен орыстар түсінігіндегі мәнін және өзара сәйкес келуін қарастырсақ. Вежбицкаяның жүргізген анализіне сай, достық моделінің әр тілде ұғыну айырмашылығын байыптауға болады. Орыс және поляк түсінігіндегі «достық» ағылшын тіліндегі «friend» немесе австриядағы «mate» сөздеріне қарағанда жақынырақ. Бұл айырмашылық – «өзара көмек көрсету» мағынасына негізделеді. «Przyaciel» орыс тіліндегі «дос» сөзіне қарағанда, міндетті түрде «өзара көмек көрсету» ұғымын білдірмейді. Бұл, әрине, поляктардың достарынан көмек күтпейді немесе қиналғанда өз көмегін ұсынбайды деген сөз емес. Себебі біреуге қол үшін беру бұл – қарым-қатынастың нәтижесі, бірақ оның негізі емес.

«Портретте» достық түсінігінің негізі «сатқындық» призмасынан қарастырылады. Себебі, орыс тіліндегі «достық» поляктікіне қарағанда, неғұрлым жақын әрі маңызды қатынастарды анықтайды. Бұл қатынастардың үзілуі, дос сатқындығы – ең сорақы, кінәлауға лайық сұмдық болып саналады. Бартодзей өз қылмысын мойындап, жазалануын қалайды. Алдымен Елестен талап етіп: «Өтінемін, кәне, ұр мені, тала, қина. Сол үшін сен мұндасың», – десе, кейін

Анатольтіге: «Мені соттауыңды, өтінемін», – дейді. «Osądzić» етістігі орыс тіліне «соттау» мағынасында аударылады (диалогтың кейінгі бөлігінде кездесетін «жаза» сөзі бұл – белгілі бір жаза (шешім) шығаратын мекеменің түсінігі ретінде қабылданады). Поляктің «Osądzić» сөзі екі мағынада қолданылады. Аксенованың аудармасында, Бартодзейдің ақталуы, сотқа берілу ретінде көрінеді: «Сен мені соттағаныңды қалаймын». Анатольтінің ұсынысы мен Бартодзейдің кекті немқұрайлы қабылдауы – заң түрінде әділдіктің орнауынан гөрі, кекке кек қайтаруына ұқсас. Мрожек бойынша, Бартодзейдің жазасы – жазаланбайтын жаза, ол қылмыс жасағаны үшін сыртқы және ішкі әлемінің мәңгілік күресінен тұрады. Ішкі және сыртқы оппозиция әрекет үстінде көрінеді. Не жасалса да, шынайы жасалуы керек. Жасаған қылмысы үшін ар азабы оны босатпайды. Себебі, ар портреті – іште, ішкі жандүниеде. Одан құтылатын жол жоқ.

Анатольті: «Сен үнемі сыртқы, дайын дүниені қажет ететіңсің. Мейлі ол киім болса да, киюге даяр болуы керек. Үстіңе кисең, болды. Сол кезде бірден жадырап қоя беретіңсің. Өзің тіге алмайсың. Балкім, саған бірдеңе жетпеген болар? Бір мүшең кем бе еді? Балкім, саған протез керек пе еді? Егер идея болмаса, мансап немесе идеялы мансапты қалайтынсың» [2], – деуінен, Бартодзейдің қоғамнан оқшауланған, идея үшін өзінің қалыпты өмірін құрбан еткен, ішкі және сыртқы әлемнің арпалысынан жаралған тұлға ретінде елестетеміз. Әрине, бұл бір жағынан, екі қаһарманға ғана қатысты. Анатольтіде Бартодзейдің екіұшты әлемі (дилемма) жоқ, оның ішкі жандүниесі еркін, сыртқы болмысы шектеулі, сал кейпінде. Бартодзей болса, физикалық жағынан, еш шектеусіз, бірақ ішкі әлемінің тұтқыны. Бартодзей: «Менде де бір жалғыздық бар. Шағын гана, өзімнің жеке жалғыздығым. Сонда отырамын, ал өмір мені жағалай өтіп жатады. Жастайымнан сол жалғыздықтан шығып, басқаларға қосылғым келген. Алайда жалғыздықтың аты – жалғыздық, ол бәрінен шектейді. Сырттан кіргізбейді, іштен шығармайды» [2]. Бартодзейдің сыртқы және ішкі әлемді байланыстыратын көпірді іздеу ойы мен әрекеті – терең психологиялық талпынысты танытады. Бұл мәтіндегі дос сатқындығы тек екі әлем арасындағы қатынас құралы ғана. Адал достың кегі мұндай қатынастың барын әрі мүмкін болуын дәлелдейді. Алайда, ішкі жандүниемізден басқа, ешқандай артық әлемдер жоқ. Егерде достық уақыт сынына төттеп бермей, ішкі жандүние қабырғасындағы адалдық «портретін» алуға тура келсе, оның мүлде болмағаны деген сөз. Бұл екі қаһарманға да қатысты жайт. Себебі, әрқайсысы портретке негізделіп, өз әлемін құраған. Құрбан болған Анатольтінің сан-қилы тағдырына қарап, оның да сүттен ақ, судан таза болмағына күә боламыз. Анатольті – жастығы күреспен, батылдық көрсететін уақыты – абақтыда, конформизмнің күмәнді ұранының астында өткен екіапталық «шынайы» өмірі мен өмірінің соңы – Бартодзейдің (жауы? досы? арандатушы?) қамқорлығында, ажалына дейін «өсімдік» іспеттес сал атанған бақытсыз қаһарман. Мрожектің бір қарағанда, мадақтауға лайық, жағымды

кейіпкеріне деген қатыгездігін, автордың негізгі ойын Анатольдің келесі ойы арқылы ұғынамыз:

«[...] Ол – бізде, менікі сияқты сенде де бар. Екеуміз де оның ісіміз. Оң не сол болсын, еш айырмашылық жоқ. Біз жақтадық па, даттадық па, бәрібір онымен бірге болдық. Бірақ әрдайым ол арқылы, ол біздің барлық ісіміздің ортасында болды. Енді не болғанын білгің келе ме? Ол ешқайда кетпеді, ол қалды. Енді ол сенде де, менде де». Сондықтан Бартодзейдің Октавияға айтқан пікірін ұғына түсуіміз керек. Мұны сал Анатольді күту қамқорлығының қиындықтарынан құтылу үшін өзін ақтау мәселесінен пайымдаймыз: *«Бартодзей: Мен де ол секілді аурумын.../ Октавия: Өзіңді онымен салыстыруға қалай дәтің барады? Оның жағдайы мен сенікі жер мен көктей зой?/Бартодзей: Бұл салыстыру емес. Бұл – дәл өзі»* [2]. Көп кешікпей, Октавия да Бартодзейдің өзіндік диагнозын мақұлдап, оны «мумия» қалпынан шығарып, оның «түсіне» шағымдана бастайды: *«Октавия: Алғашқыда оның қандай екенін біліп едім. Бірақ, оны тірі деп ойлады. Ол тек ұйықтап жатыр. Оны бірдеңе ұйықтатып тастады. Ол менің қасымда оянып, тіріліп, қайтадан адам болады деуші ем».*

Бартодзей тек «іштей» тіршілік етуде. Ішкі жандүниесіне енгені сонша, ешқандай тірліктің сыртқы белгілерін көрсетпейді. Ал Анатоль тіршіліктің белгісін тек «ішкі дүниесі», «мені» арқылы бере алатын, шектеулі, сал адам.

«Бартодзей: [...] Енді бәрі тәртіпке түсті, бәрі тәртіп бойынша зой, иә? Ал, ішкі әлемде [...] Барлық жерде бірдей./Октавия: Бірақ сенің, ішінде.../ Бартодзей: Бұл да солай, бәрі іште, ал іште бұл – барлық жерде деген сөз./ Октавия: О, Жаратушы. Ол тағы да/Бартодзей: Тағы да солай/Октавия: Не тағы да?/Бартодзей: Тағы да – іште» [2].

Зерттеуші Ян Блонский: *«Бұл күнге дейін дәл Мрожектей ешкім де Сталин заманының ұрпақтарын ішкі жандүниесін көрсету арқылы сипаттамаған болар. Бұл ішкі жандүниенің бос болуына байланысты шығар?»* [3, 208] Пьесаның жұмбақ күйінде аяқталуы да өз оқырманын толғандырады. Бартодзей – кешірім алып, Анатоль – қорғауға алынғаны ма? Немесе бұл – еш қиялсыз, мағынасыз «ішкі жан дүниенің» ғана тірлігіне құралған трагедиялық күй ме? Ішкі жандүниенің қаңырап бос жатуы, сол бос орынды қабырғадағы портреттің толтырып, кейін оның да алынып тасталуын көрсететін – шарасыздық (пьесаның соңында іші бос екі қуыршақты көреміз) хаус, абсурд па? [4, 269].

Мрожек «Портретінде» ішкі жалғыздық бас кейпінде көрінеді. «Сенің басында әрдайым сол нәрсе және тағы да бірдеңе бар. Кім біледі, тағы не барын? Құдай ғана, білетін шығар?» Немесе, «Эгоға» («менге») арналған «контейнер» («жинағыш») тәнің шығар (салдыққа ұшыраған Анатоль). Орыс аудармасындағы «жан» лексемасы түпнұсқада кездеспейді. Орыс мәдениетіндегі «жан» сөзі адам болмысы мен өзегі ретінде қарастырылып, моралдық және эмоционалды өмірдің мәні ішкі театрға іспетті бейнеленеді. «Жан» сөзінің қолданылуы пьесаның

идеясынан-ақ белгілі. Негізінен, орыс халқының танымына сәйкес, «ішкі әлем» айтылған жерде, міндетті түрде «жан» сөзі де қатар қолданылады. Алайда бұл жаңа лексема шығарманың құрылымын өзгертіп жібереді: қарама-қарсылық: ішкі-сыртқы антонимдері әлем-жан сөздерімен алмастырылады. Бартодзей – ішкі әлем жалғыздығының тұтқыны. Ол кешірім мен жазаны іздейді. Орыс Бартодзейінің жазасы – жандүниенің қасірет шегуі. Себебі, поляк «Портретінде» жаза – ішкі және сыртқы арпалыс шеңберінде туындайды.

Бартодзейдің «ішінде» – Бартодзейдің толық өзі (тәні мен жаны бірге). Ішкі-сыртқы әлем шекарасын тәнің сыртқы қабатымен өлшенеді. Әсіресе, бұл сал болған Анатоль бойынан айқын көрінеді. А.Вежбицкаяның айтуынша, орыс мәдениетіндегі «жан» бұл – екі бөліктің бірі. Тәннен бөлек адам (көрінбейтін бөлігі). «Жан» сонымен бірге, ішкі рухтың сахнасы іспетті. Онда жансыз әлемде болып жатқан дүниелер баяндалады. Сезімдердің құпия мінезі ұялаған жанның табиғаты – терең әрі нәзік болып келеді. Жанмен астасқан сезімдер екі жақты болуы керек. Яғни ол – көзге көрінбейді және оны тек адамдар ғана сезе алуы қажет (жануарлар емес). Бартодзей кешкен «ішкі өмір» орыс оқырманының түсінігінде позитивті реңкке ие. Қалыптасқан жағдайға қаһармандар емес, дәуір не ішкі-сыртқы әлемнің қарама-қайшылығы жауапты делінеді. Ал Мрожекте әрбір әрекет – адамның болмысы мен ішкі әлеміне тәуелді делінеді.

Мрожектің «Жазғы күн» пьесасын «тағдыр» деген кілт сөзі ашады. Ян Блонскийдің пайымдауынша, Мрожек қолынан «бәрі келетін не ештеңе келмейтін» адамның кейпін жасауға тырысқан. Зерттеуші А. Вежбицкая «Тағдыр және жазмыш» мақаласында поляк тіліндегі «los» пен орыс тіліндегі «тағдыр» сөздерінің сәйкес-сәйкессіздігі туралы өзіндік пікірін білдірген. Л. Бухованың аудармасында «los» сөзіне сәйкес келетін «тағдыр» баламасын қолданған. Дегенмен, орыс танымында, бұл сөздің семантикасына басқаша ден қойылады. Орыстың Жолы болғышы мен Жолы болмағышы Мрожектікінен өзгеше. Сәйкесінше, поляктар да жазмышқа сену фатализмді мен тағдырға мойынұсынуы әрекеттерімен ерекшеленді. Жолы болғыштың өзіне деген сенімділігі тағдырына қарсы шығып, оны өзгертуге итермелейді. Мұның бәрін поляк көрермендері қабылдайды. Ал орыс мәдениеті мұны теріс әрекетке балап, тіпті жазалануын қалайды. Сол сияқты Мрожектің «Ойын» пьесасының негізгі түйіні атауымен сәйкеседі. Ал зерттеуші Кристина Писаркова аталған пьесаның неміс тіліндегі аудармасын зерделей келіп, ондағы поляк сөзі «zabawie» (түпнұсқа) сол қалпында қолданылып, сөздің мағынасы дәл аударылғанын тілге тиек етеді. Кейбір орыс аудармаларында (Дж. Вишневий) ғана «забава» («ермек») сөзі болып аударылған. Дегенмен, кейінгі аудармаларда «ойын» деп аударылады. Себебі, пьесадағы кейіпкерлер ермекті емес, мереке мен ойын-сауықты іздейді.

Поляк тіліндегі сыпайылық пен түрлі лауазымдарға арналған сөздерді аударуда барысында екі тіл арасында конфронтация туындайды. Сыпайылық бұл – поляк зайырлы қоғамындағы ең басты мәселе. Ол – әр түрлі сыпайылық тіркестерінен, сыпайылық есімдіктерінен және есімдерден тұрады. Бұл, әрине, аудармашыға үлкен қиындықтар туғызады. Бүгінгі таңда поляк халқында жиі кездесетін пан, пани (сыпайылық ұғымдарын білдіреді) сөздері ақсүйектер этикасынан бастау алады. Бұл жөнінде, тарихшы Норман Давис: «Бағзы заманнан бері ақсүйектер әулетінің мүшелері бір-біріне пан, пани сыйластық ұғымдарын қолданған. Қазіргі кезде бұл қаратпа сөз ретінде қолданылып жүр. Екі жүз жыл бұрын ақсүйектердің әулеті ойрандалғанымен, олардан тараған ұрпақ әлі күнге дейін өздерін құрметті ақсүйектер қатарына жатқызып, пан, пани деп атауларын міндеттейді» [5]. Ал орыс тіліндегі көптеген тарихи негіздері бар сыйластық ұғымдары бүгінде қолданыста жоқ. Дегенмен, «пан» мен «панидің» баламасы іспетті – «мырза», «ханым» сияқты тарихи сөздер «жолдас» сөзімен алмастырылғанымен, кейін ресми хаттамаларға қайта оралады. БАҚ пен телевидения, ірі халықаралық байланыстары бар бизнес орталықтары ескі әрі жаңа «мырза» («ханым») сөзін әлі де сыпайылық ұғымы ретінде пайдаланады. Ал қарапайым қарым-қатынас жасауда таныс жанға аты-жөні немесе бейтаныс адамға сен, сіз қаратпалары қолданылады.

Бірі – достық қатынасты (сен/ты), екіншісі – жас не лауазымдық қашықты (сіз/вы) көрсетеді. Дейтұрғанмен, орыс тіліндегі «Сіз» сөзі поляктың «пан», «пани» ұғымдарына сәйкес келмейді. Себебі, ол тек қашықтықты (жас шамасына қатысты *айырмашылықты*) ғана танытады, сыйлау формасына жатпайды. Бұл орайда, тілші-ғалым А. Вежбицкая: «Орыс тіліндегі «Сіз» сөзі: «сен» және поляктың «пан», «пани» формалары арқылы екі қайшылық туғызады. Себебі, ол не «мырза» я «жолдас» сөздерімен тіркесіп те келе береді. Сондықтан поляк тілінен аударма жасаушы «пан» сөзінің мәтіндегі ситуациялық жағдайда кездесуіне орай топшылайды.

Мрожектің тек екі пьесасында («Эмигранттар» және «Келісімшарт») ғана мұндай қиындықтарға тап болмайды. «Эмигранттардағы» қаһармандар бір-біріне «сен» десе, «Келісімшарттағы» Магнус Мориске – «сен», Морис Магнусқа – «месье» дейді [6, 4]. Аудармашы «Қырымдағы махаббат» пьесасының алғашқы бөлігінде «мырза» сөзін, екіншісінде (төңкерістен кейін) «жолдас» сөзін «пани» ұғымына балама ретінде шебер алмастырған. Сол сияқты «Стриптизді» аударушылар екі түрлі сыпайылық формасын қолданады. Л. Бухова пьесадағы қаһармандар бір-бірімен достық қарым-қатынаста болмағандықтан, олардың екеуара сұхбатында «пан» сөзін «мырза», алып қолға – «Сіз» формасын алуды жөн көрген. Ал З. Шаталова болса, «пан» сөзін түпнұсқа күйінде қалдырады. Алайда, пьесаның толық

аудармасын оқи отырып, бұл әрекетінің қате екенін байқаймыз [7, 11]. Аудармашы бұл қателігін «Карольді» аудару кезінде де қайталайды.

Мрожектің «Каролин» аударған В. Бурич пен М. Павлова «пан» сөзін – «мырза» сөзіне алмастырады. Бірақ, бұл қате шешім болатын. Себебі, пьесаның уақыты революцияға дейін не кеңестік кезеңнен кейінгі дәуірмен өлшенеді. «Мырза» сөзінің пьесаға енгізілуі, шығарманың әмбебаптылығын жояды. Пьесада өтетін оқиғаның географиялық орны, өтіп жатқан уақытпен сәйкессіздігі сөзіміздің дәлелі. В. Бурич пен М. Павлова аудармасында, немересі атасына – «сен» қараптап сөзін қолданады. Бұл, бізді отбасыдағы сыйластық пен тәрбие деңгейінен хабардар еді. Яғни біз бұл жерде немересінің өзінен екі буын үлкен атасына сыйластық танытпағанын ұғамыз. Дейтұрғанмен, пьесаның мына бір тұсында: *«Wnuk: Posluchaj pan. Ze pan jesteś Karol, to inna sprawa» (түпнұсқада).* /«Немересі: Тыңдаңызшы, Сіз Карольсіз бұл түсінікті нәрсе» (ауд. Шаталова). /«Немере: Тыңдаңызшы, Сіз Карольсіз, бұл шешілген нәрсе» (Бурич-Павлова). Яғни бұл жерде біз немеренің бейтаныс көз дәрігерге сыпайылық танытып «Сіз» сөзін қолданғанын байқаймыз. Егерде біз немеренің атасына тәрбиесіздік танытып, анайы түрде «сен» десе, бұл ретте керісінше, өзін өнегелі әулеттің өкілі екенін танытады. Немеренің бірде өнегелі, бірде көргенсіз болуы мүмкін емес. Сәйкессіздік. Өлбетте, мұның бәрі аударманың қателігіне саяды.

Мрожектің «Сиқырлы түн» пьесасындағы кейіпкерлердің бір-біріне «kollega» (бұл сөздің басқа тілде баламасы жоқ. Бұл лауазым атауы) деп сыпайылық көрсетуін, аудармашылар «әріптес» баламасына алмастырады. Шындығында, орыс тіліндегі «әріптес» сөзі тек белгілі бір мекемеде жұмыс жасайтын (әсіресе, дәрігерлер) қызметкерлер арасында жиі қолданысқа ие. Зерттеуші А. Вежбицкая ағылшын-орыс-поляк тілдеріндегі семантикалық категорияларды зерделей келе, «kollega» сөзінің кең мағынасында, білім алушыларға, әскерилерге, кәсіби зиялы қауым өкілдеріне қатысқан «kollega»-ты қолданылады дейді. Поляк танымындағы бұл бірегей түсінік жалпы дәрежені, тендікті, поляк ақсүйектері кодексінің дәстүрлі құндылықтарды жүзеге асыратын мағынаны білдіреді. Сондықтан да поляк мәдениетін жете зерделемеген аудармашы, дайын күйіндегі «kollega» сөзін калькалау әдісімен пайдаланған. Аудару барысындағы ендігі бір қателіктерді Мрожектің атақты «Тангоын» байқаймыз. Негізінен, Мрожек пьесаларында отбасылық қарым-қатынастар жүйесіне жете назар аударады. Әулет ұрпақтарының жас ерекшеліктерін ескере отырып, аға буынның іні буынға «сен» деуі, ал іні буынның керісінше, «сіз» сыпайылық формасын қолдануын қатаң ұстанған. Үш ұрпаққа жалғасқан әулетте, бір буын деңгейінде кішілерге «сен», ал олардың тиісінше, үлкендерге «сіз» делінуі түсінікті. Ал жастары шамалас, тетелестер (мәселен, Артур мен Аля) бір-біріне «сен» деп келуі заңды.

Дейтұрғанмен, орыс аудармасында Мрожектің осынау сыпайылық жүйесі хаосқа ұшырайды. Мәселен, пьесадағы Артур әке-шешесіне «сен»

десе, ата-әжесіне «сіз» сөзін қолданады. Ал Аля Артурдың анасына «сіз» деп сыпайылық танытса, Алямен жас шамасалас Артур анасына «сен» дейді (Мрожек отбасыдағы қандай қарым-қатынас орнаса да, үлкендерге «сіз» қаратпасын қолданған). Стомил (ата-аналар буыны) ағасына «сіз» деп қарата сөйлейді: «Аға, маған қолдау білдіріңізші, өтінемін». Алайда, Элеонора (Стомилдің жұбайы) әжесіне «сен» дейді: «Апа, бұл бір астыртын әрекет. Сенің ағаң гангстер» немесе, Евгений ағаға: «Сен өз буыныңның шегісің». Мрожек түпнұсқасындағы қарым-қатынас жасау жүйесін бұзу арқылы аудармашылар жалпы пьесаның көркемдік құндылығын төмендеткен. Мұндай қателіктер аудармашылардың кәсіби деңгейінің төмендеуіне я болмаса, абсурд драмасының сәйкессіздіктерге құрылуы мүмкін деген ойлардан туындауы да әбден мүмкін.

Мария Войтак пен Ян Блонский Мрожек шығармашылығын зерттей келіп, автор драмаларындағы стилизация аудармашыларға біршама қиындықтар туғызатындығын тілге тиек етеді. Әр түрлі көркемдік шарттар мен әдебиеттен тыс тілдік амалдардың қолданысы, әдеби құбылтулардың әсерлігі, пародиямен ұштасқан стильдердің полифониясы Мрожек драмаларының құндылығын арттыра түскен. Кристина Писаркова поляк драматургінің шығармашылығын зерделей отырып: «Мрожек өзге мәтіндерде кездескен грамматикалық, лексикалық, фразеологиялық элементтерді пайдаланады. Бұл элементтер оның жұмыстарында шынайылығы мен өзектілігін жоғалтып, мұның бәрі шартты қосымша құндылықтарға алмасады. Олар аллюзия мен дәйексөз ретінде қолданылады. Анахронизм ретінде белгілі бір дәуірдің бейнесін, поляк әдебиетінің реңкін сипаттайды» [8], – дейді. Сондықтан аудару барысында түпнұсқадағы мәтінаралық ойды жеткізу мүмкін емес. Мрожек шығармаларындағы стилистикалық жағдайдың пародиялық сипаты аударуды қиындата түскен. Себебі, стилистикалық үлгілердің (поляк романтикалық поэзиясы, XIX ғасырдағы проза, Жас Польшаның әдебиеті) өзі орыс аудармашыларының мәдени компетенциясынан тыс нәрселер.

Мрожектің «Портрет» пен «Қырымдағы махаббат» пьесаларында өзге пьесалардан алынған дәйексөздер көп кездесетіндіктен, аудару барысында олар түрлі құрылымдық-стилистикалық өзгерістерге тап болады. «Портретте» Милоштың «Әрекеттер рухы» мен «Жазық» өлеңдерін Бартодзей оқиды. Сондықтан Мрожек өлең мәтінін қоса берген болатын. Алайда бұл поэзия орыс аудармасында прозаға түрінде қате ұсынылады. Немесе, аталған пьесаның түпнұсқасындағы Бартодзей мен Октавияның диалогы барысында түрлі ән шумақтарымен алмасуын кейінгі аудармашылар бере алмаған. Поляк көрерменіне өлең мәтініндегі пафостық күй үйреншікті болса, аудармашыларға жат болып көрініп, өлең жолдарын калькалау әдісімен ғана ұсынған.

Жалпы романтикалық поэзия поляк халық эссесінің қалыптасуында орасан роль атқарған. Мрожек «Портретінің» прологында А. Мицкевичтің «Дзяды» поэмасынан алынған «ұлы импровизацияларды» сәтті пайдаланған. Халық аңызын қолдана отырып, сахнаны жандандыра түседі. Мәтінаралық астарлы оймен портретке бағытталған монолог, шындығында Жаратушыға арналады. Мұны автор Бартодзейдің толғамды ойынан аңғартады. Ал орыс аудармасында Бартодзейдің «ұлы импровизациясы» жансыз портрет пен қаһарманның сандырақ (ессіз) сұхбаттына жатқызылады. «Гарбустағы» барон «Әдемілік пен ұсқынсыздық» балладасын еске алып, қызғаныштан азап шеккен сұлу Онкиге Гарбустың жиеркенішті әрі ұсқынсыз болу мүмкіндігін тілге тиек еткен. Ал орыс аудармасында бұл «Сұлу мен жыртқыш» туралы баллада айналған.

«Қырымдағы махаббат» пьесасының өне бойы мәтінаралық астарлы ойға құрылған. Пьесадағы Ұлы Екатерина патшайым мен Лениннің көрінуі – орыс тарихындағы патшалық – пролетариат диктатурасының қарама-қайшылықтарын еске түсіреді. «Қырымдағы махаббатта» Чехов пьесасының мотивтері, құрылымдық негіздері, қаһармандары, ашық және жасырын түрдегі дәйексөздері толығымен кездеседі. Чехов пьесалары сияқты «Қырымдағы махаббатта» да қаһармандар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастар, оларды туу мен қалыптасуы туралы пайымдаулар көрермендерге ұсынылған. Чехов пьесасындағы алдамшы, сыртқы реализм мен Станиславскийдің жасаған театрлық дәстүрі, автор идеясына қайшы сахнада комедиядан трагедияны тудырған. Көрермен санасынан жалпы комизм мен оған белгілерді ұмыттырып, трагедиялық реңк қосқан. Мұны Мрожек пьесаларының түпнұсқадан аудармаға айналуы кезінде де байқауға болады. Кезінде Дж. Л. Тиан: «Чеховтың сахналық шеберлігі – оның әсірелеуінде емес, ирониялық тұспалында жатыр», – деген болатын [9, 107]. Бұл саликалы пікірді Мрожекке қатысты да айта аламыз. Бұл жайт «Танго», «Жазғы күн», «Қырымдағы махаббат» пьесаларынан көрінеді.

Әсіресе, тағдырдың өзгермейтін жазмыштығы, әлденеге сағыныш пен өтпелі сезім, армандау мен оған жету жолындағы әрекетсіздік мәселелері Мрожекте пародиясына айналады. Сол сияқты «Тангодағы» Артурдың монологтары Чеховтың «Шағаласындағы» Треплевтың сөздеріне ұқсайды. «Келісімшарттағы» Мористің әріптесін қорлауы «Үш әпкедегі» Тұздалғанды еске түсіреді. «Гарбустағы» студент пен Барон жұбайының диалогы «Шие бағының» үшінші актісіндегі Раневская мен Петя Трафимовтың әңгімелеріне ұқсас болып келеді. Негізінен, Мрожектің астарлы әзілін аударушылар оның құрылымдық-семантикалық жүйесін жете түсінбей, тілдік норманың талаптарына сай өзгеріске түсіріп, ирониялық мәнін жойып алып жүр. Қате аударманың салдарынан мәтіндегі парадокстік фразеологиялық

салғастырулар, құрама архаизмдер, комизмдік неологизмдер, диалектік реңкі бар сөздер жете игерілмей, комизмнің әсері солғын тартады.

Мәселен, «Эмигранттардағы» «нормаға» сай түзетулерді байқауға болады:

Түпнұсқада: «AA – Słysz, kiedy się nawadniają i kanalizują. Kiedy się wentylują, wydalają i rozmrażają się» [2].

Аударма (ауд. Л. Бухова): «AA – Суды толтырғанды және түсіргенді естіп тұрмын. Салқындатылғанда, босатылғанда және көбейтілгенде».

Дұрысы: «Судың және канализацияның дыбысын естіп тұрмын. Желдетіліп, босатылып және көбейтіліп».

Кейбір «біртүрлі» сөз құрылымдарын түзеткен кезде, мәтіндегі ой да біршама өзгеріске түседі, басқаша қабылданады. Мәселен, «Тангодағы» Евгения әжейдің Артурдың дүниеге келуінің өзі ақымақтық деп айта келе: «Бұл есі ауысқан Стомил зой, оны не үшін тұғыздың? Не деген ақымақтық!», – десе, Стомил де туу мәселесіне орай: «Бұл бәріне белгілі рәсімнің жанама әсері. Мұны білмейтініңіздей, Ана!», – деп жауап беріледі түпнұсқада. Ал орыс аудармасында Евгений әжей дәл Артурды неге өмірге әкелгеніне налиды. Стомил де: «Сіз оны білмейтіндей» деуі Артурды дүниеге әкелу мәселесіне емес, нақты Артурдың өзіне қатысты айтылғандай әсер қалдырады.

Немесе, «Ойында»: «*B Nie grają, bo zagrają. Jakby grali, toby nie mogli zagrać» [2]. Аудармасы: «Тегіс еместі тегістеу – бұл міндет, одан бас тарта алмаймыз». Орыс аудармасында: «В Теңсіздікті жою – сіздің парызыңыз одан бас тарта алмайсыз». Мұндағы қате аударма автор ойын мүлде өзгертіп жіберген және қалыптасқан жағдатқа басқа реңк береді.*

Немесе, «Эмигранттарда»:

Түпнұсқада: «AA – A czy nigdy nie myślałeś o tym, żeby myśleć więcej?»

XX – Myśleć o myśleniu?» [2]. Аудармасы: «AA – Ал сен ешқашан ойламадың ба, көбірек ойлау үшін?/XX – Ойлағанды ойлау?».

Орыс аудармасында: «AA – Ал сен ешқашан ойламадың ба, көбірек ойлау үшін?/XX – Ойлау үшін ойлауды?».

Немесе, «Гарбуста»:

Түпнұсқада: «Student w mundurze studenta, dwudziestoparoletni» [2].

Аудармасы: «Студенттің мундиріндегі студент, 22 жасар».

Орыс аудармасы: «Студент киіміндегі жас». Сол сияқты, «Портретте» де аудармашы Бартодзей мен Октавияның диалогында қолданылған «иконаны» «портрет» сөзіне ауыстырған.

Жалпы Мрожек абсурд театрының өкілі болғандықтан, тиісінше аудармашылар қаламгер шығармашылығын сол призмамен өлшейді. Дегенмен, орыс аудармасындағы кейбір сөйлемдер абсурдтан гөрі, ессіздікке жақын. Мәселен, Мрожектің «Каролінде» автордың отбасыдағы өзгеше бала тіркесін аудармашылар «некесіз туған бала» деп қате аударады.

Түпнұсқада: «Ол сізді ерекше ақымақ әрі зинақорсыз деді. Сіз отбасыңыздағы өзгеше өскін екенсіз». Орыс аудармасы: «Ол сізді ерекше ақымақ, зинақор әрі некесіз туған деді».

Немесе, «Тангодағы» Стомилдің «байыбына керек» сөзі орыс нұсқасында «кальсон» (ерлердің іштен киетін жеңіл шалбары) деп аударылған. «Кальсон» сөзінің мағынасын біле тұра, пьесада аудармашы оны орынсыз қолданады.

Түпнұсқада: «Егер бәстесетін болсақ, оның байыбына бару керек» [2].

Орыс аудармасында: «Егер де пікірталасуға тура келсе, кальсонға дейін жету керек».

«Портреттегі» Анатолийдің өзін сатып кеткендердің әрекетін пайымдауында да аудармашылар қате жіберген.

Түпнұсқада: «Маған «жозары айып» таққандар өз алдына дұрыс жасаған шығар. Мен оларға ренжігем жоқ және ешқандай мейірімділік күтпегем» [2]. Орыс аудармасында: «Маған «жозары айып» бергендер де өз алдына дұрыс жасаған шығар. Мен оларға ренжігем жоқ және ешқандай алғыс күткем жоқ».

Белгілі бір аударылатын мәтіннің фрагменттерінен-ақ, аудармашының мәтінге енгізетін өзгеріс себептері оның белгілі бір ортада не жағдайда қабылдануына байланысты екенін көруге болады. Сонымен қатар аудармашы пьесаға қосымша пікір қалдыруы мүмкін. Ал бұл пікірлер қойылым барысында қажетсіз болып қалады. Сондықтан Мрожек шығармашылығына талдау жасағанда аудармашының әрекетін ескермеуге болмайды. Және аудармашы оқырманның талғамын түсіне білуі керек. Бұл дегеніміз, аударманың талдануы екідүркін тексеру үрдісінен өтеді. Алғашқысы, поляк (түпнұсқадағы) тіліндегі мәтіннің семантикалық не прагматикалық деңгейде қабылдануы немесе автор мен оқырман арасындағы қатынастың иеологиялық мақсатына тікелей байланысты болады. Алайда Мрожек поляктардан басқа да, еуропалық оқырмандарға арналған пьесаларында олардың мәдени қабылдау ерекшеліктерін ескермеген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Батыс абсурд театрының кешеуілдеп келуі орыс драматургиясын игеруде біршама қиындықтар әкелді. Себебі кей қойылымдарды қою барысында әлемдік театр жетістіктері мен тәжірибелерін жете меңгеру қажеттілі артты. Сондықтан посткестік театр репертуарларының афишаларында орыс классиктерімен қатар шетел абсурдистерінің пьесаларының жариялануы біртүрлі жағдай тудыратын. Яғни театр афишаларында Чехов пен Островский есімдері Беккет, мрожек және Миллермен астасты. Мұнымен қоса, Н. Колада, Н. Садур, Л. Петрушевкая және т.б. жұмыстары сахнадан көрінді. Ал Польшадағы жағдай мүлде басқаша еді. Ондағы бай театрлық репертуар көрерменнің абсурд пьесаларын

кабылдауына орасан зор мүмкіндік берді. Дейтұрғанмен, Мрожектің кейбір пьесаларын сахналауда көп ұқсастықтар кездесті. Бұл бір жағынан дәстүрге адалдықты танытса, екінші жағынан көрерменнің қойылымды алдын-ала білуі одан жалығуына әкелді. Мәселен, Мрожекті қойылса, демек күлкілі қойылым болады деген ой туады. Дегенмен, кей режиссерлер белгілі бір авторды сыйлап, оның идеясына сай сахналағанмен, көрермен өзі қабылдап, таным-түсінігіне орай көргісі келетін көре алатын. Мрожекті қабылдауда түрлі факторлар да әсер етті. Ол хронологиялық жағынан кешігу, поляк театрының контексті, драматургиядағы ерекшеліктер, көрерменнің менталдық қабылдауы, сыни және танымдық көзқарастары ықпалы етті.

Сайып келгенде, әрбір тілдің өзіндік белгілері мен формалары, құрылымдық ерекшеліктері бар. Аударманың түпнұсқаға сай жасалмауы, жалпы кез келген шығарманың мазмұндық, құрылымдық-семантикалық, идеялық-танымдық, стилистикалық өзгерістерге ұшырауына әкелді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Wierybicka, A.** Ponimanie kultur czeriez posredstwo kluczewych slow, [w:] Siemantyczne uniwersalite i opisanie jazykow. – М., 1999. – S. 263.
- 2 **Mrożek, S.** Teatr. – Т. 1. – Warszawa, 1995. – S. 303.
- 3 **Błoński, J.** Wszystkie sztuki Sławomira Mrożka. – Kraków, 1995. – S. 208.
- 4 **Sugiera, M.** Dramaturgia Sławomira Mrożka. – Kraków, 1996. – S. 269.
- 5 **Davies, N.** Europa. – Kraków, 1998. – S. 1170.
- 6 **Majcherek, J.** Foyer. – «Teatr», 1988. – Nr. 10. – S. 4.
- 7 **Koenig, J.** Tairow i jego teatr, [w:] A. Tairow. – Notatki.... – S. 11.
- 8 **Pisarkowa, K.** Tango po niemiecki... Na marginesie niektórych przekładów Mrożka na język niemiecki// – «Język Polski», 1967. – Nr. 5. – S. 374.
- 9 **Styan, J. L.** Współczesny dramat w teorii scenicznej praktyce / przekład M. Sugiera. – Wrocław, 1995. – S. 107.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Г. С. Бөкен

Основы перевода произведений Мрожека

Факультет филологии и педагогики,
Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова,
г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

G. S. Boken

The basics of translation of Mrozek's works

Faculty of Philology and Pedagogy,
Sh. Ualikhanov Kokshetau State University,
Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

В статье рассматривается перевод на русский язык произведений один из основоположников «Театра абсурда» XX века, польского драматурга С. Мрожека. Известные в миру в таких драмах, как «Портрет», «Стриптиз», «Любовь в Крыму», «Танго» и т.д. при переводе на русский язык дифференцируются на примерах идейно-содержательные, композиционно-стилистические, художественные системы произведений. А также анализируются критические взгляды ученых, исследовавших произведения С. Мрожека. На ряду с этим, рассматриваются произведения автора в оригинале в сопоставлении с другими переводами.

The article deals with the translation into Russian of works by one of the founders of the «Theater of the Absurd» of the 20th century, the Polish playwright S. Mrozek. Known in the world in such dramas as «Portrait», «Striptease», «Love in the Crimea», «Tango», etc. when translated into Russian, the ideological-content, composition-stylistic, artistic systems of works are differentiated by examples. And also critical views of scientists who studied the works of S. Mrozek are analyzed. Along with this, the author's works are considered in the original in comparison with other translations.

Б. Т. Бораш

ф.ғ.д., профессор, Филология факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы
e-mail: bayan.borash@mail.ru

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ АБАЙДЫҢ РУХАНИ ҚАЙНАРЛАРЫ ХАҚЫНДА

Мақалада абайтанудың бастауында тұрған Ә. Бөкейханның, А. Байтұрсынұлының, М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың және Қ. Жұбановтың, осы ғылымға қосқан сүбелі үлестері сөз болады. Мақалада өткен жасылы кеңінен аталып өткен Алаш қозғалысының ғасырлық мерейтойының ыстық табы әлі толық сезілетін қазіргі тұста Алаш қайраткерлерінің тек қоғамдық қызметте ғана емес, сонымен қатар халықты рухани тәрбиелеуге бағытталған зор қызметтерінің бір парасы – абайтануға қатысты еңбектерімен таныстырылады. Ал Абай ілімі қазақ халқын ұлттық негізінен жаңылыстырмайтын рухани діңгек, адастырмас жол. Атап айтқанда олардың Абайдың дүниетанымдық көзқарасына қатысты тұстарының абайтанудың негізін қалағандардың бірі Қ. Жұбановтың осы мәселені тереңдей қозғайтын «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» мақаласындағы Абай дүниетанымы мен шығармашылығының үш қайнары (қазақ фольклоры, Шығысы мен Батысы) жөніндегі ой-пікірлерімен үндестігі туралы айтылады.

Кілтті сөздер: абайтану, азанама, фольклор, Батыс әдебиеті, ислам, медресе, шағатай әдебиеті, еліктеу олеңдері.

КІРІСПЕ

Бұдан бұрынғы осы мәселеге жақын негізінен Д. Қамзабекұлының «Алаш және қазақ әдебиеті» атты терең зерттеуінде, қазақ әдебиетіндегі милләтшілдік (ұлт) ағымы жөнінде тараушасында алаш көсемдерінің, соның ішінде Ә. Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы», А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны», Екеудің (Аймауытов пен Әуезовтің), Р. Мәрсеқұлының, М. Дулатовтың мақаллары аталғанмен зерттеуде Абайды жалпы таныстыру, әдебиеттегі орнын белгілеу мақсатын қойылып, «Алаштың қилы тағдыры билік пен әдебиет қатынасы» сөз болады.

Ал ұсынылып отырған мақалада, тақырыбында аталып отырғандай, ұлы ақын дүниетанымының өзекті мәселесі – Абайдың үш қанар бұлағына қатысты Алаш қайраткерлері мен бұл ұлы ұлт қозғалысынан қызметі, шығармашылығы мен ниеті еш ажыратқысыз Қ. Жұбановтың Абай туралы үлкен еңбегінің сабақтастығы баяндалады.

2016 ұлтымыздың ардақты тұлғасы, үлкен қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі, ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жылдығын ЮНЕСКО шешімімен әлем деңгейінде атап өту туралы хабарды қазақ халқы зор ризашылықпен және мақтанышпен атап өтті. Осы мерейтой аясында Ә. Бөкейханның халқымыздың тарихы мен мәдениетіне сіңірген сан қырлы еңбегін қарастырған кезде оның абайтануға қосқан үлесін ерекше атау өзінен-өзі сұранып тұрады.

Ә. Бөкейханның бұл саладағы тырнақалды еңбегі «Абай (Ибраһим Құнанбаев)» атты туындысы болатын. Бұны Әлихан Абай қайтыс болғаннан кейін ақынды халыққа кеңінен таныстыру мақсатында 1905 жылы Семейде шығатын «Семипалатинский листок» газетінде орыс тілінде ақынның азалы ғұмырнамасы (некролог) ретінде жарияланған болатын.

Қарастырып отырған зерттеуімізде біз Ә. Бөкейхан мақаласын негізге ала отырып, өткен ғасырдың 20–30 жылдарындағы Абай мұрасын түсіндіру, насихаттау және қорғау мақсатындағы оның дүниетанымының негізі саналатын ақынның үш қайнарына қатысты тікелей алаш қозғалысына араласқан және тікелей араласпаса да сол ұлт-азаттық қозғалысқа ниеттес азаматардың ой-толғаныстарындағы үндестікті сөз етпекшіміз. Оған, біріншіден, биыл туғанына 150 жыл толып отырған Әлихан Бөкейханның және келесі жылғы Алаш қозғалысының жүзжылдық мерейтойлары болатыны ескерілді. Алдымен осы салыстырмалы зерттеу шеңберіне кірістіріп, Абай шығармаларындағы айтылған мәселеге қатынасты үлес қосқан алаш азаматтары мен олардың еңбектерін атап өткен жөн болар.

Әлиханнан сегіз жылдан кейін Алаштың тағы бір көрнекті тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының Абай мұрасы бұдан да кеңірек зерделенген «Қазақтың бас ақыны» атты еңбегі жарық көрді. Абай ақынның үш қайнары бағытында сөз болатын бұл зерттеу де абайтанудағы бір белес болып саналады.

Жүсіпбек Аймауытовтың 1918 жылы шыға бастаған «Абай» журналында жарық көрген «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» және шығарушы ретінде сол журнал мақсат-міндеттерін түсіндіруге арналған «Журнал туралы» үш мақаласында Абайдың өмірі мен шығармашылығын насихаттаумен қоса біз көтеріп отырған мәселеге орай ұлы ақында «пәлсапа қуаты барлығына» да дәлелдер келтіреді.

Алғашқылардың бірі болып ұлы ақын дүние салысымен Абай өмірі мен мұрасының халқымыздың рухани орнын белгілеуге үлес қосқан Міржақып

Дулатовтың шағын «Ибраһим ибн Құнанбаев» (1908) және «Абай» (1914) атты екі мақаласы да кірістірілді.

30-шы жылдардың басында Абайдың жеке басын, оның шығармашылығын сынаушылар көбейіп, абайтанудың басына қара бұлт үйірілген кезде, ақын мұрасын қорғап, аяқталмаған мақаласында Абайды қазақ әдебиетінің классигі деңгейіне көтерген, оны терең дәлелдеген Құдайберген Жұбанов болды. Өкініштісі – көлемді мақала ғалымның өз басын жалмаған қуғын-сүргін кесірінен аяқталмай қалды.

Бұл мақалада қазақ арыстарының Абай туралы туындыларын саластыра қарастырып, зерттеулері арасындағы жақындықты, ой-пікір-тұжырым сабақтастықтары туралы баяндамақшымыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ең алдымен ғұлама еңбектеріндегі бір арнаға бағытталатын ортақ мәселенің бастыларының бірі, ұлы ақын нәр алған қайнарларының алғашқысы – Абай поэзиясындағы төл әдебиеттің орны. Ақынды классик дәрежесіне көтеретін қасиеті де осында.

Ө. Бөкейханның азанамасында «Өзінің білуге құштарлығы мен зерделілігінің арқасында қазақтың ғұламаларының халық аузындағы сөздерін, мақалдарын, ертегілері мен нақылдарын меңгереді» [3, 111] деп жазады. Бірақ осы қысқа мәліметте Абайды Абай еткен ақынның халқтың ауыз әдебиетінен нәр алған қасиетін дөп басып айтқан.

«Қазақтың бас ақыны» атты еңбегінде А. Байтұрсынұлы келтірген мына бір жолға көңіл аударып көрелік. «Абай өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңдерінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен» [4, 219]. Соңғы «арғы асылынан қарап сөйлегендіктен» деген тіркестегі арғы асылын, яғни сөздің асылын ақын қайдан алады, әрине халық қазынасынан, ауыз әдебиетінен. Барлық тіл шұрайы халықта. Ахаң мақаласында осыған мысал ретінде ақынның «Аттың сыны» өлеңін талдай отырып, Абай сөздің дәлдігіне, қарапайымдылығына ерекше мән бергендігі сондай «көз алдыңа сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтінін» таңдана жазады.

Ж. Аймауытовтың «Абайдың өнері һәм қызметі» деген еңбегінде қазақ тілінің хас шебері болғандығын мына сөздермен жеткізген: «Көкірегіндегі асыл қазынаны барлық ырғағы, нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы әрі ақындығы, «қызыл тілді» шешендігі». Абайдың ақындық өнері, тар жолды бірбеткей еместігін, әр тараулы, сегіз қырлы екендігін былай санамалайды: «мінез түзететіндік (ахлак), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын

тапқыштық (лирика), ащы тілдік, ызалықпен күлетіндік (сатира), һәм керемет переводшиктік» [6, 130].

Абайдың халық әдебиетін терең біліп, поэзиясында орынды және дәл пайдаланатындығын, әсіресе Қ. Жұбанов жеріне жеткізіп жазған және бұл өте маңызды мәселеге мақаласының үшінші тарауын түгел арнаған. «Абай және халық әдебиеті» атты бөлімі бүкіл материалдың алпыс пайызын қамтыған. Осы мақаланың бірінші «Еленбеген ерекшелік» деген бөлімінде ғалым Абайды Еділ бойы, Кавказ және бақа түркі классиктерімен салыстыра отырып, қазақ ақынының оқ бойы озықтығының сыры: Абай өлеңдерінің таза, төл қазақ тілімен жазылғандығында, ал олардың поэзиясының араб-парсы сөздерімен «ластанғандығы» деп қорытындылайды. Сөзін дәлелдеу үшін Татарстанның «Абаймен бастас» екі адамының реформаларын мысалға келтіреді. Ш. Маржани дінге қатысты жаңалықтарын ұсынып, тарих жайындағы зерттеулерінен әрі аса алмаған: «татар тілін ислам ласынан арылтудың орнына, кітаптарын араб тілімен жазып», әрі көбінесе арабша сөйлеген. Маржанидің бұл кемшілігінің орнын толтыруға тырысқан Қ. Насыри татар әдеби тілін Қазан төңірегіннің тіліне жақындатқысы келгенмен, оның да «таза татаршасы» Абай қазақшасындай таза бола алмай, араб-парсы сөздерін көп кіргізген «шұбар тіл болатын» [8, 15].

Мақала авторы «Абай және халық әдебиеті» атты бөлімінде Абайдың қалай сөз шыңдағанын ауыз әдебиетінің мол мүмкіндігін қалай пайдаланғанын көрсету үшін ақынның сөз шеберханасына үңілтеді. Алдымен ғалым бұрынғы ауыз әдебиеті үлгілерінің кемшілігін «алтын иек, сары ала қыз» табатын өлең аналарын сынайды. Оған қоса Абай «қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» екендігін, өйткені онда басы артық қосарлар жүретінін байқады. Қ. Жұбанов ондай артықтардың немесе қыстырма әңгіменің үш түрлі пайдасының барын да жасырмайды: біріншісі, әңгіменің ұзын ырғасын ұғуға кемшілік қылмайтын түрі; екіншісі, тыңдаушының зейінін аударып, миға машық (гимнастика) болады; үшіншісі, әңгіме образ жағынан дұрыс құрылса, негізгі тақырыпты жанды түрде түсінуге себеп болады. Сондай пайдасы болатынын «Шора батыр» жырынан үзінді келтіре отырып дәлелдейді.

Фольклорлық туындыларда бұл қолайлы әдіс. Бірақ жазба әдебиетте бұл тәсіл шығарманың мағынасына нұқсан келтіретіндіктен оның орнына образдылық келеді. Абай осы айырмашылықты көріп қана қоймай артығынан тазартып, қажет жағдайда ескінің шұбалаң қыстырмасын өз қалыбында қалдырмай икемді бейнеге келтіреді [8, 27].

Қ. Жұбанов ауыз әдебиетіне қатысты осы тарауының соңында Абайдың өлең өнері жөніндегі айтқанын біз өте шағындап берген ұлы ақын жаңашылдығын «ұлы сыншылық, барды қайта құрушылығын» дәлелдейтіндей алты баптан тұратын тұжырымдармен аяқтайды. Осындай

жинақтау автор мақаласының атауын «Абайдың қазақ әдебиетінің классигі екендігін» толық, жан-жақты, «таласпай көнуге болатындай етіп» ашып тұр.

Алаш абайтанушы азаматтарының тағы бір көпшілігіне ортақ – бұл Абайдың шығысқа, исламиятқа қатысы мәселесі. Ә. Бөкейхан мақаласында ақын өмірбаяны туралы мәліметтер арасында оның «Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түскендігі» аталып өтіледі. Ел билігі мәселесін қозғаған әңгімеден кейін шығыс мәселесіне қайта оралып, «Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заман талабымен... араб, парсы, түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді» дей келіп, Абайдың ел арасындағы дүмше молдалыққа теріс көзқарасы болғандығын, дін бұзарлыққа қарсы сыны айтылады [3, 111].

Бұл мәселе Ж. Аймауытовта ақынның шығысқа, дінге байланысты маңызды туындысы «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінің терең ойлы пәлсапасымен өріліп сөз етілетін шеберлігін атап өтумен ерекшеленеді.

Ал М. Дулатовта Абайдың шығармашылық тұлғасын байыптағанда «тілі ләзатты, араб, парсы түрік, қалмақ тілдерінен хабардар...» деп көрсетіледі.

Абайдағы шығыс, дін мәселесі А. Байтұрсынұлында да қысқа қайырылып, тек бала кезінде «қырда мұсылманша оқыған», «13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған» [4, 217] деген мәліметтермен шектеледі.

Есесіне Қ. Жұбанов мақаласында бұл кеңінен қамтылатын өзекті мәселеге айналып, «Абай және шағатай әдебиеті» деген тарауының басты әңгімесіне ұласады. Тарауда а) алдымен жалпы шығыс әдебиеті мәселесі соның ішінде ортаазиялық түркілердің төл әдебиеті болып есептелетін шағатай әдебиетіне жататын жас Абайдың еліктеуден туған үш өлеңі («Иүзи – рәушан, көзі – гәуһар», «Фзули, Шәмси, Сәйхали», «Әлифби») талданады. Жұбанов пікірінше бұл туындылар ақынның «әлі шағатай өнеріне сын көзімен қарауға шамасы келмеген», «ақындық беті ашылмаған балаң кезі» өлеңдері үлгісі деп бағаланады. Алдыңғы екі өлеңінен «Әлифбиге» автордың көзқарасы бөлектеу. Мұны жазған кезде Абай шағатай дәстүрінен біртіндеп кетіп, «қазақтың өз үлгісіне қайта бейімделе бастаған кезі болу керек» деп түйеді.

Осы тараудың ә) екінші бір қыры, әрі күрделі қыры – шағатай әдебиетіндегі мистицизм мәселесі туралы. Мұндай лирика негізінен жалындаған махаббаттан тұрады, бірақ ынтықтықтың нысаны беймәлім, жыныссыз ғашықтық. Ғалым «иран-шағатай лирикасының тән «мені» – «нәпсі» деп жобалайды. Сондықтан ұлы ақын ғашықтықты қаншама өзегін өртей суреттесе де, ғашығының аяғын жалап, басын бүкпейді. Шығыстық мистицизміндегі көнбістілікке, құлдық идеяға бармайды. Ең әрі барғанда «саған құрбан мал мен бас» дейді, бірақ «мендігін» сақтай, намысына дақ түсірмей өледі. Қорытындылай келе Қ. Жұбановтың түйгені – біріндегі

«меннен» қашу, біріндегі менді ардақтау Абай мен шағатайдың басын қоспайды» дей отырып, дегенмен сопышылдық Абай поэзиясына шалығын тигізгендігін мойындайды [5, 18].

Абайға қатысты мақалаларында алдындағы қарастырылған мәселердей кең қамтылмағанмен үш алаш азаматының да айналып өте алмағаны ұлы ақынның жеке басының ізденістері болсын, шығармаларындағы ой тереңдігі болсын, өзі өмір сүрген қоғам дамуына, әлеуметтік ортаға көңілі толмаушылық, жалғыздық, түңілушілік сияқты ойшылдық толғаныстары.

Тағы да Әлихан Бөкейханның мақаласынан бастайық. Автор бұл мәселеге (ойшылдыққа, ізденіске) Абайды жақындатқан «дүниеге көзімді ашуға үлкен себепкер» орыс достары болғанын баса айтады. Абайдың афоризмге айналған атақты «күншығысым күнбатыс,.. болды» деген сөзінің бірінші жартысының тап осы кезге қатысты ғой деп ойлауға негіз бар. Ақын дүниетаным көкжиегін кеңейту мақсатында Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясын», Дрепердің «Европалық ақыл ойының дамуын», Н. Г. Чернышевскийдің «Современнигіндегі» қоғамдағы үдерістерді терең талдауға негізделген саяси-әлеуметтік мақалаларын оқиды. Сонымен қатар орыс әдебиетінен Лемонтовтың шығармаларын сүйіп оқып, оның «Ой», «Дұға» және т.б. өлеңдерін ден қоя аударарды. Орыс ақынының бірінші аталған туындысындағы «Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмас...» жолындағы Ресей қоғамындағы кертартпалыққа қарсы қыжылы Абайдың өз заманының, өз ортасының керенаулығына деген өкпе-назына ұласады.

А. Байтұрсынұлы мақаласында Абайдың терең ойшылдығы туралы оның өлеңдеріне байланысты айтылады. Алдымен Ахаң алғаш Абай өлеңдері жазылған дәптер қолына түсіп, ақын өлеңін түсініксіздей абдырап қалғанын жазады. Кейбір өлеңдерінің мағынасын біреу баяндап ұқтырғанда ғана түсінетінін жасырмайды. Сондықтан Абай сөздері адамның түсінуіне ауыр екені көпшілік мойындайды. Осы арада мақала авторы оның себептерінің бетін ашуға талаптанады. Біріншіден, Ахаң пікірінше, ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес. Ақын «не жазса да түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады». Яғни, түсіне алмаушылық сыры, ақын жазғандарының мағынасының тереңдігінде. Бұл екіншіден. Үшінші себеп, терең мағыналы өлеңді, немесе қара сөзді «оқушыларының түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшіліктен» деген қорытындыға келеді. Бұл айтылған дұрыс тұжырымға бас изеуден басқа шара жоқ.

Осы жағдайды түсінген абайтанушылар ақынның туғанына 150 жыл толуы қарсаңында Абай өлеңдері мен қарасөздерін халыққа жақындату мақсатымен бұрынғы «Қазақстан коммунисті», кейіннен «Ақиқат» журналында және т.б. баспа беттерінде ақын туындыларын терең талдауға кірісті. Бұл жұмысқа әсіресе белсене кіріскен Ғарифолла Есім мен Тұрсын Жұртбаев болды. Сол

кезде «Ақиқат» журналынан бұл екі зерттеушінің кейде кезектесіп, кейде қатар Абай өлеңдерін жұртшылыққа ұғынықты етіп талдаған терең талдауларын асыға күтетін. Кейіннен сол талдауларын Ғ. Есім «Хакім Абай» кітабына енгізіп бастырды. Т. Жұртбай сол мақалалары негізінде «Күйерсің, жүрек,.. Сүйерсің!» деген жинағын шығарды. Белгілі мөлшерде герменевтикалық тәсіл деп аталатын терең талдауға Мұзафар Әлімбаевтың да қатысқаны белгілі.

Ұлы ақынды қазақ әдебиетінің классигіне жатқызуды дәлелдеуге тырысқан Қ. Жұбанов, әрине, классиктік мағынаның құрамына Абайдың ойшылдығын енгізетіні ақиқат. Өмірінің соңғы оншақты жылында Ақтөбе университетінде қызметте болып, әкесінің атындағы зертхананы басқарған Есет Құдайбергелі Жұбановтың айтуынша бұл аяқталмаған мақаланың келесі тарауы Абайдың ойшылдығы мен дүнитанымына арналуға тиіс болған. Олай деуімізге негіз де жоқ емес, себебі оның осы көлемді мақаласында оның ойшылдығы тек бір-ақ жерде ғана айтылады. Бұл мәселе туралы үлкен әңгімені арнайы тарауға қалдырған сияқты. Бірақ соның өзінде үлкен ғалым сыналап болса да бұл күрделі мәселе жөнінде сөз қозғамай кете алмаған. Оның қысқа да болса ауыз толтырып айтқаны: «Абай – ойшыл ақын». Бұл тұжырым алдындағы Ахаңның пікіріне жақын, бірақ Қ. Жұбанов ақын өлеңінің түсінуге қиындығына акцент салмайды. Әңгіме негізінен өлеңдегі пікір тереңдігі мен ондағы сезімнің ойшылдығы, өлеңнің мазмұны мен түрінің қабысуы туралы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада талдаудың бағыты етіп Ә. Бөкейханның мақаласы болғанын тағы ескертеміз. Абай нәр алған қайнарлардың ақын поэзиясындағы төл әдебиеттің орны мен Абайдың Шығысы мәселесін ғана алынды және туындылары сөз болған алаш азаматтарының өткен ғасырдың 20–30 жылдарындағы еңбектеріндегі Абайдың ойшылдығы туралы пікірлері сөз болды. Талдаулар мен ой-түйіндеулерімізді жеткізу барысында олардың көпшілікке белгілі туындыларындағы үндестік әңгімеміздің өзегі болды. Қарастырылған осы үш мәселенің өзі абайтануда белгілі орны бар, туындыларын әр жылдары, әр жағдайда жазған ұлт жанашырларының ұлы Абайға деген ой-тұжырымдарының жақындығын толық көрсетіп отыр деп қорытындылай аламыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Абай.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т. 1. – Алматы : «Жазушы», 1995. – 336 б.

2 **Абай.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т. 1. – Алматы : «Жазушы», 1995. – 382 б.

3 **Бөкейханов, Ә.** Абай (Ибраһим Құнанбаев) (Ғұмырнаманьң алғы сөзі Т. Жұртбайдікі). (1905) // «Жұлдыз» журн. – № 9. – 1991. – Б. 110–114.

4 **Байтұрсынов, А.** Қазақтың бас ақыны. (1913). // Шығармалары. – Алматы : «Жазушы», 1989. – Б. 298–304.

5 **Аймауытов, Ж.** Абайдың өнері һәм қызметі. Абайдан соңғы ақындар, Журнал туралы. // Алты томдық шығармалар жинағы. – Т. 6. – Алматы : «Ел-шежіре», 2013. – Б. 125–129, 129–135, 135–141.

6 **Дулатов, М.** Абай (1904). Ибраһим ибн Құнанбаев (1908) // Бір томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы : «Ана тілі», 2010, 171–172 б.

7 **Жұбанов, Қ.** Абай – қазақ әдебиетінің классигі. // Абай тағылымы. – Алматы, «Жазушы», 1986, 14–32 б.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Б. Т. Бораш

Деятели Алаша о духовных источниках Абая

Филологический факультет,

Актюбинский региональный государственный университет

имени К. Жубанова,

г. Актөбе, 030000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

В. Т. Borash

Alash's writers on the spiritual sources of Abai

Philological Faculty,

K. Zhubanov Aktobe Regional State University,

Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 17.09.18.

Статья о значительном вкладе в становление абаеведения А. Букейхана, А. Байтұрсынова, М. Дулатова, Ж. Аймауытова и К. Жубанова, подспудно понимавших, что наследие Абая является той спасительной духовной силой, которая поможет казахскому народу вырваться от нищеты, отсталости и приблизиться к культурным странам мира. Прошлогоднее столетие национального движения Алаша, которое очень тепло отметили в стране, и, которое совпадает с призывом Елбасы к духовному обновлению нашего общества, требует еще раз обратиться к наследию вождей Алаша. Для лучшего понимания как они близки к духу Абая в статье взята программная статья К. Жубанова, одного из глубоких толкователей

его мировоззренческих взглядов, об их трех истоках. Как показывает сравнительный анализ их трудов по абаеведению, по всем трем направлениям: и по отношению к западной культуре, и по близости к Восточным истокам, особенно по отношению родной культуре взгляды их очень близки.

The article considers the significant contribution to the development of Abay studies by A. Bukeykhan, A. Baytursynov, M. Dulatov, Zh. Aymautov and K. Zhubanov, who implicitly understood that Abai's heritage is that saving spiritual force that will help the Kazakh people to escape poverty, backwardness and to come closer to the cultural countries of the world. Last year's centenary of the national Alash movement, which was very warmly celebrated in the country, and that coincides with President's call for spiritual oblation of our society, calls once again to address the legacy of the leaders of Alash. For a better understanding of how close they are to the spirit of Abai, the article takes a programmatic article by K. Zhubanov, one of the deep interpreters of his world outlook, about their three sources. As the comparative analysis of their works on Abai-studies shows, in all three directions: both in relation to the western culture, and to the Eastern sources, especially in relation to their native culture, their views are very close.

FTAMP 801.81

Б. Т. Бораш

ф.ғ.д., профессор, Филология факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы
e-mail: bayan.borash@mail.ru

ПУШКИН ЗАМАНЫНДАҒЫ ОРЫС ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Мақалада Пушкиннің қазақ жеріне келуі, қазақ әдебиетіне деген ықыласы, оның Ресей шет аймақтары халықтарының өмірінен алынған «Кавказский пленник» еңбегіне орыс жазушыларының еліктеушілігі. Соларды ішінде Н. Муравьев сияқты ақын «Киргизский пленник» деген атауынан бастап, сюжеттік құрылысы, бас кейіпкерлерінің іс әрекетіне шейін ұлы ақынды құр қайталаушылыққа барған. Дегенмен мақалада қазақ тақырыбын көтерген ХІХ ғасырдың 30-жылдарындағы орыс қаламгерлері қазақ қоғамындағы, соның ішінде орыс-қазақ қарым-қатынасын шынайы көрсете алғаны көрсетіледі. А. Крюковтың қазақ рулары арасындағы «Киргизский набег» повесінде барымта мәселесінің барын суреттесе, В. Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ», В. Дальдің «Бикей мен Мәулен» шығармаларындағы қазақ қоғамын алға тарта алатын жегерлі күш барын көре білгендігі жөнінде В. Белинскийдің жоғары баға алғандығы, соңғы екеуінің повестері неміс, француз тілдеріне аударылып, қазақ сахарасындағы жағдайлардың әлемге таныла бастағандығы айтылады.

Кілтті сөздер: қазақ эпосы, еліктеушілік, барымта, қайсарлық, шетел тілдеріне аударылуы.

КІРІСПЕ

Қазақ-орыс әдеби байланысының сонау Пушкин заманымен үндесетін, дәстүрі ғасырларға ұласатын терең тамыры бар. Мысалы, А. С. Пушкиннің қатысуымен 1830 жылы Петербургте шыққан «Литературная газета» кең байтақ Россия жерінде орналасқан басқа халықтар, соның ішінде қазақтар туралы да жариялап, сол материалдардың «Азия туралы деректердің Еуропалық қоймасы үшін» де маңызы барлығын атап айтқаны бар. Кезінде орыстың ұлы ақыны қазақтың халық поэзиясына қызығушылық білдіргені де белгілі. Пугачев көтерілісін зерттей жүріп, қазақ жеріне табаны тигенінде Пушкин өтінішімен *«Қозы Көрпеш Баян сұлу»* жырының сюжеті жазылып

алынған болатын. Қазақ халқы туралы әңгімелерден, ауыз әдебиеті үлгілерімен танысуынан ақында бұл халықтың зор рухани күші мен әлі танылмай жатқан таланты, жігері туралы жарқын түсінік қалыптасады. Сондықтан болар оның әйгілі *«Ескерткіш»* атты өлеңінің бір нұсқасында «И назовет, меня всяк сущий в ней язык» деп келіп, Ресейде оны ұмытпайтын халықтарды санамалайтын келесі жолын «...и друг степей киргиз» деп аяқтапты. Ұлы ақынның ұлылығының белгісі болар қазақ халқының да өзін әрдайым есте сақтайтынын болжап кеткен. Ұлы Абайдан бастап, Шәкәріммен жалғасып, одан кейінгі ақын-жазушылар шығармаларында ақын есімі үлкен ілтипатпен аталып, шығармалары үзбей насихатталып келе жатқан Пушкин бүгінгі күндері де ұмытылған жоқ. Путинмен өткен бір жылдары кездесуінде Президентіміздің ұсынуымен 2006 жыл Қазақстанда – Пушкин жылы, ал Ресейде – Абай жылы деп аталып, екі ұлы ақынды бұрынғыдан да кеңірек насихаттау, тану жылы етуге келісілген-ді.

Пушкиннің қазақтар туралы осындай жылы сезімінің қалыптасуына оны Орынбордан Орал қаласына дейінгі саяхатына жолсерік болған қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін жетік білетін Владимир Дальдің ықпалы болғаны сөзсіз. Ол қазақ даласының көптеген белгілі адамдарымен жақын таныс болған, соның ішінде Бөкей Ордасының ханы Жәңгір де болған. Кеңес заманында бұл таныстық жөнінде айтылмаған немесе 1956 жылы КСРО ҒА-ның баспасында жарық көрген М. И. Фетисовтың «Ресей мен Қазақстанның Әдеби байланыстары» атты кітабындағы сияқты бұрмаланып көрсетілген. Біздің пайымдауымызша ұзақ жолда В. Даль даланың бұл ерекше билеушісімен өзінің таныстығы туралы А. С. Пушкинге айтпауы мүмкін емес, сондықтан ақын Жәңгір хан туралы білген деп болжауға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Пушкиннің алғашқы туындыларының бірі – *«Кавказ тұтқыны»* тақырыбының ерекшелігімен, шеберлігінің биіктігімен XIX ғ. 20-шы жылдары оқырмандарының едәуір қызығушылығын және біршама еліктеушіліктер туғызды. Пушкин поэмасының осындай еліктеушілер тобына 1828 жылы басылған Н. Н. Муравьевтің (1775–1845) *«Қырғыз тұтқыны»* атты өлеңмен жазылған повесі өзінің орыс әдебиетіндегі орыс-қазақ романтикалық тақырыбын игеруге ең алғашқылардың бірі болып әрекет жасауға ұмтылыс есебінде назар аударды. Бірақ автордың Пушкиннің ықпалымен тандалған тақырып, жай ғана мазмұны төмен қазақ әуеніне жазылған вариациялардың бірі болып шықты. Автордың өзі шеберлік жөнінен ұлы замандасына бәсеке бола алмайтынын әбден сезінген болатын. Н. Муравьевтің өлеңмен жазылған повесі Белинскийдің назарын аударып, оның теріс пікірін туғызды.

Дегенмен XIX ғ. 20-шы жылдары Н. Муравьевтің осы қарапайым тәжірибесінің өзі аз зерттелген қазақ тақырыбын қозғағандығымен белгілі бір қызығушылық туғызды. Муравьевтің туындысы орыс қоғамының жаңадан назарын аударып келе жатқан Қазақстан мен Орта Азия халықтарының өмірін суреттеуге жай экзотикалық түрде келе салмай, міндетті түрде шынайы ұлттық өмірін беретіндей пушкиндік позицияда келудің қажеттігін ескерткендей болды.

«Қырғыз тұтқынының» сюжеті «Кавказ тұтқынының» сюжеттік желісін толыққа жақын қайталайды. Қырғыздар (яғни қазақтар) Қазақстанның Ресейге толық қосылып болмаған кезіне дейінгідей жылқыларды күзетіп жүрген орал орыс-қазақтарының бір тобына шабуыл жсайды. Осы топтың бір мүшесі жаралы Федор тұтқынға түседі. Қазақ ауылында ол Баян атты сұлу қызға ғашық болады. Баян Федордың тұтқыннан қашып шығуына жәрдемдесіп, өзі де ауылдан кетеді. Қуғындар қашқындарды қуып жетеді. Қашқын жастар қосылады.

Айта кету керек, сюжеттегі айқын еліктеушіліктің барына қарамастан сол кездің шынайы қайшылықты өмірінен белгілер де жоқ емес. Олар: қазақтар мен орал қазақтары арасындағы шарпылыстардың жиі болатындығы, кейбір орыстардың қазақтарға, керісінше қазақтардың орал қазақтарына тұтқынға түсуі және көбінесе қазақардың кеңдігі мен мейірбандығынан қолына түскен орыстардың жағдайы жайлы болып, ал оыстардың қолына түскен қазақтарға қорлық көрсетіліп, жағдайлары қасіретті шындық болатын.

«Қырғыз тұтқынының» кемшілігі – таңдаған сюжетінде емес, өткен ғасырдың алғашқы онжылдығындағы қазақтың нағыз болмысын дұрыс білмеуінде, бұрмалап көрсетілуінде. Муравьевке сол кездегі Қазақстан көршілеріне жорық жасаудан басқаны білмейтін, тағылық, қарақшылық билеген мына өлең жолдарындағыдай:

«Киргизцы буйною толпой,	И кони скачут веселей.
Чуть озаренные луной,	Сыны губительного края,
Летят, как вихорь, в чистом поле;	Могучи, с бодрою душой,
Лелеют, холят их коней,	И смерть, и гибель презирая,
Узду пускают им по воле,	Отважно мчатся на разбой», –

жалған-романтикалық түрде көрінді.

Қазақ өмірін дұрыс білмегендіктен, алдымен алып батыр қарт Котлубай мен оның қызы Баянның портреттік суреттеулері мен кейіпкерлік мінездерінде өмірлік дәлдік жоқ, олардың әдеби бейнелері схемалық түрде ойдан шығарылған. Автордың қазақ тұрмысына шорқақтығы сондай – қазақ даласын ұлысқа бөледі, авторша қымыз – бұл түйенің сүті, қалым (қалың мал) – қалыңдық және т.т.

Н. Муравьевтің «Қырғыз тұтқыны» әлдеқашан ұмытылған шығарма. Қазіргі бұл өлеңмен жазылған повесті еске алып отырғанымыз оның пушкиндік дәуірдегі әдеби өмірдің бір көрінісі түрінде, ұлы ақынның

ықпалымен қазақ халқының көркемдік өмірін көрсетуге тырысудың негізінің қалай қалана бастағанын көрсету болатын.

XIX ғ. басында А. С. Пушкин бастаған «Литературная газетаның» беттерінде қазақ еліне қатысты материалдар едәуір орына ала бастайды. Мысалы, украин, кавказ, татар-башқұрт тақырыптарына қатысты басылымдардан гөрі, ол кезде аз таныс Қазақстан турала материалдар 3–4 есе көп басылым көрген. Пушкин Ресейді қазақ халқымен қоян-қолтық таныстыруды бір жүйеге қою керек деген пікірде болған [6, б. 318]. Оған дәлелдің бірі – ұлы ақынның өзі жаңада ғана ұйымдастырған «Литературная газетаның» «Северные цветы» атты 1830 жылғы альманахының шыққандығы туралы хабарламасында қазақ даласындағы феодалдық-рулық қақтығыстардың «барымта» деп аталатын бір түрінің шынайы суреттемесін беретін А. П. Крюковтың (1800–1833) *«Киргизский набег» («Қырғыз барымтасы»)* атты шығармасын оқырмандардың назары ұсынады. Ал соңғы санында (31.01.1830) редакция сол автордың «Киргизцы» деген атпен берілген *«Якуб-батыр»* деген повесінен үзінді жариялады. Үзіндіге редакция атынан алыстағы далалық көшпенділерге орыстың әдебиетші қайраткерлерінің достық қатынасы бідірілген қысқаша, бірақ мазмұнды алғысөз берілген. К. деген біреу (сірә, Крюковтың өзі болу керек) редакция атынанан:

«Үзіндісі беріліп отырған повесть осыдан бірнеше жыл бұрын жазылған. Автор мұнда өзімізбен тығыз байланыста тұратын, мүмкін кейбір Африканың, Жаңа Жердің (Новый Свет) тағы тұрғындарынан аз білетін, өзіндік ерекшеліктерімен қызық халықтың әдетін, ғұрпын, сенімдері мен рәсімдерін суреттеп бергісі келді. Повестің кейіпкері Яков немесе Якуб батыр – жас кезінен ордалықтардың тұтқынына түскен және олардың діни-снiмiн, тiлiн, әдетiн қабылдаған орыс. Бірақ ол ежелгі славяндарша рухының берiктiгiн, денесiнiң мықтылығын, сүйкiмдi сырт келбетiн сақтаған» деп Алғы сөз жазған.

Пушкиннің айтуымен болмаса да, оны келiсiмiмен жарияланған келтiрiлген үзiндiлерi ретiмен сәттi таңдалған Крюковтың повесi қазақ халқының өмiрi туралы дұрыс түсiнiк бередi. Киiз үйдiң дәл этнографиялық суреттелуi, сұлтан Нұралы мен ақсақалдардың сот талдауына қатысуы, дала сәуегейлерiнiң (бақсы-балгерлерiнiң, жаурыншыларының) ерекше келбеттерi, Арал теңiзiнiң жағалауындағы қабан-шошқаны аулауға (атуға) шығу, ұлттық ас мәзiрi, соңында барымтаға дайындық – мұның бәрiнiң үлкен танымдық қызықтырарлық мәнi болатын.

Үзiндiде Якуб батыр атанған жйырма екi жастағы Яковтың бейнесi берiледi. Алдақашан тұтқынға түскен орыс жiгiтi Бөкей ордасында өз адамы болып кетедi, ханның бақташысы, әрi сенiмдi оққағары болып iстейдi. Оның басшылығымен Нұралы ханның адамдары малды қуып әкелуге (барымтаға) шығатын болған. Крюковтың байқағыштығымен қазақтардың поэтикалық

суырыпсалма өнеріне бейімділігі, олардың өлеңдерінде жергілікті өмірдің барлық маңызды оқиғалары қамтылатындығы жазылады.

Бұл басылымның айрықша мәнділігі – мұнда қазақ халқының еркіндік сүйгіштік, өз қадірін сезінуі, орыс халқына құрмет және поэтикалық қабілеттілігі сияқты ұлттық қасиеттері үлкен құрметпен сипатталған.

Басқа халықтармен қатар, орыс едебиетінде қазақ халқының тұрмыс тіршілігі, әдет-ғұрпы, мақсат-мұраты шыншылдықпен бейнеленгені белгілі. Қазақ халқының ауыз әдебиетін білуге зер салып, оның кейбір эпос сюжеттерімен танысу арқылы А. С. Пушкиннен басталған игі дәстүр В. А. Ушаковтың (1789–1838) *«Қырғыз-қайсақ»* повесінде өрістей түсті.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген «Қырғыз-қайсақ» повесі орыс әдебиетінде қазақ тақырыбына жазылған алғашқы шығармалардың бірі еді. В. А. Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ» повесі неміс тіліне аударылып, 1834 жылы Лейпцигте басылды. Сөйтіп, Ушаковтың повесі арқылы орыс жұртшылығы мен кейбір шетел оқушылары қазақтар туралы алғаш хабардар болды. Повесте қазақ халқының тұрмысы, салты, әдеті, кәсібі, жер жайы, оның басқа халықтар сияқты ынта-жігері, өзіндік ойы, талабы, мінез-құлқы адамдық қасиеті мол екені әңгімеленді. Шығарманың басты кейіпкері тамаша жас офицер Виктор Славин өзінің сұлулығымен, білімділігімен, мәдениетімен, алғырлығымен өз ортасының құрметіне ие болады. Ол ашаршылық, жоқшылық кезінде ауқатты орыс семьясына кез болып, онда күтім, тәрбие, білім алып, ержеткен қазақ баласы Виктор Славин образы арқылы арқылы гуманист жазушы Ушаков көшпелі халықтардың бойында да асыл адамгершілік қасиеттер барын, оларға тиісті жағдай жасалуы керектігін айтпақ болған.

Өткен ғасырдың 20–30-шы жылдары қазақ тақырыбына алғашқы орыс повестерінің шығуы қоғамдық ынтаның Шығысқа бет бұруының, соның ішінде дамып келе жатырған саяси, экономикалық және мәдени өмірдегі орыс-қазақ қатынастарының өрістеуінің белгісі болатын. Бұл Шығысқа деген қоғамдық қызығушылықтың өсуінің бір-бірімен келіспейтін екі таптық: демократиялық және отаршылық бағыты пайда болды. Бір жағынан алдыңғы қатарлы орыс қайраткерлері екі халық арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруды көздесе, ал екінші жағынан жылдан-жылға патша үкіметінің Шығыста өз өктемдік жағдайын бекіту жолындағы саяси белсенділігі үдей түсті. Соның куәсі ретінде қазақтар арасында орыстың әкімшілік басқаруын іс жүзіне асыратын 1822 жылғы «Сібір қырғыздарының жарғысы» болды.

Біз мақаланың басында Пушкиннің қазақтар туралы жылы сезімінің қалыптасуына оны Орынбордан Орал қаласына дейінгі саяхатына жолсерік болған қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін жетік білетін Владимир Дальдің ықпалы болғаны жөнінде айтқанбыз. Ол қазақ даласының көптеген белгілі адамдарымен жақын таныс болған, соның ішінде Бөкей Ордасының

ханы Жәңгір де болған. Кеңес заманында бұл таныстық жөнінде айтылмаған немесе 1956 жылы КСРО ҒА-ның баспасында жарық көрген М. И. Фетисовтың «Ресей мен Қазақстанның Әдеби байланыстары» атты кітабындағы сияқты бұрмаланып көрсетілген. Біздің пайымдауымызша ұзақ жолда В. Даль даланың бұл ерекше билеушісімен өзінің таныстығы туралы А. С. Пушкинге айтпауы мүмкін емес, сондықтан ақын Жәңгір хан туралы білген.

Орыстың көрнекті реалист жазушысы, ірі ғалым, қоғам қайраткері Владимир Иванович Даль (1801–1872) Батыс Қазақстан өлкесінде, Жайық жағасында сан рет болған сапарларында қазақ елінің байырғы өмірін зерттеп, қазақтар өмірінен жазған *«Бикей мен Мәулен»* повесін, *«Майна»*, *«Түн ортасы»* сияқты әңгімелерін, «Орал қазақтары» атты очеркін жазған болатын. Даль қазақ халқының екі жақты езушілік бұғауында, қарағңы қыспақ, тар замандағы қалып-кейпін көріп, іштей жаны ашиды, осындай аянышты халде жүрсе де қазақтардың сергек, өмірге ынталы, білімге құштар қасиеттерін байқап, «Қазақтар өнерге, білімге, ғылымға құштар. Тек соның бұлақ бастауын ашаң-ақ болды, бұл ұлтта тоқтау жоқ. Шіркін, білім бұлағының қайнар көзін аршитын пенде болса», – деп жазды. Даль қазақтардың кең пейілділігін, қайырымды, мейірімділігін, қонақжайлығын да аса ілтифатпен әңгімелей келіп, «...қазақ жерін өттің екен әмияныңды қалтаңа салып қой! Жылтыдатып тиын санап отырғаның бұл елдің әдет-ғұрпына ерсі. Ал, мейман боп үйіне келдің екен – асы дайын. Шипалы қымызы және бар...» – деп жазған еді.

Қазақ халқының өткендегі өмірінің кейбір қырын тамаша суреттеген «Бикей мен Мәулен» повесі 1836 жылы жарық көрісімен-ақ оқырмандардың, алдыңғы қатарлы оры сынының, В. Г. Белинскийдің жоғары әділ бағасын алған-ды. Бір тамашасы В. И. Дальдің «Бикей мен Мәулен» повесі француз тіліне аударылып, 1845 жылы Парижде басылып шықты. Сөйтіп, шетелдіктер де озық орыс әдебиетінің арқасында қазақ халқының өмірімен таныса бастаған еді. Қазақ тақырыбын кең ауқымда қамтыған «Бикей мен Мәулен» повесі арқылы шетелдіктер алыс елдің өмір-тіршілігімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен, адамдарының қалып-кейпі, іс әрекеті, мінез-құлқымен танысты. Повесте кедей қызы Мәуленнің еріксіз күйеуге беру салтына ашықтан-ашық қарсы шығу талабы әңгімеленеді. Етітірі, еңбекқор, сүйкімді Мәулен қалың малға сатып алған сұмырайдың бірнеше әйелінің бірі болудан бас тартып, ата-анасының ырқына көнбестен сүйгеніне – Бикейге тұрмысқа шығады. Екі жастың бұл некесі, бас бостандығына талпынуы ұзаққа созылмайды, Бикей қас қолынан қаза табады, жазықсыз жанды өлтірген жауыздарды жазалауды өтініп, Орынбор губернаторына шағым еткен Мәуленді ешкім тындамайды. Сүйенері жоқ жалғыз қалған Мәулен күйзелісте, күңіренуде қаза табады. Сөйтіп, кедей қазақтардың ауыр халі шыншылдықпен бейнеленген.

В. А. Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ» повесі мен В. И. Дальдің «Бикей мен Мәулен» шығармасын В. Г. Белинский жоғары бағалаған-ды. «Қырғыз-қайсақ» пен «Бикей мен Мәулен» повестерінің өткен ғасырда-ақ бірі неміс, екіншісі француз тілдеріне аударылып, берлин мен Парижде жарық көруі орыс халқы мен қазақ халқының тарихи достығының тамаша бір көрінісі, бұл достық шетелдердің де прогрессшіл адамдары, оқырмандарының назарын аудару бастағанын байқатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

А. С. Пушкиннің «Кавказ тұтқыны» (1821 ж.) поэмасы арқасында орыс әдебиетіне Ресей шет аймақтарындағы халықтар өмірі туралы тақырып енгізілген болатын. Ақынның жергілікті халықтың қонақжайлығы мен мейірбандығы, еркіндікке ұмтылысы сияқты қасиеттері орыс оқырмандарының олардың өміріне қызығушылығын туғызды. Ұлы ақын туындысының мұндай зор жетістігі орыс қаламгерлері арасында едәуір еліктеушілер де туғызбай қойған жоқ. Олар Пушкиннің Кавказ тақырыбын кеңейтіп, қазақтар туралы да жаза бастады. Олардың арасында жергілікті халықтың шынайы өмірін суреттеуден гөрі экзотика қуған, күр еліктеушілік те болды. Осындай-лардың қатарында орыс ақыны Николай Муравьевтың бас кейіпкерлердің есімдерінен басқасын: тіпті атауы мен негізгі сөжетіне шейін едәуір қайталайтын өлеңмен жазылған «Киргизский пленник» («Қырғыз тұтқыны») атты романы бар. Сонымен қатар Қазақ тұрмысының кейбір келенсіздеу жақтарын шынайы суреттеген, орыс қарашекпендерінің (казактарының) қазақтарға жасаған қиянаттары да ашық жазылған Александр Крюковтың «Қырғыз барымтасы» («Киргизский набег») мен «Якуб батыр» повестерін атауға болады. Бұлар орыс әдебиетіне онша танылмаған жазушылар болатын. Сонымен қатар туындылары қоғамға біршама таныс, В. Белинский тарапынан шығармаларының шынайылығына қарай орыс әдебиетіндегі «таң қаларлық және күтпеген» құбылыс деп бағалаған Василий Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ» повесі болды. Осылардың ішінде XIX ғасырдың 30-жылдары қазақ тақырыбына барған, «Бикей және Мәулен» повесінде және әңгімелерінде жалпы қазақ халқының болашағына үлкен сеніммен қараған, ол туралы зор ілтифатпен жазған ғалым, жазушы, этнограф Владимир Дальдің орны ерекше. В. Ушаков пен В. Даль повестерінің Берлин мен Парижде жарық көруі орыс-қазақ достығына шетелдердің прогрессшіл оқырмандарының назарын аудару бастағанын байқатады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Пушкин, А. С. Избранные произведения в двух томах. Т. 1. Издательство «Художественная литература», – Москва, 1965.

2 **Фетисов, М. И.** Пушкин и русско-казахские литературные связи. // Литературные связи России и Казахстана. – М. : Изд. АН СССР, 1956. – С. 35–60.

3 **Муравьев, Н. Н.** Биографические данные. [Электронный ресурс]. – [http://ru. // Wikipedia. /Org/wiki](http://ru.wikipedia.org/wiki/).

4 **Крюков, А. П.** Киргизский набегъ. «Северные цветы». – СПб, 1829. [Электронный ресурс]. – <http://az.lib.ru>.

5 **Крюков, А. П.** Киргизцы (Отрывок из повести «Якуб-Батырь») [Электронный ресурс]. – [http://ru. Wikipedia. Org/wiki](http://ru.wikipedia.org/wiki/).

6 **Әуезов, М.** Барымта. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 3. – Алматы : Ғылым, 1998. – Б. 87–100.

7 **Жұртбай, Т.** «Барымта» әңгімесі. Мұхтар Әуезов. Энциклопедия. – Алматы : Атамұра, 2011. – Б. 175.

8 **Кемелбасва, А. М.** Әуезовтің «Барымта» әңгімесі. // «Абай». – № 2. – 2007. – Б. 70–73.

9 **Елеукенов, Ш.** Мағжан және батыс-шығыс классикасы (А. П. Крюковтың «Жақып батыр» повесі тур.). // Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). – Алматы : «Санат», 1995. – 318 б.

10 **Сабаншиков.** «Рын-Пески». // «Заволжский муравей». – № 12. – 1832. [Электронный ресурс]. – [http://ru. Wikipedia. Org/wiki](http://ru.wikipedia.org/wiki/).

11 **Аксаков, И. С.** Биографические сведения. [Электронный ресурс]. – [http://ru. Wikipedia. Org/wiki/](http://ru.wikipedia.org/wiki/)

12 **Булгарин, Ф. В.** «Иван Иванович Выжигин». Роман. // Сочинения. – М. : Современник, 1990. [Электронный ресурс]. – <http://az.lib.ru>

13 **Порудоминский, В. И.** Даль. Серия «Жизнь замечательных людей». – М. : Издательство «Молодая гвардия», 1971.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Б. Т. Бораи

Казахская тема в произведениях пушкинского периода

Филологический факультет,
Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова,
г. Актобе, 030000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

В. Т. Borash

Kazakh theme in works of the Pushkin period

Philological Faculty,
K. Zhubanov Aktobe Regional State University,
Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

В статье повествуется о пребывании Пушкина в Казахстане, его интерес к жизни казахов, их эпической поэме «Козы Корпеш – Баян сұлу». Пушкинский «Кавказский пленник» вызвал живой интерес к жизни народов окраин империи у демократических слоев России, особенно со стороны русских писателей. Среди них были и те, которые просто повторяли великого поэта, начиная от названия – «Киргизский пленник», кончая дублированием событий, происходящих в произведении, не затрагивая проблемы в казахском обществе. Поэтому роман в стихах Н. Муравьева сейчас почти забыт. Другой поэт А. Крюков в своей повести «Киргизский набег» поднимает проблему барымты, сеющую раздор среди казахских родов, которую обходили даже местные писатели (кроме М. Ауэзова). Подлинными мастерами постановки казахской темы в своих произведениях были В. Ушаков («Киргиз-кайсак») и В. Даль («Бикей и Мауляна») необыкновенными персонажами для своего времени. Обе эти повести были переведены на немецкий и французские языки и имели успех на Западе.

The article tells about Pushkin's stay in Kazakhstan, his interest in the life of the Kazakhs, their epic poem «Kozy Korpesh – Bayan sulu». Pushkin's «Caucasian captive» aroused a keen interest in the life of the peoples on the periphery of the empire from the democratic strata of Russia, especially from the Russian writers. Among them there were those who simply repeated the great poet, beginning with the title «Kirghiz Prisoner», ending with the duplication of the event taking place in the work, without affecting the problems in the Kazakh society. Therefore, the novel in the poems of N. Muraviev is now almost forgotten. Another poet A. Kryukov in his novel «The Kyrgyz Raid» raises the problem of Barymta, sowing discord among the Kazakh clans, which even local writers avoided (except M. Auezov). The original masters of the Kazakh theme in their works were V. Ushakov («Kirghiz-kaisak») and V. Dal («Bikey and Mauliana») by unusual characters for their time. Both of these stories were translated into German and French languages and were successful in the West.

G. M. Gauriyeva, B. K. Akatayeva

¹Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor, Philological Faculty, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan;

²under-graduate student, Philological Faculty, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

e-mail: ¹gauriyeva@yandex.ru; ²akataeva.balzhan@mail.ru

**FORMATION OF PROFESSIONAL REFLECTION
IN FUTURE TEACHERS OF PRIMARY CLASSES**

The article deals with the process of organizing professional reflexion of students - future teachers of primary classes. The positive role of reflection in the training of future specialists is grounded. The study of literature leads to the conclusion that reflection has two levels: the level of the student's own learning and the level of organization of instruction. In the course of the study, the stages and methods of organization of reflection are highlighted. A set of tasks is proposed to activate reflexive activity. The conclusion is made that reflexive activity of students should be carried out with various types of educational work, using organizational forms of instruction by means of traditional and new information and communication technologies. Formed competences can become a source of professional growth for the future primary school teacher, which once again confirms the authors' idea of the need to purposefully promote the acquisition of reflexive students' experience.

Keywords: reflection, stages, student, educational process, reflexive activity, formation.

INTRODUCTION

The successful professional development of a person depends on his ability to adequately assess himself and her professional activity, that is, to what extent a person is capable of reflecting all the significant aspects of his professionalization. Effective development of professional reflection of future primary school teachers can be facilitated by the activation of students' work through their subjective world view. This task can be solved by organizing students' self-knowledge through reflection.

Reflection plays a determinative role in relation to other professional qualities; therefore, the educational process in the pedagogical university must be organized so that from the first year the future teachers have the reflection which

is formed specially. It is important to distinguish between two levels of reflection: reflection on one's own learning (in the position of «student») and reflection on the organization of instruction (in the position of «teacher»). The following stages of organizing reflection are distinguished in teaching:

– establishment of the subject (pre-reflexive) activities. This activity must be completed or discontinued;

– restoration of the sequence of actions which is performed [1, 25–26];

– study of the resulting sequence of actions in terms of its effectiveness, productivity, compliance with the tasks. Parameters for the analyses of reflective material are chosen from the ones suggested by the teacher or are determined by the student on the basis of their goals [2, 69];

– identification and formation of the reflection results. There are several types of such results:

– public activity products-ideas, proposals, identified patterns, answers to questions; ways that were researched or created (invented) in the course of activity; hypotheses in relation to future activities,

– testing of hypotheses in practice in the subsequent objective activity. An important factor affecting the effectiveness of reflection is the diversity of its forms, corresponding to the age and other characteristics of the participants in the educational process.

If the student can't independently enter the reflective space, then in this case an organizer is needed whose goal is to help the student to implement a reflexive output, discover his own resources and deficits.

On the basis of this, educational (professional) tasks are formalized by the forms of educational reflection and they are different groups of organizational forms of reflection (collective training sessions that allow, on the one hand, to make an artificial component in the formation of reflection, and the other – to «live» the student's role of both the «student» and the «teacher») and individual (oral discussion of any situation, written questionnaire, graphic representation of the changes taking place (state of health, level of cognition of personal activity, self-realization) [3, 98].

To diagnose the formation of reflection in students, the teacher can use such methods as observation, questioning and analyzing the products of activity. Pedagogical support of reflexive activities of students can include helping students overcome didactic difficulties while studying sections of the curriculum, in identifying the main, fundamentally important, what happened to them over the period, in aligning the goals and results of activities, and in developing evaluation criteria and self-evaluation.

Teacher can systematically use the reflection of the students in the form of oral statements, interviews or observations. In this case, teacher needs to use both

external and internal observation. External observation is necessary for tracking behavior (it should be conducted by the teacher). The internal observation (or self-observation) is conducted by the students themselves and is recorded in self-reports.

At the end of the topic or section of the discipline, teachers can conduct a written reflection of the students' learning work, including evaluation activity. During reflection, students can be supported by the following questions: What did they want to receive? What have you got? What are the coincidences and places of gaps between the goal and the result? What are the causes of gaps? What did they do and how? It is very important here that the results of reflection become the basis for planning future activities. At the same time the teacher must constantly remind future teachers that the skills of reflective activity are formed in the process of mastering it and depend on the frequency of access to it.

Reflective teaching means looking at what you do in the classroom, thinking about why you do it, and thinking about if it works – a process of self-observation and self-evaluation.

Many teachers already think about their teaching and talk to colleagues about it too. You might think or tell someone that «My lesson went well» or «My students didn't seem to understand» or «My students were so badly behaved today».

However, without more time focusing on or discussing what had happened, we may tend to jump to conclusions about why things are happening. We may only notice reactions of the learners. Reflective teaching therefore implies a more systematic process of collecting, recording and analyzing thoughts and observations, as well as those of our learners, and then going on making changes.

The problem of organizing and adjusting educational activities is related to the success of its comprehension. Traditional pedagogy does not require an understanding of what is happening neither from the teacher, nor from the students, there is no place for reflexive activities. Instead, fixation or generalization of the acquired knowledge is applied. The teacher is most often offered a set of ready-made tools for organizing the learning process at each stage. Personally oriented learning suggests solving the problem of setting learning goals, developing a curriculum, constructing a system of classes, forms of reflection and evaluation.

The goals of reflection are to recall, reveal and understand the main components of the activity: its meaning, types, ways, problems, solutions, results, etc. Without understanding the ways of their teaching, the mechanisms of knowledge, learners will not be able to appropriate the knowledge which they have obtained.

Reflection helps students formulate the results, redefine the goals of their future work, and adjust their educational path. If the physical sense organs for man are the source of his external experience, then reflection is a source of inner experience, a way of self-knowledge and a necessary tool of thinking.

Without reflection, there is no teaching. A person who repeats the activity specified in the sample a hundred times, may well not learn anything. The one who repeats only does not study. Mastering occurs only when directed reflection is included in the case, at the expense of which the schemes of activity themselves are distinguished-the ways of solving practical problems or reasoning. Assimilation acts as a direct product of such a reflexive process. Educational activity is a «shuttle» movement of alternating activities – objective and reflexive.

Especially relevant is the reflection for distance learning forms, when the teacher and student are separated by space.

Reflection implies the study of activities already performed to fix its results and increase its effectiveness in the future. As a result of reflection, it is possible not only to think about the future activity, but also to build its realistic structural basis, which directly follows from the features of the previous activity.

MAIN PART

While conducting lectures at a university, teachers almost do not organize feedback with students to clarify (analyze). This type of activity is turned off from the process of forming a reflective self-awareness of bachelors. The problem was usually solved simply by controlling questions or questioning (written or oral in different forms during the seminar sessions). Therefore, the question remains, what the learner did not learn, and it is very necessary.

To solve this problem, we think, it would be good to use the following questions, which students answer at home, or on the day of the lecture, or the next day [4, 67]:

Table 1

What did the lecturer put forward in your opinion and why?	Which of the lecture thoughts you can use in the future? Why?
Have you thought about this problem before?	Why do you think that this will interest learners?
Do you think it is relevant? Explain why.	Did not you have a desire to continue studying this subject?
What did you discover for yourself by reading the lecture summary?	What conclusions can you make for yourself, having studied the lecture material?
What ideas or thoughts when reading the lecture made the greatest impression on you and why?	With which ideas expressed in the lecture, you cannot agree? Formulate your position and argue it

The practice of organizing studies at the university has shown that the formation of reflexive skills occurs consistently: from mastering theoretical knowledge in discipline and practical actions of reflecting pre-design of future professional activity (for example, designing lessons, problem situations).

Such a succession of the formation of reflexive skills helps future teachers of primary classes to master the ways of developing educational reflection in unity with the development of professional reflection. Inclusion of students in reflexive activities should take place in the process of studying all courses, and not only within the framework of a separate discipline.

At various stages of the seminar sessions, reflexive activities of students need to be carried out with different types of educational activity, using various organizational forms of training: both traditional and new information and communication technologies (for example, when creating mental maps).

Tasks aimed at forming skills in communicative, personal, intellectual and cooperative reflection can be proposed. Here are examples of such assignments:

– Write an essay based on your reflections on the key problems of teaching younger students.

Predecessors not bring their zeynettiligine vulnerable. Thus, the second paragraph coñindagi «jaynaydı light» phrase algandagi ajarlılıgımen before him with a «black eye» that phrase that the spirit. Thus, the «black eye» in the sense of the phrase in particular, has a much broader impact caused by the light as bright black eyes. So no change even though it is not a black eye to the issue of a light as bright black eyes, the same «light jaynaydı» sponsored «black» even if it seems like the same sense of the word, as a whole, it appeared that I was cawlettene. Of course, in this regard, «jaynaydı light» of the value of the combination of the former «black» in order to avoid the problem that you have with an inappropriate word, anıqtay that happened. «Black» with awarding the concept at the pronunciation of the word black, agreed to draw up a «light jaynaydı» The increasing use of the concept of light jaynaw; supporting each of them one-on-one homework, so to a certain extent to be able to restrict the semantic analysis of hand. So determining the meaning of a word, and then there is the concept of a personal characteristic of the word, and accept the impact on the surrounding words, the value should be taken into account, including the extension. Without it, each in their own city and scattered cozder dialogue in the field of art will be named after ısraları. In this regard, the comparison: «You can see a light source jaynaydı» instead of «can pierce little black eyes», or «You can see the source of» Let's see. After the first example of elegance aldına degradation or even loss of both of us in the «black» solgındatıp a lot of the beauty of the word, grace instead of the usual view is that the result is usually only inform. That «light jaynaydı» remove the phrase, «black» will hope to avoid a dispute the nature of a lot to offer in the areas of beauty. Coytip, «jaynaydı light» combinations zeynettilikti limited to saying these words, in his own words to let light drops dramatically, caused by the effect of each other cozderdiñ beauty would not open. And, by analyzing the style of the poet, realism and romanticism how it developed, etc. caraptawdı baffled. In addition, one of the cozderdiñ awdarılmasa attention to the impact of the specificity of poetry: a certain rhythm, rhyme, etc. The scope of the role of certain words in every sense of the word and the number of whom, etc. It would be impossible to prove. Such as compatibility with other writings of the value of words and phrases associated with will be played. For example, this passage itself, «reminds me of a new moon» be divided, with culwdiñ months posthumous Kazakh literature (only Kazakh adebetinde not, of course K. Zh.) qoldanılmaganı of course. Well, this is equivalent to the traditional song, with her months of diagnosis, self-evident that the toning bath. The reason for that is an alternative to the more pictures taken by a breakthrough would be timely. Indeed, the «thin black» and «strip» – eyebrows seen on the processing of the month to enjoy the beauty has a thin black strip template. This kelistilik nose «front side» and «a hundred pink» tied to language, tooth by hand «listed», as well as display (2 lines) further jotalana changing the

time. Third glomerular «kulkici video nightingale bird sayraydı» Whether we have experienced in more traditional alternative reading, further braided usırasımen photographs, other than the recurring manifestations own styles and laughter never found the type of securities to be affected. In particular, this funny is located in the neck after «a couple of mere» form of consistency of the existence of «white» ajarlılıqtı that the food «ulbiregen» status, its softness, etc. interesting part of these images can not be heard despite being made a mockery of himself in front of the city. And this zeynettilik models complement each other, to be united «to the delicate willow twig burañdaydı» showed that during the high point. So beautiful color («silver», «black», «money», «red», «torgynday», etc.) cute behavior («ham good sense of speech», «cawsagi comfortable», etc.), but agreed to action («willow twig burañdaydı») as a result of a combination of lyrical heroes management to assess how comprehensive will be impressed by the bilgenine. The same style of the poet, the realism of nature, able to represent the phenomenon of how broadly.

Did not wake when the history of the lyrics of Kazakh, only because of its emphasis on the creativity of the highest peak of Abay.

CONCLUSION

We can not afford a wider reason the legality of the maturity of the genre. A rich tradition of using it in the development of the Kazakh Abai's poetry raised to new heights in research, one big breakthrough was the beginning [2].

REFERENCES

- 1 «Дала уалаяты» газеті, 1986 ж. (басылған нұсқада «жалшы алдаған» емес, «жалпылдаған» түрінде берілген).
- 2 Жүсіп, Қ. П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар : Павлодар университеті баспасы, 1999. – 384 б.

Material received on 17.09.18.

Қ. П. Жүсіп¹, Н. Қ. Жүсіпов², М. Н. Баратова³

Абай Құнанбаев – сөз шебері

^{1,2,3}Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

К. П. Жусип¹, Н. К. Жусупов², М. Н. Баратова³

Абай Құнанбаев – мастер слова

^{1,2,3}Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

Мақалада қазақтың белгілі ақыны Абай Құнанбаевтың сөз шеберлігі жан-жақты қарастырылады. Ақын өз өлеңдерінде табиғаттағы құбылысты жалаң баяндауға салынбай, немесе оның бар қырын тәліштеуге де түсіп кетпей, оның ең мәнді, өзекті қырларын екішеп, көрсете білу шеберлігімен көзге түседі. Мәселен, ақын «Жаз» өлеңінде ағыны қатты өзенді бейнелегенде, оның көлемін де, су реңін, толқын сипатын, жағадағы жардың қандайлық екенін т.б. ежіктемейді, оның тек естілу қалпын, «күркіреп» үн беруін бөліп алады. Сондай-ақ жаз кезіндегі құлын-тайдың көптеген әрекеттері ішінен де «айнала шауып бұлтылдап» көрініс беруін таңдап бейнелейді.

В этой статье подробно рассматривается словесное мастерство известного казахского поэта Абая Кунанбаева. Поэт в своих стихотворениях не просто описывает природные явления, а полностью раскрывает суть этих явлений. Например, в стихотворении «Лето» поэт не стал детально описывать сильный речной поток, ее объем, цвет воды, форму волны, обрыв побережья и т.д., а выделил только состояние звучания, а также «грохочущий» голос реки. А также, в стихотворении особенно выделяется изображение поведения жеребенка в летнее время и т.д.

FTAMP 17.01

А. Т. Ибраева¹, А. Ф. Зейнулина²

¹п.ғ.м., Тарих және филология факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 141001, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к, профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: 'aiko_tarbinovna@mail.ru; 'akbura66@mail.ru

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМДІК ҰСТАНЫМ

Ұлттық театрымызда заманауи тақырыпты, замандас бейнесін, бүгінгі күннің қаһармандарын, бүгінгі әлеуметтік мәселелерді сахнаға шығару жағы бүгінгі заман талабы. Заманауи тақырыптағы пьесалар жазылып жатса да, бүгінгі күннің тақырыбын драматургияның шарттарына лайықтап жазу мүлде басқа дүние. Ең бастысы, әр драмалық шығармада ұлттық таным болмысы терең болу керек.

Аталмыш мақалада заманауи қазақ драматургиялық шығармалардың тақырыптық – жанрлық аспектілері мен ондағы драмалық образдардың суреттелу көркемдігі және ұлттық танымның насихатталу өрнегі қарастырылады. Драмалық туындылардағы қаһармандардың суреттелу болмысы мен заман шындығын танытудағы жазушы шеберлігі анықталады. Драмалық туындылардағы образдардың көркемдігі мен тарихи – заман шындығындағы қоғам тынысын жазушылық пен драматизмнің көркемдік ерекшеліктеріне, ұлттық ұстанымына, руханияттық жаңғыру жолындағы драматургиялық шығармашылыққа талдау жасалынады.

Кілтті сөздер: драматургия, ұлттық таным, драматургиялық жанр, рухани элем, пьесалық идея, көркемдік жүйе, тарихи дерек, қазіргі драма.

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. ХХ ғасырдың басындағы қазақ драматургиясы К. Тоғысовтың «Надандық құрбаны» (1915), Ж. Аймауытовтың «Рәбиға», «Ескерту», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар»,

«Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз», Қошмұхаммед (Қошке) Кеменгеровтің «Алтын сақина», «Парашылдар», «Ескі оқу», Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Хан Кене», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә. Әбішевпен бірігіп жазған), Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», Бейімбет Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік», «Майдан», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазған), Илияс Жансүгіровтің «Кек», «Түркісіб», «Біздің жігіттер», «Исатай-Махамбет», Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде», Ғабит Мүсіреповтің «Аманкелді» (Б. Майлинмен бірігіп жазған), «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» операсының либреттосы т.б. көрнекті драматург-қаламгерлердің (Ж. Шанин, Ә. Тәжібаев, Ә. Әбішев, М. Ақынжанов, т.б.) пьесалары-спектакльдері ұлттық әдебиет пен театр өнерін дамытуға мол үлес қосты.

Қазіргі қазақ драматургиясы әлемдік классикалық дәстүрді шығармашылықпен қабылдай отырып, ұлттық топырақтағы осы өнердің өркендеуіне жаңашылдықпен үлес қосып келеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі салтанат құрған жылдары жазылып, бірқатары театр сахналарында қойылып келе жатқан әртүрлі тақырыптардағы пьесалар классикалық драматургия жанрларының уақыт пен кеңістіктегі еміршен, ұлағатын айғақтайды.

Қазақ әдебиетіндегі драматургия жанры еліміз тәуелсіздік арнасына түскеннен кейінгі кезеңде өзіндік даму бағытымен, көркемдік ізденістерімен, жанрлық нлгілері, стильдік өрісімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік тегеурінімен ел өміріне енген өзгерістер, рухани әлеміміздегі желісі үзілмеген тарихи сабақтастық, азат сана тудырған айшықты оралымдар, тартыс үстінде ашылған мінез, адамдар ортасындағы драматизмді жеткізудегі авторлық ұстанымдар осы кезеңдегі драматургтер шығармашылығынан айқын аңғарылады. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ драматургиясында жанрлық, поэтикалық өзгерістер мәдени өмірімізде жаңаша қарқынмен көрінгенін байқауға болады.

Поэтикалық шығармашылыққа жеке дара мағына дарыту арқылы қазақ драматургиясы қазіргі замандық тіл мәдениетінің көркем эстетикалық қуатын байыта түсті. Қазіргі таңда төл драматургиямызда өзіндік ізденістерімен, соны көркемдік жүйесімен көзге түсіп жүрген драматургтеріміздің шығармашылығы зерттеу нысанына толық алынбай, даму бағыттары айқындалмай келеді. Руханият мәселелеріне жете мән беріліп жатқан кезеңде қазақ әдебиетінің қиындылықтарын игеру басты назарда болатыны белгілі. Халқымыздың рухани әлемі көркем шығармалармен үнемі толығып отырады.

Жаңа заманға бейімделіп, қоғамдық зәру мәселелерге жүйелі түрде үн қосып отыратын қаламгерлер туындыларын талдап, таразылау қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі біз өмір сүріп отырған ғасыр – қарама-қайшылықтар ғасыры. Қоғамда орын алып жатқан түбегейлі өзгерістер адам болмысына, ел тұрмысына, дәстүр-салтына қалай әсер еткендігі драмадағы әлеуметтік сарын, астар түрінде көрініс тауып отыр. Ол авторлық баяндау, бірде кейіпкер әрекеті мен ашық идеясы арқылы берілсе, енді бірде ирония мен сарказм тұспалында ишараланады. Қазіргі қазақ драматургиясындағы басым үрдістердің бірі ретінде адамның ішкі қасиетін жандандыру, жеке образдарға дейін әсірелеу арқылы көркем шарттылық іздерін айқындау да маңызды мәселе. Осы ретте қазіргі драмалық туындылардың жанрлық – тақырыптық болмыстары да өзгеше. Осы орайда Қалихан Ысқақовтың «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есеней – Ұлпан», «Жан қимақ», «Сабатаж!», «Қылкөпір», «Мазар», «Ерліктің екі сағаты», «Апатай», «Жәке-Жәкетай», «Сайқының тұқымдары», «Қазақтар» барлығы жиырмаға жуық пьесасы бар. Дулат Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының даму қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1982), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы топты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Қаламгердің «Жеті желкен» (1987) атты таңдаулы пьесалар жинағы жарық көрген.

Иранбек Оразбаевтың (Иранғайып) «Хайуандық комедия», «Алтын адам», «Естайдың Қорланы», «Қорқыттың көрі», «Махамбет», «Мауглидің оралуы», «Шоқан», «Мен ішпеген у бар ма?..», «Былыққа батқан қала» пьесалары бар.

Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры» пьесалары оның ақындық сыршылдығы ықпалындағы лирикалық, психологиялық сарындылығымен ерекшеленеді.

Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері камтылған.

Жазушының пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнеленген. Мысалы, «Ең әдемі келіншек» лирикалық-психологиялық

әуенді пьесасындағы кейіпкерлер тағдыры қайшылықты тіршілік келбетін, әралуан адамдар тағдырларын романтикалық және реалистік болмысымен көз алдымызға әкеледі.

Жазушының пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнеленген. Мысалы, «Ең әдемі келіншек» лирикалық-психологиялық әуенді пьесасындағы кейіпкерлер тағдыры қайшылықты тіршілік келбетін, әр алуан адамдар тағдырларын романтикалық және реалистік болмысымен көз алдымызға әкеледі. Пьесаның басты кейіпкері – Гүлбаршын. Осыдан он жыл бұрын Алматыдағы жоғары оқу орнын бітіргендер сол айтулы күнді атап өту үшін жиналып, тойлап жатқан қауышулар сәттеріндегі сезім өрнектері, тағдырлар тоғысуы – сахналық қойылым жағдайына орайластырыла берілген. Басты кейіпкер Гүлбаршын мен жанама кейіпкерлердің (Абдолла, Алтай, Жиенбай, Мадина, Зухра) монологтары мен диалогтары арқылы – әйелдер мен еркектер арасындағы шынайы махаббат пен тағдыр ықпалындағы қарапайым жұбайлық ғұмырға көнетін тұрмыстық психология қайшылығы көрсетілген. Студенттік жылдарының алғашқы курсына он алты жастағы Гүлбаршын бірге оқитын Алтайға ғашық болған екен. Алтайға деген алғашқы махаббат сезімін ұмытпаған Гүлбаршынды аласапыран көңіл-күйдегі хал-ахуалымен көреміз. Өзі сүйген адамы Алтайға қосыла алмағандықтан, күйінішті болып жүрсе де, өлердегі сөзін айтып соңынан қалмай қойған Жиенбайға тұрмысқа шыққан, бірақ оның қызғаншақтығынан, ақыры сотталып кетуінен кейін жалғыз жүрген Гүлбаршын тектес тағдырларды елестетеді.

Пьесаның сюжеттік-композициялық құрылысындағы Гүлбаршынның сырт сұлулығына, мінез тартымдылығына еліккен Абдолланың да, бұрынғы өзіне ғашық қыздың ықыласына қайта ие болғысы келген Алтайдың далбаса – екіұдай көңіл-күйі де сенімді өрілген. Пьесаның көркемдік түйіні – ғұмырдың сұлулығы өзіңді жақсы көретін адамның сезімі екендігін бағалау.

Пьесаның көркемдік шешімін танытатын кейіпкер Жиенбайдың диалогтары мен монологтары әйелді жан-тәнімен сүйген еркектердің орынсыз қызғанышқа ерік беретініне де, маскүнемдікке салынатынына да, қызғанған адамдарымен төбелесетініне де, содан сотталатынына да кейіпкер тағдыры сендіреді. Бірақ, өзі ғашық болып қосылған әйелден ешқашан ажырағысы келмейтін, жылдар өтсе де қайта қосылудан күдер үзбейтін еркек махаббаты Жиенбай тағдыры арқылы жинақталып берілген.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы жиырма жылдық кезең Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастарында көптеген өзгерістер болуымен ерекшеленді. Бірнеше ғасыр бойы басқа дінді жатжұрттың отарлық құрсауында болған қазақ халқының әлеуметтік жағдайында, адамдардың қарым-қатынастар жүйесінде

өзгерістер, құбылыстар орын алды. Хакім Абай шығармаларында өткір сыншыл тілмен сыналған халық ортасындағы жағымсыз қасиеттер, дағдылар қазіргі заманның қайраткер қаламгерлері тарапынан да өткір сыналды.

Демократия ұғымын бетперде етіп, қалай да биік мансапқа, билік қызметтеріне қол жеткізу үшін маңына жинап алған жандайшаптарымен, жағымпаздарымен сыбайласып, елдің қамын жегенсіп, көпірме, көбік сөздерімен қарапайым халықтың мазасын, уақытын алғаннан басқа түк бітірмей, босқа далақтап жүрген дарынсыз, қабілетсіз, қуыс кеуде сұмпайылардың әртүрлі билік орындарында жүргендері де тәлім.

Жазушы Сұлтанәлі Балғабаевтың «Гойдан қайтқан қазақтар» атты екі бөлімді комедиясы – қазіргі кезеңдегі осындай келеңсіздікті бейнелеген сатиралық туынды. Комедияның барлық кейіпкерлері қазіргі кезеңдегі адамдардың іс-әрекеттері, мінез-құлық дағдылары жинақталған сипаттарымен көрсетілген. Қазақ тарихын жазуда өздерінің руының адамдарын, «...батыр бабамыз ...бес жасында шешен, он жасында қол бастаған көсем болды...» (124 б.) деп, өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай етіп жазып жүрген суайт «тарихшы-ғалымдар» Асай Мүсеевич бейнесіне жинақталған: Жергілікті билік орындарындағы билік иелері пьесадағы кейіпкер Қошқарбай секілділер ондай алаяқ «зерттеушілерді»: «Ұлы ғалым... Бұл кісінің ашқан жаңалықтары!.. Әсіресе, біздің батыр бабамыздың бес жасында шешен... он жасында қол бастаған көсем болған дейгін жаңалығы сұмдық!.. Ұлы ғалым!» (140 б.) деп жар салып жарнамалауы – қазіргі кезеңдегі келеңсіздіктердің нақты көрінісі.

Пьесадағы кейіпкер Мәлис Әлібаевич – жоғары мемлекеттік билік қызметіндегі лауазымын ауылдастарын, туыстарын, жағымпаздарын-жандайшаптарын маңына жинауға пайдаланған, сол арқылы өзін-өзі насихаттаумен қызмет істеп жүрген билік аппараттарындағы қуыс кеуде шенеуніктердің жинақталған бейнесі. Ол жағымпаздарының жандайшаптарының қолдауымен билік аппаратындағы жауапты қызметкер, одан әрі министр, премьер-министр, тіпті Президент болуға да ұмтылып жүрген қазіргі мансапқорлар тағдырын айқын елестетеді. Пьеса кейіпкерлерінің өзара диалогтары уақыт шындығын сыншыл реализм көркемдік әдісімен айқын елестетеді: «Асай Мүсеевич. ... Айтпақшы дейім, Мәлис Әлібаевич, сіз алдағы сайлауда президенттікке өз кандидатураңызды ұсынуыңыз керек! Мәлис Әлібаевич: Жо-жоқ, оған әлі ертеу!.. Ертеу!.. Ең алдымен (даусын ақырын шығарып). Сізден несін жасырайын, осы жақында министр болатындай мүмкіндігім болып тұр!» [Жазушының аталған кітабы, 129 б.].

Қоғамдағы билік жүйесінде орын алып отырған сыбайластықтың, жемқорлықтың негізі – бірін-бірі жалған көтермелеумен жауапты қызмет

орындарына қойып жүрген жағымпаздық, жандайшаптық, алаяқтық жайлаған түрлі деңгейлердегі билік иелерінің сықпыттары осы пьеса кейіпкерлерінің диалогтарынан айқын аңғарылады. Министр болуды ойлап жүргені аузынан шығуы мұң екен, жандайшаптар (Асай Мүсеевич, Қошқарбай) оның, тіпті премьер-министр болуы тиістігін айтып даурығады. Пьесадағы басқа да кейіпкерлер (Саудагер, әйел, билетсіз жолаушы) кез келген мәселеде екіжүзділікпен өмір сүретін қазіргі тұрмыс қайшылықтарын да уақыт шындығына сәйкес іс-әрекеттерімен бейнелеген. Жолаушыларға, халыққа мінсіз, адал қызмет етушілер болып сырттарымен сыпайы көрінетін, бірақ билетсіз жолаушыларға, саудагерлерге және т.б. өздеріне пайдасы тиетіндерге ғана «қызмет» істейтіндердің келбеттерін танитымыз.

Пьесаның идеялық-композициялық желісінен мынадай өзекті мәселелердің поэтикалық мағыналық саралануы байқалады: біріншісі – қазіргі билік жүйесіндегі білімсіз, біліксіз мансапқорлардың қоғамның басым бөлігіне жайлап алғандығы; екіншісі – тұрмыстық-материалдық және рухани мәдениет салаларындағы халыққа қызмет етудің тек ғана тамыр-таныстықпен, рушылдық көзқарасқа негізделген сыбайлас жемқорлықпен бытысқан, сұрқиялық, екіжүзділік жайлаған сипаты.

Пьесадағы кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшеліктері, тұрмыстық көзқарас деңгейі арқылы автор қазіргі қазақ ұлтының мүшкіл әлеуметтік хал-ахуалын аңғартады. Пьесада тойдан қайтып келе жатқан, шала мас күйінде кері бағыттағы пойызға мініп кеткен кез келген ортада саясатшы», «мемлекетшіл», «ұлтшыл», «отаншыл» боп көрінгісі келетін көпірмелі көбік сөзді білімсіз, біліксіз даңғой «ғалымсымақтар», жемқорлар ұсақ саудагерлікпен ғана жан сақтап жүрген қарапайым халық, т.б. – адамдар бейнелері уақыт шындығы тұрғысында ұсынылған. Пьесаның соңындағы билетсіз жолаушы атауымен шығарма құрылысында поэтикалық мағыналы орын алған кейіпкердің сөзі – жазушының қазіргі ұлт тағдырына алаңдаған ойын айқын аңғартады: «Ай, қазақтар-ай! Қайран, қазақтар-ай! Барар жерлеріңе аман-есен жетер ме екенсіңдер?! Тағы бір пәлеге ұшырап қалмай, аман жетер ме екенсіңдер?!» [Жазушының аталған кітабы, 161 б.].

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті дамуының үдерісінде қазақ драматургиясы игерген өзекті мәселелердің бірі – ұлттық тарихымыздағы ақтандақ болып келген тақырыптарды көркем шындықпен жазу.

Қазақтың ұлттық тарихындағы дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып, сақталуымызға қайраткерлікпен-көсемдікпен өмірін арнап, еңбек еткен хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесары), би-шешендеріміздің (Төле, Қазыбек, Әйтеке, т.б.), ақын-жырауларымыздың (Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, т.б.), батырларымыздың (Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сырым, Исатай, Жанқожа, т.б.),

ғұлама-ағартушыларымыздың, қоғам қайраткерлерінің (Әбунасыр әл-Фараби, хакім Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов), т.б. ондаған тарихи тұлғаларымыздың сөз өнері туындыларындағы көркем бейнеленуі жаңаша серпінмен өркендеді. Әсіресе, XX ғасырдың 80-жылдарының ортасынан басталған ұлт тарихының бұрын әдейі назарға алынбай келген тұстары асқақ рухты романтизм мен сыншыл реализм көркемдік әдістері тұрғысынан мол қамтыла жазыла бастады. Әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының барлық салаларында елеулі туындылар жазылып, оқырмандарға ұсынылды.

Драматургия саласында да халық ықыласпен қабылдаған тың туындылар жазылып, республика театрларының сахналарында қойылумен келеді. Драматург пьесаларының кез-келгенін алсақ та, оның әрқайсысынан біз заманға лайық кейіпкерлердің шынайы бет бейнесін көреміз. Өйткені драматург жазған пьесалардың бәрі сахнаға лайықталып жазылғандықтан, режиссердың қатаң өзгертуіне ұшырамастан сахналанып жүр.

С.Балғабаевтың барлық драмасынан, мейлі ол 80–90 жылдардағы жазылған пьеса болсын, тіпті тәуелсіздік алғаннан кейінгі бүгінгі қоғамда жазылған пьеса болсын, одан әрдайым заманның бейнесі сезіліп тұрады. Драматургтың өзіндік ерекшелігі деп те осы қырын айтуға болады. Еліміз егемендік алған жылдан бері театр репертуарындағы тарихи қойылымдар, драма, трагедия, комедия жанры ерекше дамып келеді. Сол жеткен жетістіктердің арасында Сұлтанәлі Балғабаевтың да алар орны зор. С. Балғабаевтың жазған шығармаларының барлығы да театр сахналарында қойылып, репертуарлардан берік орын алған. Оның шығармашылық тілі көркем, көрермендер мен оқырмандарға терең ой салатын заманауи пьесалар.

Қазіргі драматургтертердің ішіндегі ұлттық мінез-сипатын шынайы беріп жүрген жазушымыздың бірі – Дулат Исабеков. Жалпы қандай мәселені қаузап, қалам сілтесе де, тұтастай алғанда Дулат Исабеков шығармашылығының лейтмотиві – ұлттық болмыс. Халқының келешегін көкейден әсте шығармайтын қаламгердің әр туындысы келелі ой-толғамдарымен, кесек бітімімен, көркемдігімен бағалы. Өткен ғасырдың 60–80 жылдары жазылған әңгіме-повестерінің өзінде, қалам иесі ұлттық құндылықтарымыздың жоғын жоқтап, барын сақтауды басты шығармашылық мұратқа айналдырған болатын. Жалаң дидактизмге бой алдырмай, өмірдің шынайы қалпын байқампаздықпен бедерлеген «Талахан -186», «Қара шаңырақ», «Ақырамаштан наурызға дейін», т.б. әңгімелерінің мәтіндік қабаттарындағы астарлы аңдатпалар мен жанама мегзеулерден ұлт келешегіне алаңдаулы қаламгерлік зерде нышан береді.

Повесть жанрындағы «Гауһар тас», «Сүйекші», «Дермене», «Пері мен періште» сынды шоқтығы биік туындыларынан да ұлттық мінез, қазақы діл,

сайып келгенде -ұлттық өмір ақиқаты айқара ашылып, қаламгерге тән оқшау шығармашылық тұғырнаманы танытып тұрады.

Қаламгердің «Бақыт құсы» пьесасы – бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселелерін дөп басып көркемдеген туынды. Бүгінгі күннің қайшылыққа толы көрінісі. «Бақыт құсы» пьесасы драматизмге толы әрі қоғамның сан алуан өзекті тақырыбын қамтыған, қым-қиғаш қақтығыстан, толассыз тартыстан тұратын пьеса десек, артық айтқандық болмас. Себебі бұл пьеса – өз тілін білмейтін мәңгірттер, қызылды - жасылды дүниеге қызыққан тойымсыздар, қанағат етуді білмейтін пенделер, қара басының қамын ойланған өзімшілдер, дәстүрін, дінін, ділін ұмытқандар, бауыр еті баласын тастап кеткен тасбауыр ана, ақшаның соңында кетіп, бала тәрбиесіне көңіл бөлмейтін ата -аналар, адамгершіліктен ада болған адамдар турасында. Бектұр мен Бәтұрдың арасындағы диалогтан, ана мен баланың ой қарсылығын, яғни, қазіргі кездегі түрлі өзекті мәселелерден туындаған драмалық жағдайды көркемдеп жеткізген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ драматургиясын бай тарихи дәстүрі бар және әлемдік әдебиеттегі жаңа тенденцияларды бойына сіңіре отырып, жаңа эстетикалық құндылықтарды қалыптастыра алған, өзіндік болмысы туындаған өнер саласы ретінде көре аламыз. Әлемдік драматургиядағы документальді драма, вербатим-драма, шоуға құрылған синкретті мюзиклдер және т.б. экспериментальді театрдағы әртүрлі жаңа жанрлар әлі біздің драматургияда толыққанды көрініс беріп жатпаса да, тәуелсіздіктің алғашқы ширегінде үлкен әрі маңызды жолды басып өтті. Осы ретте, қазіргі қазақ драматургиясының басты эстетикалық құндылықтары ретінде:

1 Постструктуралистік эстетика мен тұтынушылық қоғамның жемісі көрерменнің маңызы мен оны сахнадағы оқиға бір әлемге айналдырып жіберу, драматург – автордың танымына емес, көрерменнің танымына басымдық беру;

2 Пьесадағы драматургтың, оқиғаның, кейіпкердің, актердің, сахнаның, көрерменнің хронотоптарын ескеру әрі жымын білдірмей үйлестіре білу;

3 Диалог мен монологтардағы терең психологизм мен салмақты интеллектуализм;

4 Ұлттық нақыш пен колориттің көрініс табуын айта аламыз.

Драманың эстетикалық мәніне автордың өзіне тән айрықша индивидуумымен көркем шығарманың сюжеттік мазмұны және кейіпкерлер характері де жалпылама мән беріп, сырттай мазмұндап шығуымен толығады.

Тәуелсіздік жылдары бостандық жолындағы күрес, елдік, ерлік рух, ұлттық сана арқау болған тарихи драмалық шығармалар өнімді жазылды. Бұл туындылардағы құрылымдық-стильдік, көркемдеу тәсілдерінегі

жаңашылдық нышан - белгілер қазіргі заманғы драманың көркемдік әлеуетін танытты. Тарихи драманың тақырып ауқымы, көркемдік, жанрлық - стильдік төлтума бітімі айқындала түскен шығармалар қазақ драматургиясының қомақты бір саласына айналды.

Тәуелсіздік жылдарындағы драмалық туындыларда жаһандану дәуірінің, кезең болмысының зәру мәселелері көркемдік талқыға тартылып, рухани құбылыстарды, заман келбетін сомдаған типтік бейнелер, қалыпты өмір тартыстары ауқымында ашуға ден қойылды.

Қазіргі қазақ драматургиясы – ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму үрдісінде өзіндік орны бар, ұлттық көркем сөз дәстүрін байытуға елеулі үлес болып қосылған туындылар екенін бүгінгі уақыт дәлелдеп берді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Сығай, Ә.** Театр тағлымы. – Алматы, 2003. – 320 б.

2 **Нұрғалиев, Р.** Айдын. Қазақ драматургиясының жанрлық жүйесі : Монография – Алматы : Өнер, 1985. – 400 б.

3 **Ордалиев, С.** Қазақ драматургиясының очеркі. – Алматы : Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1964. – 272 б.

4 Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі : Ұжымдық монография. – Алматы : Кие, 2009. – 488 б.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

А. Т. Ибраева¹, А. Ф. Зейнулина²

Национально-художественные принципы в современной казахской драматургии

¹Факультет истории и филологии,

Павлодарский государственный педагогический университет,

г. Павлодар, 141001, Республика Казахстан;

²Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

А. Т. Ibrayeva¹, A. F. Zeynulina²

National art principles in modern Kazakh dramaturgy

¹The Faculty of History and Philology,

Pavlodar State Pedagogical University,

Pavlodar, 141001, Republic of Kazakhstan;

²Faculty of Humanities and Education,
S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

Представление на сцене современных социальных проблем, героев нашего времени, образа современника, тематики современного национального театра являются актуальными проблемами современности. Хотя и пишутся пьесы на современные темы, другое дело написать это в соответствии с требованиями современной драматургии. Самое главное, в каждом произведении должен быть глубокий смысл национального познания.

В данной статье рассмотрены формы пропаганды национального познания и художественная подача драматических образов, а также жанрово – драматических аспекты современных казахских драматических произведений. Определяется писательское мастерство отражения современной действительности и изображения героя в драматических произведениях. Сделан анализ драматического творчества относительно духовного возрождения, национальных принципов, художественных особенности драматизма и писательской деятельности в отражении исторической и современной действительности общественной жизни через художественные образы в драматических произведениях.

The presentation on stage of the modern social problems, the heroes of our time, the image of a contemporary person, the themes of the modern national theater are topical problems of our time. Although plays are written on contemporary themes, it is another thing to write them in accordance with the requirements of modern drama. Most importantly, in each work there must be a deep meaning of national knowledge.

In this article, the forms of propaganda of national cognition and artistic presentation of dramatic images, as well as genre and dramatic aspects of contemporary Kazakh dramatic works are considered. The writer's mastery of reflecting contemporary reality and depicting the hero in dramatic works. An analysis is made of dramatic creativity regarding spiritual revival, national principles, artistic features of drama and writing activity in reflecting the historical and modern reality of social life through artistic images in dramatic works.

ГРНТИ 16.31.41

А. Б. Кabanова

преподаватель, Карагандинский государственный технический университет,
г. Караганда, 100027, Республика Казахстан
e-mail: anar.kabanova@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ ТЕХНИЧЕСКОГО ПЕРЕВОДА ПРИ ОБУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

В статье рассматриваются аспекты коммуникативной профессиональной переводческой способности, связанные с организацией и запоминанием лексического материала, усвоением лексических единиц, семантической информации о них, формирование лексической компетенции, как составляющей иноязычной коммуникативной компетенции, способности отражения научной важности, возможности и основные приемы перевода. Выделяются навыки и умения, которые необходимо сформировать в процессе обучения переводческой деятельности в неязыковом вузе, дающие возможность умения создавать тексты в соответствии с коммуникативной задачей общения, важно иметь четкое представление о принятых обозначениях, сокращениях, системах мер и весов, которые должны совпадать как в оригинале, так и в переводе, хорошо владеть информационными технологиями, быть компетентным специалистом, умение передачи информации понятно и кратко, логическое мышление и точность в формулировках.

Ключевые слова: перевод, навыки перевода, лексическая компетенция, коммуникативная компетенция, аспект, лексический материал, тексты по специальности, техническая литература, краткость и ясность, переводческие или межъязыковые операции, парниковые газы, парниковый эффект, простые конструкции, энергетика, логическое мышление, точность в формулировках, технический перевод.

ВВЕДЕНИЕ

Вопрос о переводе в технических вузах продолжает волновать умы многих студентов и преподавателей профессионального языка, и относится к самым сложным и актуальным вопросам на сегодняшний день. Как

важнейшее средство научного процветания перевод представляет огромную научную и интеллектуальную ценность. По мнению многих ученых, являясь одновременно и продуктом науки, и важной составной частью, и условием ее существования, перевод способен отражать научную важность среди обучающихся.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Знание основ теории, границ, возможностей и основных приемов перевода по сути дела становится элементом общего образования человека. Следовательно, в современных условиях обучение переводу необходимо считать одним из приоритетных направлений в системе преподавания русского языка, в системе высшего технического образования, поскольку умение правильно понимать и переводить первоисточники в оригинале открывает доступ к мировым сокровищницам, дает ощущение непосредственного прикосновения к ним, дает возможность идти в ногу с мировой цивилизацией. Кроме этого, специалисты, умеющие переводить литературу по своей специальности, получают то конкурентное преимущество, которого лишены их коллеги, не владеющие навыками перевода.

При обучении студентов технических вузов переводу литературы по специальности возникает необходимость формирования лексической компетенции, как составляющей иноязычной коммуникативной компетенции. Формирование лексической компетенции обеспечивается специальной лексической стратегией, имеющей два аспекта.

Первый аспект связан с организацией и запоминанием лексического материала на основе специальных приёмов, основанных на учёте особенностей когнитивной деятельности студентов.

Второй аспект обеспечивает усвоение лексических единиц, семантической информации о них, отработку практических действий со словом на разных уровнях сложности. Формирование лексического потенциала студентов постоянно находится в поле зрения преподавателя.

Освоение профессиональной иноязычной лексики, выработка навыков во всех видах речевой деятельности и, главным образом, навыков чтения и перевода текстов по специальности невозможны без синхронизации и взаимосвязи иностранного языка и дисциплин по профилю обучения.

Основное предназначение технической литературы заключается в том, чтобы по возможности понятно и кратко донести какое-либо сообщение до своего читателя, будь то описание техники или научное открытие. Главное здесь – передача информации, а не эстетическая составляющая, что характерно, например, для художественной литературы. Но, с другой стороны, стремление к краткости и ясности, изначально присущее

для технической литературы, требует преимущественного выбора тех грамматических форм, которые могли бы обеспечить эту краткость и ясность.

В рамках своей работы попыталась перевести тексты из технических дисциплин с русского языка на казахский язык. Подробное исследование позволило сделать вывод о том, что обучение переводу должно опираться на знание структуры этой деятельности, в основе которой – владение переводческими или межъязыковыми операциями, которые позволяют достичь переводческой эквивалентности. В русском техническом тексте: «Парниковые газы – газы с высокой прозрачностью в видимом диапазоне и с высоким поглощением в дальнем инфракрасном диапазоне. Присутствие таких газов в атмосферах планет приводит к появлению парникового эффекта. Парниковый эффект – повышение температуры нижних слоёв атмосферы планеты по сравнению с эффективной температурой, то есть температурой теплового излучения планеты, наблюдаемого из космоса». Перевод данного текста с русского языка на казахский язык: «Парниктік газдар – жоғары айқындық диапазонындағы және жұтуылуы жоғары алыс инфрақызыл диапазонындағы газдар. Мұндай газдардың атмосфералық планеталарда болуы парник әсеріне алып келеді. Парниктік әсер – тиімді температурамен салыстырғанда, атмосфералық планетаның төменгі қабаттарының температурасының артуы». А так же выяснила, что в технической литературе есть и простые конструкции, структурно идентичные аналогичным, но есть и сложные, которым нет аналога. Например: слово на русском языке «парниковый» не имеет аналога при переводе на казахский язык. Успешно разобрав простые конструкции, но не справившись со сложными, читатель или сам переводчик не получит целостного представления о содержании технического текста. Более того, именно в таких конструкциях может содержаться основная мысль всего текста.

«Альтернативная энергетика – является возобновляемым ресурсом, он заменяет собой традиционные источники энергии, функционирующие на нефти, добываемом природном газе и угле, которые при сгорании выделяют в атмосферу углекислый газ, способствующий росту парникового эффекта и глобальному потеплению». Перевод данного текста с русского языка на казахский язык: «Баламалы энергия көзі жаңартылатын ресурс болып табылады, ол дәстүрлі энергия көздері жұмыс істейтін мұнай өндірілетін табиғи газбен және көмірмен алмастырады, олар жанған кезде, атмосфераға көмірқышқыл газы бөлінеді. Парниктік әсер жаһандық жылулық өсуіне алып келеді». В переводе технических текстов требуется формально-логическое, почти математически строгое изложение смысла оригинала. Здесь мы видим формально-логическое изложение, как: «которые при сгорании выделяют в атмосферу углекислый газ, способствующий росту парникового эффекта и глобальному потеплению» и правильный перевод: «олар жанған кезде,

атмосфераға көмірқышқыл газы бөлінеді. Парниктік әсер жаһандық жылудың өсуіне алып келеді».

При переводе научно-технического текста необходимо тщательно познакомиться с оригиналом. Не стоит переводить каждое предложение в отдельности, текст должен восприниматься едино и цело. Информация, которая в нем трактуется, никак не может быть понята без полного изучения оригинала. Не желательно перефразировать предложения, необходимо попытаться понять, какой эффект они несут именно в этом варианте и отразить это в результате своей работы. Важно иметь четкое представление о принятых обозначениях, сокращениях, системах мер и весов. Все эти элементы должны совпадать как в оригинале, так и в переводе. И в данном отношении особое место занимает вопрос соотношения вспомогательной лексики. В научно-техническом переводе мы часто сталкиваемся с проблемой предлогов. Отсутствует или ошибочно воспринимается соответствие этих предлогов в русском и казахском языках, в результате чего появляется ошибочный смысл. Научно-технический перевод является вариантом информативного перевода и в своей основе содержит его принципы. Характерные черты информативного перевода в том, что конечный текстовый результат только лишь сообщает информацию и не имеет какого-либо художественного эффекта.

ВЫВОДЫ

Таким образом, формируются навыки технического перевода при обучении профессиональному русскому языку. Это навыки, которые дают возможность умения создавать тексты в соответствии с коммуникативной задачей общения, хорошо владеть информационными технологиями, быть компетентным специалистом по своей основной специальности и уметь применять эти знания в процессе переводческой деятельности, быть внимательным, достойным и грамотным посредником коммуникации, а также креативной личностью, способной к саморазвитию и самосовершенствованию.

Исходя из вышесказанного, можно прийти к выводу о том, что добиться успеха в работе над переводом научно-технического текста можно при добросовестном отношении к выполняемой задаче. Помнить о сути научно-технического перевода, но в то же время облагораживать результат вследствие его приведения к адекватному варианту.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Комиссаров, В. Н.** Современное переводоведение : учеб. пособие. – М. : ЭТС, 2001. – 424 с.

2 **Комиссаров, В. Н.** Теоретические основы методики обучения переводу. – М. : Рема, 1997. – 110 с.

3 **Москальская, О. И.** Перевод технических терминов: в 2-х т. / Под общ. рук. О. И. Москальской. 2-е изд., стер. – М. : Русский язык, 1980. – Т. 1. – 760 с.

4 **Рецкер, Я. И.** Теория перевода и переводческая практика. – М. : Международные отношения, 1974. – 216 с.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

А. Б. Кабанова

Кәсіби орыс тілін оқытудағы техникалық аударма білектерін қалыптастыру

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,
Қарағанды қ., 100027, Қазақстан Республикасы.
Материал 17.09.18 баспаға түсті.

A. B. Kabanova

Formation of technical translation skills at the training of professional Russian language

Karaganda State Technical University,
Karaganda, 100027, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

Мақалада лексикалық материалды ұйымдастыру және есте сақтау, лексикалық бірліктерді меңгеру, олар туралы семантикалық ақпараттар, басқа тілдің коммуникативтік құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде лексикалық құзыреттілікті қалыптастыру, ғылыми маңыздылығын көрсету мүмкіндіктері, аударманың мүмкіндіктері мен негізгі әдістеріне қатысты коммуникативтік кәсіби аударма дағдысының аспектілері қарастырылады. Тілдік емес жоғары оқу орнындағы аударма жұмысын оқыту процесінде қалыптастыру үшін қажетті дағдылар мен қабілеттер беріліп, қарым-қатынастың коммуникативтік міндеттеріне сәйкес мәтіндерді құруға мүмкіндік береді, бастапқыда және аудармада сәйкес келетін, ақпараттық технология саласында білікті болу, құзыретті маман болу, ақпаратты анық және қысқа тұжырымдай білу қабілеті, логикалық ойлау және дәлме-дәлдіктің болуы туралы қабылданған белгілер, аббревиатуралар, шаралар мен салмақтар туралы нақты түсінік беру маңызды.

The article deals with the aspects of communicative professional translation skills, related to the organization and memorization of lexical material, the assimilation of lexical units, the semantic information about it, the formation of lexical competence as a component of the communicative competence of another language, the ability to reflect scientific importance, the possibilities and basic methods of translation. The skills and abilities that need to be formed in the process of learning to translate in a non-linguistic institution are given, which allow creating texts in accordance with the communicative task of communication, it is important to have a clear idea of accepted notations, abbreviations, systems of measures and weights, which must coincide as in the original language, and in translation language, it is good to know information technologies, to be a competent specialist, the ability to communicate information clearly and concisely, logical thinking and accuracy in the formulations.

FTAMP 16.21.45

Б. Қ. Қасым¹, А. А. Абдуалиева²

¹ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ., 080012, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹bkasym_gosyaz@mail.ru

ТҮРКІ СӨЗЖАСАМЫ: АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА

Мақалада сөзжасам теориясының негізгі ұғымы – сөзжасамдық уәжі ұғымы қарастырылады. Синхрондық уәжі бен диахрондық өнімділік арақатынасы талданады, сөзжасамдық уәжілік дәрежелері ажыратылып көрсетіледі. Уәжілік қатынас жүйе элементі ретінде зерделенеді, сөзжасамдық тілдік бірліктердің қызметі сипатталады. Сөздердің сөзжасамдық форманттармен байланысына қарама-қайшы келетін немесе сөздердің уәжілік қасиетіне әсер ететін семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық қасиеттері қарастырылады. Семантикалық кеңеюге және тарылуға жатқан уәжі сөздер талданады.

Кілтті сөздер: аталым, уәжі, таным, семантика, түсінік, белгі.

КІРІСПЕ

Тіл теориясы туралы зерттелімдер әлемдік деңгейде лингвистикалық жаңа бағыт-бағдар мәселелері көтеріліп, заман талабына сай шешімін тауып, коммуникативті-прагматикалық маңызы жоғары бағалануда. Кез-келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттігі заман талабына сай туып отыр. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде тараушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өндейді, қорытады,

елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады [1].

Тың мәселелердің бірі – *аталымның* жасалуындағы *сананың, танымның, ойлаудың* тілдегі таңбасы бүгінгі лингвистикада кешенді зерттелуде [2]. Тіл мен ойлау – бір-бірімен байланысты заңды құбылыс. Тілдегі таным көрінісі – таңбаны ғылыми тұрғыдан саралау – *таңба-аталым* – атау неден басталатын, қандай заңдылықтармен жүзеге асады, оның белгілері қандай, оның қалыптасу және даму үрдісін терең зерделегенде, талдағанда шешімін табады. Аталымжасауда халықтың танымдық ой-өрістік деңгейінің жан-жақтылығымен байланыстылығын тіл деректерінің сырына, құпиясына терең үңілуді қажет етеді. Соның негізінде тіл бірліктерінің жасалуындағы осы үрдістің қатысын зерттеу тіл мен ойлау арақатынасын жаңа қырынан тануға жетелейді.

Тілдің танымдық табиғаты мен сөз мағынасы – күрделі құбылыс. Тілде сөз мағыналарының танымдық табиғаты концептінің астарына топтастырылып отырылады. Демек, сөздің көне де жаңа мағыналарының сабақтастығын туғызу адам санасының ертеден келе жатқан танымдық операциясы деген тұжырымдаманың бойына жинақталған. Сөз мағыналарына қатысты сөз бен ұғым, сөз бен мағына, сөздің ішкі және сыртқы тұрпаты, т.б. бірліктердің сабақтастығы негізінде адамдар өзара тілдік қарым-қатынас жасағанда сөздер мен олардың мағыналарымен алмаспайды, сөзді толықтай тілдік қатынас құралы ретінде қажетіне жарата отырып, оймен, таныммен алмасады. Ал, *ойлау* – қоршаған әлемнің санада бейнеленуінің ең жоғарғы формасы. Ойдың бастапқы формасы – ұғым. *Ұғым* – заттар мен құбылыстардың санадағы бейнесі. Ұғымда заттардың жалпы және негізгі ерекшеліктері суреттеледі. Концептілердің негізінде адамдар сөздің ұғым түсінігін, мағынасын, идеясын біле алады. Ал, олардың берілу жолдарын *тілдік және логикалық модельдердің* астарынан көруге болады [2].

Дүниетаным жеке адамның, қоғамның деңгейінде өмір сүреді. Дүниетанымның жинақы бой көрсетер жері – ұлттық дүниетаным. «Адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі бір ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болды. Ол белгілері мен көріністері осы халықтың менталитетіне тәуелді болады. Бұл – халықтың бейнелер дүниесі, ырымдары мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшеліктері». Сондықтан жалпы адамзатқа тән дүниетанымның ұлттық ерекшелігін анықтау, құрылымын зерделеу, жалпы адамзаттық дүниетанымға қосқан үлес болады.

The problem is the development of critical thinking on lessons of English at the initial stage of the formation of communication skills. Possibilities for forming thinking techniques are not realized by themselves – the teacher should actively and skillfully work in this direction, organizing all the learning process so that, on the one hand, he enriched the children with knowledge, and on the other - in every way formed the methods of thinking, promoted the growth of the cognitive forces and abilities of schoolchildren [2].

Wide opportunities in the development of logical thinking of younger schoolchildren are opened in gaming. Game in the life of a 8-9 years old child all still takes a significant role, the use of games in the classroom teaches children to think independently. Moreover, games are always interesting and informative, and they are able to contribute to the learning process to knowledge and a desire to learn [2]. Need for the game and the desire to play must be used and directed in order to solve certain developing tasks.

Hypothesis is the process of formation of communicative competence at the initial stage of training English language will be more effective when using technology to develop critical thinking, than using methods based on traditional

approaches [3]. The goal is the formation of communication skills at the initial stage of teaching English, using the methods and techniques of the technology of development of critical thinking.

To achieve this goal, it is necessary to solve the following tasks:

1 To study the methodical and theoretical literature on theme and experience of using technology to develop critical thinking in English language lessons.

2 To study the possibilities of technology for the development of critical thinking as a means of forming communicative skills.

3 To test the existing methods of development of critical thinking of children of primary school age in English lessons.

4 To test the methodology for monitoring the development of critical thinking and to introduce it to formulate communicative skills of children of primary school age in English lessons.

5 Experimentally confirm and justify the effectiveness of applying the technology of development of critical thinking for the formation of communication skills in English classes in primary school.

Referring to the reference books and dictionaries of M. I. Dyachenko and L. A. Kandybovich, consider the following concepts. The process of formation is a long process, during which the mastery of knowledge, skills and skills, changing the psyche of the child in the process of active exposure. Communication skills – automated actions of speaking, performed without a noticeable consciousness, rationally, quickly enough and correctly, without unnecessary expenditure of physical and mental energy. The term “critical thinking” is known from the works of such well-known psychologists, as J. Piaget, J. Brunner, L.S. Vygotsky. In the professional language of teachers-practitioners in Russia it began to be used relatively recently. It is open thinking, not accepting dogma, developing by imposing new information on personal life experience. This is its difference from creative thinking [3].

Critical thinking is the starting point for the development of creative thinking, they develop in synthesis, interdependent. Critical thinking is the process of correlating external information with the knowledge of a person, development of decisions about what can be accepted, what needs to be supplemented and what to reject. The stage of the call. The teacher creates a problem situation, causing memories in their students on this topic, referring to their own experience. At this stage, the goal of the lesson is announced, the students It is accepted, there is a motivation for their further activities. Stage of comprehension (or semantic stage).

This stage involves getting to know new information. At the stage of comprehension, students face with new information; they try to solve the problem posed by relying on the information provided by the teacher, the text of the textbook or the document. Students express their own ideas and argue them [4].

Stage of reflection. This stage includes reflection, analysis, creative interpretation. On stage of reflection, students' attitudes are adjusted on the basis of the new information, the appropriation of new knowledge.

Using the technology of «Critical Thinking» in English lessons, the teacher develops the student's personality primarily with direct instruction in English, as a result what is the formation of communicative competence providing comfortable conditions for cognitive activity and self-improvement. The teacher stimulates the interests of the student, develops in him the desire to practically use foreign language, as well as study, thereby making real success in mastering the subject. Language is used for communication. In real-life communication, we use language to express what we mean (Lightbown and Spada, 1999); however, language is more than a tool for communication, it also represents social and cultural background. Learning merely the target linguistic knowledge cannot successfully engage learners into real-life communications in the target culture; they also need to acquire the target pragmatic competence, the capacity to incorporate cultural knowledge into language use and choose appropriate language in different sociocultural contexts.

Communication plays a priority role in interpersonal relations, because the information component of the communication process in the modern world determines a significant part of human life. The person who transmits information is called the communicator, the person who perceives it, the recipient. In the process of interaction (communication), the communicator and the recipient change places, because the functions of transfer and perception of information pass from one to the other. Note that there are such situations of communication when these functions are rigidly assigned to the subjects within a certain time, for example, the teacher (communicator) and listeners (recipients) at the lecture [5].

Communicative language teaching involves developing language proficiency through interactions embedded in meaningful contexts. This approach to teaching provides authentic opportunities for learning that go beyond repetition and memorization of grammatical patterns in isolation. A central concept of the communicative approach to language teaching is communicative competence: the learner's ability to understand and use language appropriately to communicate in authentic (rather than simulated) social and school environments.

Communicative competence includes knowledge of necessary languages, ways to interact with surrounding and remote people and events, skills of working in a group, possession of various social roles in the team. The pupil must be able to imagine himself, write a letter, a questionnaire, a statement, ask a question, lead a discussion, etc. To master these competencies in the learning process, a necessary and sufficient number of real communication objects and ways of working with them for the pupil of each level of study within each studied Subject or educational area.

Communicative competence affects learning success. A simple example: if the student is embarrassed to answer at the board or is experiencing excessive anxiety, his real answer (as an embodiment of communicative competence) will be worse than the available knowledge, and his assessment, respectively, is lower. The negative experience gained will negatively affect the subsequent learning activity.

The main purpose of teaching a foreign language is to form a communicative competence, i.e. Ability and readiness to carry out interpersonal and intercultural communication with foreign speakers that speak another language. From the communicative competence in many ways depends on the process of adaptation of the child to the school, in particular, his emotional well-being in the classroom. As is known, school adaptation is divided into educational and socio-psychological. The child should get used not only to a new kind of activity (training), but also to the people around him. If he easily finds a common language with his classmates, he experiences greater psychological comfort and satisfaction with the situation. And on the contrary, inability to communicate with peers narrows the circle of friends, causes feelings of non-acceptance, loneliness in the classroom, can provoke antisocial behavior.

The cognitive component forms knowledge about the value-semantic side of communication, about personal qualities that contribute to and impede communication, about the emotions and feelings that always accompany it, about the behavioral side of communication. A person learns to communicate, observing the behavior of close people, imitating their example, which is not conscious enough. A child, and even an adult, does not think about the very form of this process and can cognize it throughout life. This allows you to better understand the features of your own style of communication, improve it, diversify communication opportunities.

Example strategy «Clusters» are very simple rules. In the center is our theme, around it are large semantic units. System «Clusters» covers more information than we get in normal work. This reception can be applied in the call phase, when we systematize the information received before acquaintance with the main source (text) in the form of questions or headings of semantic blocks.

The «concept wheel» reception is effective use at the stage of the call. Students need to find synonyms for the word in the core of the conceptual «wheel», and fit into sectors wheels. You can write any concept in the center, for example: week, and on the axes, the activities, distributing them by the days of the week when studying the topic «Days weeks». At the end of the lesson, completing this wheel, bring them to the monologic statement «My Week».

Methods of work on the strategy of «Association»:

- the teacher pronounces a word or phrase in English;
- then the student is offered within 5–7 minutes to remember the words or phrases that come on the mind on the chosen topic;

– the keyword or phrase is written in the center a sheet of paper or as a title on a board;

– Students voice as many ideas as they come to mind until the time is over.

Example of the «Association» strategy

– the word «Summer»

– topic: Vocation

1 group-the sun, rainbow, rain, butterflies, swimming, a boat, a river, a bridge, a fish, a camp, a long day, a short night, blue sky, hot weather, wind.

2 group – ice-cream, apples, berries, a forest, cinema, games, bicycle, village, a kite, birds, water, travel, mushrooms, flowers, friends, free time.

Reception of speech charging is carried out by the teacher at the beginning of the lesson. The students thus receive material and for the perception of speech by ear, and for speaking. During such charging in the classroom from the first minutes

Lesson creates a language environment, with all students engaged in speech activity. She can play in the form of the game “Guess the Word” between two groups of children.

An example of the «Logical Chains» strategy is the «Snowball» game. This game is loved by children of all ages, without thinking that she is very activates their knowledge. It can be carried out at study any subject, since the study of any A new theme involves recalling children from memory already existing knowledge.

Example Strategy «Entangled Logical Chains» Relate the elements to each other (beginning and the end of the sentence) and merge them into pairs. Students connect both parts of the sentence, observing the rhyme:

1 Red, white, blue – a) Where have you been?

2 Yellow, gray, green – b) To London down and back.

3 Purple, orange, black – c) How do you do?

On the theme «The colors of the rainbow» Students are invited to choose from the proposed drawings about nature those that can serve illustrations to the poem (on the screen – slide presentation on the theme «Seasons»), which they listen:

1 Yellow leaves, orange leaves,

Red and green and brown.

Rainy time, windy time,

Autumn comes to town.

2 The snow is falling,

The wind is blowing.

The ground is white

All day and all night.

Students recreate the text of the poem from proposals, the order of which was intentionally violated when presenting the material:

1 I've got a dog 8 We run and play.

5 I take him out 2 His name is Jack.

12 He loves me, too! 9 Such clever tricks

4 His nose is black. 3 His head is white,

11 I love my dog! 6 Every day,

7 Such fun we have! 10 My dog can do.

Reception of «brainstorming» in the form of role-playing game, when all students ask questions one student (on duty) or in the form of a game «Question-answer» between two groups – this method activates the students to communicate in English. It is possible use at the beginning of each lesson. The lessons constantly use various techniques of developing critical thinking and, Of course, everything is in the form of a game. With the help of the «Clusters» or «Grapes» reception, you can recreate the knowledge that the student owns [6].

Venn's diagram is very popular with younger schoolchildren. It helps to distinguish between concepts about something. For example: compare the weather in the UK and Russia (grade 4), one circle is the weather in the UK, and the other is the weather in Russia, and their intersection is the same weather is in Russia and the UK. In addition, other methods of work are used, Promoting the development of communication skills among younger students: «Faithful and unfaithful statements», «Key terms», etc.

GAME is one of the most important forms of relaxation. For the initial stage of training for a foreign language, project tasks are often used. For this, the children are offered different options questionnaire survey. For example: “Ask your friends, and then tell me who is eating (drinking) at breakfast (lunch, dinner).

Game - pantomime: When studying the alphabet: to draw a letter (draw a letter in the air with your head or paired with a partner). The pupil (s) at the board performs this task, and other students guess the letter of the alphabet.

– When studying the theme of «My pet» portray the animal movement, facial expression, voice, gestures.

– When studying the theme of «My day» to depict the actions that are usually performed during the day. The song in the class is a good kind of relaxation, it gives The opportunity for students not only to relax, but also serves to form phonetic, lexical, grammatical skills.

CONCLUSION

In conclusion, critical thinking is a learning-oriented development approach of independent creative thinking person, on self-realization of the student's “I”, to develop the creative potential of the student so that he can apply received knowledge in later life and easily adapted in the surrounding world.

REFERENCES

1 **Anisimova, A. A.** Use of gaming technology as means of bilingual education // Municipal formation: innovations and experiment. – 2012. – № 3.

2 **Dubrovka, A. M.** Technology for developing students' critical thinking in chemistry lessons as a means of developing self-education skills and improving quality Education // Experiment and innovation in the school. – 2010. – No. 3.

3 **Istomin, A. V.** Innovative pedagogical technology of critical thinking through reading and a letter // Experiment and innovation in school. – 2009. – No. 6.

4 **Lavrishcheva, M. Yu.** Methodical development on the formation of sound-producing competence at the initial stage of teaching English // Experiment and innovation in school. – 2012. – № 4.

5 English as a Global Language. – Cambridge : Cambridge University Press

6 **Полат, Е. С.** Метод проектов на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе – № 2, 3. – 2000.

Material received on 17.09.18.

*Ж. Д. Нуржанова¹, Р. Ф. Жусупова², Ә. Б. Құрманбаева³,
Н. Т. Абайкенова⁴*

Ағылшын тілі сабағында сыни тұрғысынан дамуы коммуникативтік дағдысын қалыптастыру тәсілі ретінде

^{1,2,3,4}Филология факультеті,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

*Ж. Д. Нуржанова¹, Р. Ф. Жусупова², А. Б. Курманбаева³,
Н. Т. Абайкенова⁴*

Развитие критического мышления как средство формирования коммуникативных навыков на уроках английского языка

^{1,2,3,4}Филологический факультет,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Астана, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

Мақалада мектептегі ағылшын тілін үйретудегі сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы берілген. Берілген технологияның технологиялық кезеңдері (сатылары, фазалары), қолданылатын және қолдануға болатын методикалық әдістер

және ойын әдістері ашылады. Қосымшада ойын әдіс-тәсілдері көрсетілген. Автор өз назарын осы үрдістің сыни ойлауына, сондай-ақ студенттерге негізгі ағылшын тілін оқытуға және, осылайша, коммуникативті құзыреттілікке үйрету үдерісіне, мазмұнды жұмысқа және өзін-өзі қамтамасыз ету үшін жайлылықты сақтауға бағыттаған. Техника күрделі болуы мүмкін, әйтпесе ол басқа тақырыптарға немесе пәндерге айналдырылады. Коммуникативтік құзыреттілік құзыреттілігінің ұзаққа созылуы, оның көптеген зерттеушілердің қол жетімділігі еңбекқорлықтың табысты болуын қамтамасыз етеді. Гуманитарлық білім беру парадигмалары контекстінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту кәсіптік құзыреттілік пен кәсіби ұтқырлықтың кәсіби құрамдас бөлігі ретінде кәсіби міндеттерді көрсетеді.

В статье предлагается технология развития критического мышления при обучении английскому в школе. Раскрываются технологические этапы (стадии, фазы) предлагаемой технологии, используемые и возможные методические приемы и игровые методы. В приложении приведены примеры игровых приемов и стратегий. Авторы сосредотачивают внимание на критическом мышлении как на процессе и поощряют учителей к развитию личности ученика в основном с прямым обучением английскому языку, в результате чего формируется коммуникативная компетентность, обеспечивающая комфортные условия для познавательной деятельности и самосовершенствования. Эти методы могут быть легко переведены на другие темы или дисциплины. Среди ключевых компетенций наибольшее внимание уделяется коммуникативной компетентности, доступность которой, по мнению многих исследователей, обеспечивает успех трудовой деятельности. В этой связи в рамках гуманистической образовательной парадигмы развитие коммуникативной компетентности является частью задачи подготовки специалиста как компонента профессиональной компетентности и профессиональной мобильности.

Н. А. Нуркина

п.ғ.м., Гуманитарлық-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: nurkina.nazgul@mail.ru

БАЛДЫРҒАНДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒАЛЫ ЖЫРЛАР (Қ. МЫРЗАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі – ақын-жазушылардың шығармаларының көркемдік табиғатын ашу. Шығармаларды әдебиет тұрғысынан зерттеу өте күрделі іс және ол ғылыми жағынан өте мұқият қарастыруды қажет етеді. Бұл жазылған мақалада автор қазақ халқының ақын, қазақтың ұлттық поэзиясына өзінің қайталанбас ерекше бір көркемдік әлемімен келген Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналып жазылған өлеңдеріне талдау жасайды. Балалар әдебиеті – қарапайым да күрделі, нәзік те қызық әлемнің ерекше көркем дүниесі. Ал қазақ балалар әдебиеті – сан жылдар бойына жинақтаған бай тәжірибесі бар, сан жанрлы да сан салалы әдебиет. Қадыр Мырзалиевтың шығармашылығы балалар әдебиетінде қашан да өзінің жоғары бағасын алып, қазақ балалар әдебиетінің тарихында өшпес мұра болып қала бермек.

Кілтті сөздер: өлеңдегі тартыс, қарапайымдылық, философиялық ой-тұжырым, лирикалық қаһарман, балалар бейнесі.

КІРІСПЕ

Балалар әдебиеті – қарапайым да күрделі, нәзік те қызық әлемнің ерекше бір ғажайып дүниесі. Балалар өздерінің жан-жағындағы болып жатқан құбылыстардың барлығын ересектерден басқаша қабылдайды. Шығарма арқылы бала қоршаған ортамен танысады, көреді, өз ойын, пікірін айтады. Кезкелген шығарманы әңгімелей отырып біз баланы жаңа бір нәрсемен таныстырамыз. Әр түрлі тақырыптағы тақпақтар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер арқылы оларды әдептілікке, мейірімділікке, еңбекке баулимыз. Балаларға арналған шығармалардың басты мақсаты – балалардың рухани мәдениетін байытып, туған жерін сүйеге, үлкенге құрмет көрсетуге, ата-анасын сыйлауға, мейірімді, адал болуға тәрбиелеу, яғни балалар әдебиетінде берілген шығармалардың тәрбиелік мәні аса зор.

Қазақ балалар әдебиеті – сан жылдар бойына жинақтаған бай тәжірибесі бар, сан жанрлы, сан салалы әдебиет. Қазақ балалар әдебиеті дегенде осы балалар әдебиетіне қалам тартқан танымал ақын Қадыр Мырзалиевты ерекше атап өтуге болады. Қазақ әдебиетінің дамуы мен өркендеуіне, поэзия жанрының барынша жанданып, кемелденуіне өзінің мол үлесін қосқан, қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, мазмұнын сапаландырып, көркемдік деңгейін биікке өрлеткен, өзінің бойындағы талантымен, айбынды үнімен қазақ өлеңіне тың жаңалықтар әкелген ақын, қайталанбас ұлы тұлға Қадыр Мырзалиевтың өлеңдері сан қырлы, сан алуан тақырыпта жазылған. Ол балалар поэзиясын биік белеске көтерді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Поэзияға қазақ әдебиетінің алдыңғы буыны болып есептелетін ақындарымыздың қосқан үлесі өзгеше. Қазақ поэзиясында тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант иесі – Қадыр Мырзалиев. Ол халқымыздың, туған жеріміздің бұрынғы қадір-қасиетін сәтті жырлаған ақын. Өз еңбектерінде жаңа дәуреннің, жас азаматтың бейнесін жасауға бет бұрған ақын. Ақын өлеңдері оқушы жұртшылығына салықалы ойыменен, тапқырлығымен, түйдек түйіндерімен қымбат.

Қ. Мырзалиев балалар әдебиетіне де қалам тартқан, балаларға арнап біршама өлеңдер жазып, балалар әдебиетінде өз ізін қалдырған ақын. Балаларға шығарма жазарда ақын олардың ой-өрісінің деңгейін, жас ерекшеліктерін ескеріп отырған. Ақын өлеңдері барынша қысқа, барынша ойлы. Сонымен қатар ақын өлеңдерін бірыңғай ақылға құрмай, жастыққа тән жалынға бөлеп, сезімге де еркіндік берген. Ақын өлеңдерінде балаларды туған жерін сүйеге, үлкенге құрмет көрсетуге, ата-анасын сыйлауға, мейірімді, адал болуға тәрбиелей отырып, жалқаулықты, салақтықты, епсіздікті, өтірікті сынайды.

Қадыр Мырзалиевтың бір ерекшелігі – оның көптеген өлеңдерінде тартыс бар, жақсылық пен жамандықтың арпалысуы бар, сол арқылы оның өлеңдері тартымды да қызықты болып келеді. Мысалы баланың жидек теруге жалаң аяқ барған кездегі жағдайы мынадай екі жол өлеңмен беріледі: «Қолым теріп бүлдірген, шөңге терді аяғым». Яғни, шығармалары тілі жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекше.

Балалардың ой-өрісінің деңгейін, жас ерекшеліктерін ескеріп жазылған жақсы жырлар оқырмандардың жасын талғамайды. Қадыр Мырзалиев сияқты қаламгерлер кішкентайлардың ғана емес, үлкендердің де қалаулы ақыны. Балалар ақындарының ересектер үшін өлең жазатын ақындармен салыстырғанда бір артықшылығы осында. Мысалы ақын «Қайрақшы» өлеңін

балаларға ғана емес, үлкендерге де арнаған. Өзінді-өзің үнемі қатаң бақылау, өзіңнің әр қадамыңа орынды баға беру өзінді-өзің тәрбиелеудің ең басты шарты болып табылады дейді. Демек, бұл өлең де баланы қайраттандырып, ынталы, жігерлі болуға үндейді:

Біраз жерге кісіні
Апаратын қайрат қой.
Өңсін десең ісінді,
Өзіңді де қайрап қой!

Ақын кейбір өлеңдерінде жұмыс, еңбек сияқты атауларды аузына алмай-ақ, өлең тілімен өрнектеп жеткізеді. Еңбектің маңызын, мәнін түсіндіреді. Ештеңе тындырмағанның елге қадірі жоқ деген ойды өзінше түсіндіреді. Ол көбіне адамдарға қалай өмір сүру керектігін үйретіп, үгіт айтпайды, бәрі де өзіне байланысты дейді. Ақын жырларындағы педагогикалық, тәрбиелік, философиялық, тарихи тағылымдардың көпшілігі ел ішінде таратылып, қанатты сөздерге айналып кеткелі қашан. Әсіресе, мына бір қанатты сөздерге ерекше мән беруге болады:

Маған бүгін керек емес ертегі,
Ертеңіні өз балам да шертеді,
Тарих керек – ірге тасы халықтың,
Іргетасыз қаланбайды ертеңі!
Бұл – Егеменді елдің бүгінгі жас өрендеріне қаратыла айтылған сөз.
Кең далам – менің байтағым,
Далам деп өлең айтамын,
Қалжырап барып өзіңе,
Қайратқа мініп қайтамын.

Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналған шығармаларының тағы бір ерекшелігі – танымдық, білімдік мағынасы мол. Ақын жалаң дидактиканы насихаттамайды, тәрбие мен ақылды балаларға іс-әрекет, ойын, ойлау арқылы түсіндіреді. Балаларға арналған өлеңдерінде бала болып ойлайды да, бала болып сөйлейді де. Міне, сондықтан, оның жасаған балалар бейнесі, әсіресе, бала жанды лирикалық кейіпкер бәрімізге етене жақын, оның бойынан біздер бір кездегі өз бейнемізді, өз тіршілік-тынысымызды сезгендей боламыз.

Қадыр Мырзалиев жасаған балалар обрызының галереясы сан алуан. Ішінде пысығы да, шолжаңы да, еркесі де, ақылдысы да, ойлысы да, сұңғыласы да бар. Бірі ақылды байыпты болса, енді бірі тентек, сотқар болып келеді. Оның үстіне Қ. Мырзалиев осынау жағымсыз әдетімен бізді қынжылтып отыратын балаларды әбден түйреп, олардан үміт үзіп кетпейді, кейде олардың бұл қылықтарына езу тартқызып, балалыққа лайық сотқарлық қой әншейін, ертең өзі-ақ қойып кетеді дегендей де ой аңғарын байқатып отырады. Мәселен:

Көтеріп кластың шаңдағын,
Тасыпты ласты маңдағы.
Кім кінәлі? –
Тінәлі!,
Су жаңа картаны сызыпты,
Кескілеп партаны бұзыпты.
Кім кінәлі? –
Тінәлі!

«Күндіз неге жап-жарық, түнде неге қараңғы?» атты өлеңін талдасақ:
– Күндіз неге жап-жарық?
Түнде неге қараңғы?
Бұртиды інім таң қалып,
Естіп әлгі сауалды.
– Күні бойы қалжырап,
Көзін жұмып түнде күн,
Ұйықтайды маужырап...
Соны аға білмедің!..
Білгір екен ініміз!
Сіз де құлақ түріңіз.

Бұл өлеңдегі түн мен күн жайлы кішкентай інісінің пайымдауы, оның ойы көңілге қонымды, түсінікті. Күннің күні бойы қалжырауы, түнде көзін жұмып тәтті ұйықтауы барлығы да баланың өз қылықтарына ұқсас. Ақын лирикалық кейіпкердің жас ерекшелігін, түсінігін «Бұртиды інім таң қалып» деген жолдармен көрсетеді. «Бұртиды» сөзі арқылы баланың өкпеленішін көрсек, «таң қалып» тіркесі арқылы ағасының білместігі баланы таң қалдыратынын көреміз.

Қ. Мырзалиев балаларға арналған қай өлеңінде болсын сөз қолданысы мен ой айту шеберлігін қатар ұстанып отырады. Ол бір детальдың төңірегінде нақты бір мінездің не құбылыстың айқын, анық бейнесін жасайды. Әсіресе, іс-әрекетті көрсету арқылы баланың мінез-құлқын керемет жасайды. Мысалы, балалар бойындағы қыңырлық тәрізді әдеттегі қылықты Қ. Мырзалиевтың «Ішік» өлеңінен көруге болады. Өлең барысында бала бір киіп көрейін деп ішікті сұрайды. Бұдан кейіпкердің жақсы затқа, әдемілікке қызыққыш сезімі беріледі. Інісіне сатып алынған ішікті ағасы киіп көріп бермей, өктемдік жасайды және оған інісі керемет жауап қатады:

Апаммен келісіп,
Алып ек бір ішік.
Көкеме ол ұнады,
Қиылып сұрады:
– Бір киіп көрейін,

Бағасын берейін! –
 Дөп алып, бермеді,
 Қолын бір сермеді.
 Айтқанға көнбеді,
 – Бұл саған кең! – деді.
 Шынына келсеңіз,
 Кигізіп өлшеңіз.
 Кең емес ішігім,

Мен өзім кішімін! – деп, өлеңнің шешімінде ақын баланың кіршіксіз таза жанын көрсетеді. Біріншіден, бала аузынан шыққан бұл тәтті сөздер оқушыны еріксіз езу тартқызып, кейіпкерінің ақжарқын, адал мінезіне сенімін арттырса, екіншіден, дәл осы жолдардың өзінде ойлы мән жатыр. Ондағы мәселе ішіктің үлкен-кішілігінде емес, кейіпкердің қабылдау шынайылығында болып тұр. Баланың келешекте өсемін деуі, ішіктің сол кезде дәл болатындығына сенімі, баланың бар эмоциясы тек сәбиге ғана тән сезіммен, сөздермен беріліп тұр.

Ақын өлеңдерінен балалар өлеңінің сан алуан түрлерін көре аламыз. Мысалы: «Аурудың аты» өлеңін алсақ, бұл өлеңде ақын баланың талғамына сай келетін ойды беріп, сәби жанының сенімпаздығын, аңқаулығын жыр етеді:

Береке кетіріп,
 Ауырдым өтірік.
 Апам да,
 Атам да,
 Әкем де,
 Көкем де –
 Бәрі де қиналды.
 Жаныма жиналды.
 Ұсынып асымды,
 Ұстады басымды.
 Халатты дәрігер
 Келгелі әбігер.
 Кеудемді тыңдайды,
 Сұраудан тынбайды:
 – Ішің бе?
 – Ішім де!
 – Тісің бе?
 – Тісім де!

Өлеңде кішкене бала ауырса адамның барлық жері бірдей ауырады деп ойлайды да үй-ішінің, дәрігердің әбігерін көріп, сәби жүрек өзі өтірік айтып отырып, өз сөзіне өзі сеніп қалады:

Шын ауру шығармын,

Дөп ойлап жыладым, – деп бала істің байыбына әбден көзі жеткеннен кейін, ауру еместігін біліп, қатты қуанады. Өлеңнің басында баланың еркелігі көрінсе, одан кейін өтірік айтқандары шын болып шығуынан қорықса, өлеңнің соңында өзінің сау екендігін білген бала қуанышы берілген. Бір ғана өлеңнің ішінде баланың бірнеше сезімін қатар суреттеу ақынның үлкен шеберлігін көрсетеді.

Ақынның «Есеп» өлеңіндегі көркем бейне Майқан сияқты сабаққа, есепке ықылассыз балалар қатарынан болғанымен, ұтқыр жауабымен бейнеленеді:

– Бес алманың үшеуін,
 Досың сұрап алады.
 Айтшы сонда нешеуі
 Өз қолыңда қалады? –
 Тез шығара алмадым,
 Мен бұл есеп-мысалды.
 – Сол досым сол алманың
 Бәрін алсын! – дей салдым.

Есепті шығара алмаған баланың тапқыр жауабы арқылы оның бейнесін ғана емес, осы жауапты беріп тұрған кездегі көңіл-күйін, эмоциясын байқаймыз. Бала бойындағы ішкі қарсылықты оятып тұрған есепті шығара алмаған кездегі қиналыс басқа, алмасын сұрап алған досының қатысуы лирикалық қаһарман жауабының сенімді шығуына ықпал етеді.

Осындай ерекшеліктері арқылы ақын Қадыр Мырзалиев өзінің балаларға арналған поэзиялық туындыларымен қазақ балалар әдебиетінің қазіргі дәрежесіне айқын да салмақты үлес қосты, балалар туралы танымдық, тәрбиелік мәні аса бағалы дүниелер әкелді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы қорыта айтар болсақ, сан салалы тақырыпта сөз қозғап, өлең жазған Қадыр ақынның шығармалары өте құнды, өте мәнді дүниелер. Қадыр Мырзалиев өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танимыз. Ол халықтың ұлттық сипаттағы көркем бейнесін, сол арқылы адам болмысын, оның жан дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғайды.

Ақын әрбір кейіпкерін өзінің сезім елегінен өткізіп, сол күйде өзі тұрғандай етіп шебер бейнелейді. Сондықтан да оның қаһармандары шынайы, оқырманды бірден баурап алады. Сол себепті де Қадыр Мырзалиев мұрасы сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Нарымбетов, Ә.** Қазақ поэзиясындағы дәстүр тұтастығы. – Алматы : Жазушы, 1981. – 4 б.

2 **Қабдолов, З.** Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Т. I. – Алматы : Қазығұрт, 2001. – 7 б.

3 **Мырза Әли, Қ.** Таңдамалы. – Алматы : Жазушы, 2005.

4 **Мырза Әли, Қ.** Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Т. 8. – Алматы : Қазығұрт, 2001.

5 **Мәшһүр Жүсіп, Қ.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар : 2007. – 310 б.

6 **Мырзалиев, Қ.** Үш томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы : Жазушы. – 1989.

7 Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. – Алматы, 2005.

8 **Қирабаев, С.** Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. А., 1998, 129–130 б.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

H. A. Nurkina

Стихи посвященные детям (на основе произведений К. Мырзалиева)

Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

N. A. Nurkina

Verses for children (on the basis of K. Mirzaliyev's work)

Faculty of Humanities and Education,

S. Toraihyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 17.09.18.

Актуальным вопросом в науке литературоведении является раскрытие художественной природы произведения писателя. Исследование произведения с литературного аспекта считается очень сложной и важной работой, требующая тщательного и научного изучения. В этой статье автор анализирует стихи для детей, написанные поэтом казахского народа Кадыром Мырзалиевым, пришедшим в казахскую национальную поэзию со своим исключительным художественным миром. Детская литература – это

художественный мир простого, сложного, нежного и интересного детства. А казахская детская литература – это ряд жанров и многочисленных сфер литературы, которые накопили богатый опыт на протяжении многих лет. В сфере детской литературы произведения Кадыра Мырзалиева занимают высокую значимость, которые стали наследием в истории казахской литературы.

An actual question in the science of literary criticism is the disclosure of the artistic nature of the writer's work. The study of the work from the literary aspect is considered a very complex and important work that requires careful and scientific study. In this article, the author analyzes poems for children written by the poet of the Kazakh people Kadyr Myrzaliyev, who came to Kazakh national poetry with his exceptional artistic world. Children's literature is the artistic world of a simple, complex, tender and interesting childhood. And Kazakh children's literature is a number of genres and numerous areas of literature that have accumulated rich experience over many years. In the sphere of children's literature, Kadyr Myrzaliyev's works occupy high significance, which became a legacy in the history of Kazakh literature.

Г. Ж. Өтемісова¹, А. О. Карипжанова²

¹ф.ғ.к., доцент, Филология және әлем тілдері факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., қауымд. профессор (доцент), Гуманитарлық-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹gumi_kaz@mail.ru; ²ainurok1974@mail.ru

МЕТАФОРА ЖӘНЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМНІҢ МЕТАФОРАЛАНУ ҚҰБЫЛЫСЫ (НҰРТУҒАН МЕН ЕРІМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Бұл мақалада шығарма тіліндегі метафоралар және фразеологизмдердің метафоралану құбылысы, сонымен қатар көнерген фразеологизмдердің метафоралануы қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада метафоралардың ролі мен лингвомәдени қасиеті анықталады, метафоралардың ассоциативтік белгілеріне семантикалық классификация жасалады, метафоралардың құрылымдық-семантикалық модельдерінің типологиясы және олардың негізінде бейнелі парадигма құру ерекшеліктері талданады.

Кілтті сөздер: метафора, көнерген аталымдар, фразеологизмдік метафоралар, әдеби шығарма, ұқсату заңы.

КІРІСПЕ

Метафора қызметін ұлттық танымдық болмысымен байланыстыра саралаудың мүмкіндігі мол. Метафораның адам ойын қалыптастырушылық қабілетінің ғылым тілінің дамуына тигізер әсерін И. С. Мұратбаева былай деп көрсетеді: «Белгісізден белгілінің бір таныс жақтарын, сипатын табу ғылым прогресінің дамуына күш-қуат береді. Сонымен бірге, ғылымның дамуында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау танымның дамуына да себепкер болады» [1, 14 б.]. Ғылымның дамуы жалпы адам танымының дамуына жағдай жасайды. Бұл үрдістерде метафора ең маңызды қызметке ие болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Имандылық қағидасы – ақындар өлеңінің түп қазығы. Бұл тақырыпта Ерiмбет шығармаларының ішінде ерекшесі – «Ей, Алла, сүйген құлың

қатарында ет!» өлеңінде «иманды, қанағатшыл бол» деген құрғақ насихат жоқ, сол ұғымның терең мағыналарын бейнелі сөздер арқылы шынайы жеткізе білген. *Нәпсі – жар, шайтан – бөрі* қорғалаған, Ойнаған – иман – жарға *қозы-лақтай*. *Солардан саулығыңды сақтанбасаң, Қоя ма аңдып жүрген бөрі шаппай?* [Е. К.] – деген жыр шумақтарында образды ойлау арқылы нәпсіге тыйым болмайтын жерде имандылық адамдықтың болуы да мүмкін еместігі **танымдық метафоралар** арқылы айтылады.

Бірқатар сөз жекеше тұлғада тұрып-ақ көптік ұғымды білдіре алады. Нұртуғанның «Қарасай–Қази» дастанында: Қалипаның Қарасайға айтқаны: *Қарасай топырақ жасын берсін саған, Жеткерсін жаратқан хақ талабыңнан!* [Н. К. II т.] – деп жырлайды. Мұндағы «топырақ жасы» тіркесі көптік категорияда қолданылып, адамзаттың өмір жасымен байланыстырып, **танымдық метафора** жасап тұр.

Өмір тәжірибесінен тұжырымдап, қорытып ақыл-ғибрат айту – өсиет өлеңнің негізгі белгісі. Сондықтан да болар, ақын жырлаған өсиет өлеңдерде де ғибрат сарын басым. Өлеңдерде өмірмен қоштасып жатқан басқа адам атынан жазылғанымен де ақынның өмірден түйген ой-толғаныстары афоризмге айналған: *«Адам – ит, дүние – киік, ай, аға!» деп, Сәлемді көп көрдің бе бір жазарға?!* [Е. К.] *«Тоғашы топқа болдың» дегеніңше, Сен десең: «Адам – егін, өлім – орақ»* [Е. К.]. Мұнда Ерiмбет ақын пенделердің дүниеден өтер алдындағы психологиялық көңіл-күйіндегі құбылыстың сипатын **танымдық метафора** арқылы танытады.

Адамзат заттар мен құбылыстарды танып білуде олардың ең басты айрықша белгілерін салыстыру, ұқсату сияқты қасиеттерін жинақтап, ортақ белгілерінің негізінде жаңа ұғымға белгі, қасиет тұрғысынан атау береді. Келтірілген деректерде – **ұқсату заңы** аталымға негіз болған.

Тіл бірліктерінің жасалуын метафоралану негізінде қарастыру, олардың мағынасын ұлттық танымдық болмысына байланысты сипаттау сөздердің табиғатын жаңа қырынан тануға жетелейді.

Ғалым Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев еңбектерінде метафораның үш түрі анық түсіндірілген: **тілдік, поэтикалық, жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора**. **«Жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора** белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Белгілі контексте ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан да келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады» [2, 90 б.].

Нұртуған мен Ерiмбет ақын шығармаларының қайсысын алсақ та көркемдеуіш құралдардың ішінде **жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафоралар** еркін және жиі пайдаланылған. Мысалы, Нұртуғанның толғауында:

Қазақта сөз асылын арқалаған

Ұлы Абай – бір ғасырдың биік шыңы.

Абайға соқпай кету қияметтей,

Өйткені сөз қоры – кен құдіреттей [Н. К. Іт] – деп қолданылса, Ерімбет ақынды былайша сипатталады:

Тіл – бұлбұл, ой – гүлстан, көңіл – бақтай,

Қол – пілте, кеуде – зауыт, көз – шырақтай.

Ақыл – гүл, ашу – мәжус, әдеп – шалғын,

Жайқалған айдын көлде көк құрақтай.

Тәубе – бұлт, дәме – тұман, қанағат – күн,

Бұлт аспас, күнә артар Гоһи Қаптай.

Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған,

Ойнаған – иман – жарға қозы-лақтай [Е. К.].

Мұндағы ерекше көрсетілген метафоралық қолданыстар әр ақынның өзіндік қолтаңбасын танытады. Сондықтан бұл тәрізді метафоралар жалпыхалықтық емес, **жеке қолданыстағы метафоралар** деп аталады.

Бұл айтылған ойымызды ғалым Б. Қасымның «күрделі атаулардағы метафоралардың басты ерекшелігі – мағынаның екі жақты болуы. Біріншісі, **номинативтік мағынадан** ауыспалы, келтірінді мағынаға ауысуы; екіншіден, осы тәсілмен жасалған күрделі атаулардың бойында **экспрессивті-бағалауыштық** реңктің айрықша қызмет жасауы» [3, 48–49 б.] деген пікірімен толықтырамыз.

Заттық мәдени лексика негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестерге (сауға сұрау, сабасына түсу, киіт кигізу т.б.) ғалым Ж. Манкеева тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдау жасайды: «Уақыт ұзаған сайын еркін тіркестердің құрамындағы сөздер мағына жағынан берік, табиғи бірлігі нығая келіп, тұтас бір мағына қалыптастырған. Оларды құрайтын компоненттердің тілімізде жеке қолданылу жиілігі азайып, ылғи бейнелеу мағынасында айтылуы оны белгілі бір тіркес шеңберімен шектеп, ауыспалы мағынасын дамытады да, тура мағынасын көмескілендіреді. Сондықтан тарихи-салыстырмалы зерттеу барысында фразеологизмдерді бұрыннан бар семантикалық өзгерту (трансформация) жолымен жасалған екінші дәрежелі номинация нәтижесі деп анықтауға болады» [4, 176 б.], – дейді.

Әдеби тіл кезеңдерінің сөз байлығын, оның мағыналық даму динамикасын анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше екені ежелден мәлім. Ғалым Н. Уәлиев: «Көркем шығарма тілінде образдылығы айқын, экспрессивті-эмоционалдық реңкі қанық фразеологиялық сөз орамдары жиі кездеседі. Әсіресе түрлі заттар мен құбылыстарды сезімді дәл, нәзік бейнелейтін сөз айшықтарының (речевые фигуры) алуан түрін фразеологиялық сөз орамдарынан ұшыратуға болады» – [5, 10 б.] дейді.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларының тілінде көнерген фразеологиялық тіркестердің метафоралануы ерекше мәнге ие. Фразеологизмдер – тілде мәнерлі ойды білдіретін, көріктік қасиеттерге бай құбылыс. Олардың құрамындағы әрбір сыңарлар өзінің лексикалық мағынасын сақтайды. Фразеологизмдердің пайда болуына халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілік өміріндегі әр түрлі жағдай себеп болған. Оларды бірнеше салаға бөліп қарауға болады. Ақындар шығармаларындағы **фразеологизмдік метафораларды** былайша жіктеген жөн:

1) Бірқатар **фразеологизмдік метафоралардың** пайда болуына халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері себеп болған. Осы тұрғыдан қарағанда Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа байланысты халық болмысының ерекшелігі мына сияқты фразеологизмдерден: *аттың майын беру, тоғыз тондық, дәуір айтқызу, хан сейілі, бес асыл, қалауға түсу, бақан құру, ауыр олжа, қалың мал, өтілін өткізу, құн төлеу* т.б. көрінеді.

2) Екі ақынның да шығармаларының мол сөздік қорын діни ұғымға, ескі түсінікке байланысты туған **фразеологизмдік метафоралар** құрайды. Мысалы: *әбу-зәмзам суы, көктен тілеу, шәһит кету, медет тілеу, пірге қол тапсыру, бата беру, тәңір алсын! Тәңір жарылқасын! Қадір құда, сегіз пейіш, жеті тозақ, жад ету* т.б.

3) Ақындар шығармалары лексикасындағы бірсыпыра **фразеологизмдік метафоралар** жаугершілікке, заманға байланысты туған. Мысалы: *атой салу, бадана көзді ақ сауыт, ала байрақ, шұбар ту, қырық мың жығын қол, он сан ноғай, білтелі қара мылтық, балдағы алтын ақ болат, сиырма қылыш, сегіз қырлы болат, төрт қырлы жебе* т.б.

4) Аталған ақындар шығармаларында бірқатар **фразеологизмдік метафоралар** ел ішіндегі дау-дамайды билік жолымен шешуге байланысты туған. Мысалы: *ант ішті, жер дауы, жесір дауы, дау шешу, төрелік беру, екеуі болса бірі аға біреуі болса бөркі аға, даукес, даудың билігін беру* т.б.

5) Ақындар шығармаларында ерекше мәнге ие болған көшпелі заманда халықтың тіршілік көзі – төрт түлік мал атауларының қатысымен жасалған **фразеологизмдік метафоралар** да аз тумаған. Мысалы: *жаман тұғыр, қара жорға, тұлпар атта – ердің бағы, беде жем, тулақ болған тұлпарлар, пешене тұлпар, тұтынар аргымақты ердің ері, астау бас нар, астаубасты қара нар, желмая* т.б.

6) Ақындар шығармаларында уақыт, мезгіл өлшемдеріне, ай аттарына байланысты **фразеологизмдік метафоралар** да мольнан кездесті. Мысалы: *сүт пісірім, қожжа бесін, сарша тамыз, соңырағы күні, күн қызылы батқанда, қаңтар күйегінде, ұлы сәске, кіші бесінде, таң рауан атқанда, түс әлетінде, ай сәскеге келгенде, түн жарпында, күн тұсаубойы көтерілгенде, қозы пісіп жатқанда, әлмисақтан бері, ала қардың кезі* т.б.

Нұртуған ақынның шығармасында мынадай өлең жолдары кездеседі: *Сол замат салқын түсіп, зауал ауған, Шілде емес, сарша тамыз, әсет* болған [Н. К. I т]. Мұндағы зауал, сарша тамыз, әсет қазіргі қазақ тіл қолданысында пассив қабаттағы сөздер. Ал, Иран және Ауғанстан қазақтарының тілінде кейбір ай аттары дәл осы қалыпта айтылады: *әзәл ≈ наурыз, сауыр ≈ сәуір, жәузә ≈ мамыр, саратан ≈ маусым, әсет ≈ шілде, мазам ≈ қыркүйек, қауыс ≈ қараша* т.б. [6, 55 б.].

7) Ақындар шығармаларында қашықтық, жақындық, кеңістік мөлшеріне байланысты **фразеологизмдік метафоралар** да қолданылған. Мысалы: *айшылық жер, түстік жер, мезгілдік жер, сәскелік жер, ит арқасы қиянға, ит жеккен жер, шөке атым жер, тоғыз қабат, тоғыз аршын, қарыс сүйем, кере қарыс, жеті қат, кере қарыс, қалыңдығы кереге бойы, тұтам жер, он екі аршын* т.б.

Бұлар халық қолданысында уақыт, қашықтық өлшемдерінің нақты қалпына түспеген кезде шыққан ұғымдар. Бұл ұғымдар сонымен қатар қазақ ұлтының тұрмыс-тіршілігі мен айналысқан шаруашылық түрінен де хабар береді.

Нұртуған шығармаларының тілінде кейіпкер бейнесін ашу мақсатында қолданылған, біреудің жеке басын не бір нәрсені маскаралау, абыройын төгу, қорлау, жәбірлеу, тіл тигізу, балағаттау мақсатында дөрекі, қарғыс мәнде айтылатын **фразеологизмдік метафоралар** кездеседі. Мысалы: *Шыбын жаным сау күнде Бермес не едім жазасын?! Атаңа лагнет заңғардың, Жеткізбес не едім қазасын?! «Таңертең атаңа лагнет жаузыр малайларға бір түйе байлап қалыңдар десем, күнде түйелерге ере алмай, шаңдақта жататын мына жаман түйені алып қалып, маған ұят келтіргендерін қарашы?!»* [Н.К.II т]. *«О дүниеге барғанда тозақ отына күйерсің, тумай туа шөккір, қақбас! Бабамның аруағынан садақа кет!»* [Н. К. II т].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, адамды қоршаған шынайы болмыс нысандары өзара байланыста, үйлесімде немесе өзгешелікке құрылған. Осы байланыстарды бақылаушы да, танушы да, зерттеуші де, бағалаушы да ең алдымен адам болғандықтан, олардың көрінісі тілде бейнеленеді. Осы ретте, адам санасының, ойының ең бір күрделі үдерісі ретінде метафоралы ойлау қабілетін айтуға болады. Шынайы болмыс заттары мен құбылыстарына атау беруде кең қолданылатын метафора тәсілі сөзқосым атауларының жасалуына да ұйытқы болады. Метафораның аталым қажеттілігін өтеудегі белсенділігі тілдік жүйеде ерекше байқалады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Мұратбаева, И. С.** Қазіргі қазақ және орыс тіліндегі метафораланған терминдердің семантикасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. : – Алматы, 2000. – 165 б.

2 **Қалиев, Ғ., Болғанбаев, Ә.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : «Сөздік–Словарь», 2006. – 356 б. – ISBN 978-601-7293-12-3

3 **Қасым, Б.** Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы : «КИЦОО», 2007. – 166 б. – ISBN 9965-14-168-1

4 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы : филол. ғ.д. ... автореф. – Алматы, 1997. – 176 б.

5 **Уәлиұлы, Н.** Фразеология және тілдік норма. – Алматы : РИК, 1998. – 128 б. – ISBN 5-8380-1612-4

6 **Өтебеков, Б.** Қазақ диаспорасының тілі. – Алматы : «Білім», 2000. – 181 б. – ISBN 5-7667-2435-7

Белгілер мен қысқартулар

1 Н.К.Iт. – Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші... I том. – Алматы : Ғылым, 1992. – 224 б. – ISBN 5-89800-123-9

2 Н.К.IIт. – Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші... II, III том. – Алматы: Ғылым, 1994. – 444 б. – ISBN 5-615-01430-X

3 Е. К. – Қарасақал Ерiмбет. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Алматы : Маржан, 1995. – 313 б.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Г. Ж. Утемисова¹, А. О. Карипжанова²

Метафора и явление метафоризации фразеологизмов (по произведениям Нуртуғана или Еримбета)

¹Факультет филологии и мировых языков мира, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;

²Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 17.09.18.

Metaphor and metaphorization phenomenon of phraseological units (in Nurtugan and Yerimbet's compositions)

¹Faculty of Philology and World Languages,
Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, 050000, Kazakhstan;

²Faculty of Humanities and Education,
S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 17.09.18.

В данной статье рассматриваются метафора и явление метафоризации фразеологизмов в языке произведения, а также метафоризация устаревших фразеологизмов.

Также в статье определяются роль и лингвокультурные свойства метафор, семантическая классификация ассоциативных знаков метафор, анализируются особенности типологии структурно-семантических моделей метафор и создание на их основе образной парадигмы.

The given article considers metaphor and metaphorization phenomenon of phraseological units in the language of composition and metaphorization of obsolete phraseological units as well.

The article also defines the role and linguistic and cultural properties of metaphors, semantic classification of metaphors associative signs, analyzes the typology of structural and semantic models of metaphors and the creation on their basis a figurative paradigm.

Г. Қ. Рысбаева

ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050028,
Қазақстан Республикасы
e-mail: guldarhan@inbox.ru

**ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕГІ
«ЖАРАТУШЫ КҮШТЕР» КОНЦЕПТІСІ**

Мақалада «Культ» концептісінің жан-жақты қырлары сан алуан лексикографиялық материалдар негізіндегі қарастырылады. Лексикографиялық деректер культ концептісінің тілдік репрезентанттары түрлерінің семантикасын, олардың бейнелік мағыналарын ашуға және әр лексеманың уақыт ағымындағы мағыналық өзгерістерін анықтауға жол ашады. «Культ» ұғымы қазақ және қырғыз этникалық мәдениеттері үшін әмбебап категория болып табыла отырып, мағыналық және басқа компоненттерінде көрінетін өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Лексикографиялық дереккөздерде тіркелген мағыналарынан байқағанымыздай, аталмыш ұғым қазақ және қырғыз халықтары үшін жоғары дәрежелі абстракциясы бар ұғымдарға жатады. Жоғарыдағы деректер бойынша культ лексемасының тіркелген мағыналарынан абстрактілі, материалдық емес, бір затты құрметтеуге, киелі заттарға табынуға, жаратушы күштерге сыйынуға, жалбарынуға, діни наным-сенімдерге, қатыстылық т.б. ақпараттық, бөліктерін бағамдауға болады. Сондықтан түркі тілдеріндегі аталмыш сөздіктерден алынған культ лексемасы түсіндірмелерінің барлығы бұл тілдердегі аталған концептінің ұғымдық аясын, қабатын құрайтын ерекшеліктерін байқауға болады.

Кілтті сөздер: жаратушы күштер, концепт, Құдай, Алла, Тәңірі, Құдірет, Хақ, Раббы, Жаппар, Жасаған, Жаратқан, Ием, ономастика, антропонимдер, культтік лексемалар, діни идиомалар.

КІРІСПЕ

«Культ» концептісі қандай да болмасын халықтың рухани-мәдени концептілер жүйесінде өзіндік орны бар концептілерінің бірі. Рухани мәдениет адамдардың қоршаған дүниеге көзқарасы, діни танымы, наным-

сенімі, мінез-құлқы, қабілеті т.б. ұғымдар арқылы танылады. Культ өзінің абстракциялы сипаттамасы бойынша өте күрделі.

Лексикографиялық және түрлі сөздіктерде берілген «**Культ**» концептісінің мағыналарын жинастырсақ, аталмыш лексеманың мынадай танымдық мағыналарын тіркеуге болады. «**Культ**» лексемасы «сыйыну», «жалбарыну», «табыну», «құрметтеу» сияқты етістіктер төңірегінде топтастырылған кең ұғым, культ дәстүрлі діндердің, діни наным-сенімдердің әдет-ғұрыптық жағы, дәлірек айтсақ, культ – діннің әдет-ғұрыптық жағы (құрбандық шалу, тасаттық беру, намаз оқу, ораза ұстау, құрбан айт өткізу); осы әдет-ғұрыптарды өткізу кезінде қолданылатын құралдар (Құран, жайнамаз, тасбих, садақа, діни адамдардың киімдері, т.б.) төңірегіндегі ұғымдар.

Зерттеудің нәтижесі бойынша «Культ» ұғымының тілдік ішкі құрылымында **Сыйыну** → **Жалбарыну** → **Бас нию** → **Табыну** → **Құрметтеу** лексемалары өмір сүреді. «Культ» концептісі жүйесіндегі «сыйыну», «жалбарыну», «табыну», «құрметтеу» сөздерінің тілдік-танымдық моделі ерекше мәнге ие. Культ: 1) сыйыну (Құдай, Алла, тәңір, хақ, раббы, жаббар, жаратқан, жаратушы ие, жасаған, ием); анимистік ұғымдар (аруақтар культі, жерлеу культі, т.б.); 2) жалбарыну (арбау, мадақтау); 3) табыну, тотемдік, магиялық (сөз магиясы, киелі сандар, бата, алғыс, қарғыс сөздер; біреуге табыну немесе біреуді қадірлеу немесе құдайларға табыну, көсемге табыну); 4) құрметтеу, фетиштік (эулиелі, киелі жерлер, т.б.) діни наным-сенімдерге негіз болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Лексикографиялық материалдар негізіндегі біз «Жаратушы күштер» концептісін қарастырамыз. «**Жаратушы күштер**» концептісі - көзге көрінбейтін, бүкіл әлемді жаратушы, жарылқаушы ерекше күштер. Ұлттың ерекше дүниетанымды, рухани өмірді әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан түсінуде басты компонент болып табылатын концептінің басты белгілерінің бірі - оның мәдени реңге, бояуға ие болуы. Жаратушы күштер құрметіне құрбандық шалу, пітір-садақа беру, құдайы беру, Қағбаға бару, тасаттық беру, намаз оқу, ораза ұстау, құрбан айт өткізу, т.б. концептуалды фреймдердің жүйесінен тұрады.

«**Жаратушы күштер**» концептісінің семантикалық өрісі «**Құдай**», «**Алла**», «**Тәңірі**» және «**Құдірет**», «**Хақ**», «**Раббы**», «**Жаппар**», «**Жасаған**», «**Жаратқан**», «**Ием**», т.б. лексемалардан тұрады.

«Жаратушы күштер» концептісімен байланысты тілдік құрылым бір күннің жемісі емес, ғасырлар бойы жасалып, өшпей, ұмытылмай, өз мәні мен күшін жоймай бүгінге дейін келіп отыр. Бұл ұғымның ұлттық санамызда белгілі, анық тұстарына қарағанда тылсым, жасырын тұстары көп.

Қазақ тіліндегі сөздікте: **Құдай** – бүкіл ғаламды жаратушы, оны билеп төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленеді;

алла тағала, тәңір, жаратушы [1; 424]. Парсы тіліндегі сөздікте: **Құдай**: Ходан – құдай [2, 425].

Қырғыз тіліндегі сөздікте: **Құдай (бог): Құдай, тенигр, алда**. *Кандай экенин құдай билет – қандай екенін құдай біледі; аны құдай билет – оны құдай біледі; құдай сақтасын – құдай сақтасын; құдайға шүкүр – құдайға шүкір* [3, 52].

Өзбек тіліндегі сөздікте: **Худо (бог): Худо, тангри, оллох**. *Худо берсин – құдай берсин; Худо ярақасин – құдай жарылқасын; Худо хохласа – құдай қолдаса* [4, 77].

Татар тіліндегі сөздікте: **Ходай (бог): Алла, худой, тәңре**. *Алла белсен – алла білсин; Алла сакласын – алла сақтасын; Алла шөкер! – алла шүкір!* [5, 42].

Құдай сөзі түркі халықтарында әр түрлі айтылғанымен, мағынасы бірдей. *Құдай сөзі – қырғызша – «құдай», өзбекше – «худо», ұйғырша – «худа», түркменше – «худай», татарша – «ходай», қарақалпақша – «құдай» деп аталады*. Башқұрт, қарашай-балқар тілдерінде алла, құдай, тәңірі сөзі «алла, аллах» деп аталады.

Құдай сөзінің тағы бір синонимі **ақ** сөзі. Ақ сөзі кейбір түркі тілдерінде «құдай» деген мағынаны білдіреді [6, 16]. Ескі діни ұғым бойынша ақ сөзінен «киелі», «қасиетті» ұғымның нышаны байқалады. Л. З. Рүстемовтың сөздігінде: *ақ* сөзін кірме, араб тілінің «һәкк» сөзі: 1. құқық; 2. әділдік; шындық; 3. міндет; парыз, міндет; 4. **құдай** деген мағына білдіреді [7, 21].

Құдай сөзі араб тілінен енген «**тағала**» сөзімен тіркесіп, «*Құдай тағала*» түрінде де кездеседі. Сөздікте: **Құдай тағала** – құдай, тәңір жаратқан, жасаған; алла тағала сөздерінің баламасы [1, VI, 428].

Сөздікте: **Алла** – құдай, тәңірі сөздерінің баламасы, мифологиялық түсінік бойынша бүкіл дүниені, адамзатты, жан-жануарды жаратушы ие [1, I, 227]. Бұл сөз қазақ тіліне ислам дінінің таралуымен байланысты арабтардан ауысқан. Арабша-орысша сөздікте: Араб тілінде аллах /бог, аллах/ құдай, алла дегенді білдіреді. **Алла** сөзі – ұйғырша, татарша, түркменше, башқұртша, қарақалпақ тілінде «алла» деп аталса, қарашай-балқар тілінде «аллах», өзбек тілінде – «оллох» деп аталады.

Құранда: **Алла** «қайырымды», «ақылды», «дана», «жасаған дүниенің билігін қолында ұстаған» деген эпитеттермен суреттеледі. Кейде алла сөзіне «тағала» тұлғасы қосарланып, «алла тағала» деп те айтылады.

Сөздікте: «**Тағала**» сөзі де араб тілінен ауысқан, ал мағынасы – «тәңір, құдай, жаратқан» дегенді білдіреді [1, I, 227]. Яғни діни түсінік бойынша «бүкіл дүниені, адамзатты жаратушы» деген мағынада жұмсалады. **Тағала** сөзі көбінесе құдай, алла, хақ сөздерімен тіркесіп айтылады: *алла тағала, құдай тағала, хақ тағала*.

Сөздікте: **Тәңір** – көне түркі сөзі. Бірінші мағынасы құдай, алла тағала, құдірет дегенді білдіретін діни сөз [1, I, 66]. Ежелгі түркі ескерткіштер тілін

зерттеуші А. Махмұтов «тәңірі» сөзі түркі орхон жазуларында *көк/аспан және құдай* деген ұғымды білдіретінін көрсетеді [1, 84].

Көне түркі сөздігінде **tanrı (тәңір)**: 1. аспан; 2. құдай; 3. тәңірілік, 4. әмірші (билеуші), мырза. Осы мағыналардың парадигмасынан көрініп тұрғандай, ежелгі түркілердің дүниетанымында кеңістіктің жоғары (үстем) бөлігі аспан, құдай, мырза, адам тағдыры мен өмірлерінің әміршісі ретінде қабылданған. Ежелгі түркі қағандары аспаннан жаралған деп аталды: «Тәңір текті Тәңірден жаратылған түркі Білге қаған бөдке/тақ иесіне отырдым» [8, 206].

«**Тәңірі**» сөзінің синонимдері – *алла, құдай, құдірет, жаппар, жаратқан, жаратушы, жасаған, жасаған ием, ие, раббы, хақ*. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей, яғни өзара мәндес сөздер. **Тәңірі** сөзі – қырғыз тілінде – «теңир», ұйғырша – «тәңри», өзбекше – «тангри», татарша – «теңре», қарақалпақ тілінде – «теңир» деп аталады.

М. Қашқари сөздігінде **тәңірі** сөзінің 1) «құдай»; 2) «аспан»; 3) «ұлы» деген үш түрлі мағынасы берілген [8, 87]. Ал В. Радлов сөздігінде **тәңірі** сөзі үш түрлі таңбалады: *танры, тангры және тәңірі*. Бұның алғашқы екеуі неміс тілінде *Gott* «құдай» деген бір ғана мағынамен, ал көне түркінің *тәңірісі* әрі «der Himmel (аспан)», әрі «Gott (құдай)» деп аударылған [9, 24].

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: **Қүдірет** – құдай, алла, тәңір, жасаған, жаратушы дегенді білдіретін араб сөзі [1, VI, 434]. Қүдірет сөзі «*әмір*», «*алла*» және «*құда*», «*құдай*» сөздерімен тіркесіп «*әмір құдірет*», «*қүдірет алла*», «*құданың құдіреті*», «*құдайдың құдіреті*» деген тіркестері жасалады. **Әмір құдірет** – құдай, алла, тәңір деген мағынада. **Жаппар** – діни ұғым бойынша бар әлемді жаратушы, құдіретті күш [1, III, 682]. **Жаратқан** – діни ұғым бойынша, *бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі; құдай, тәңір, жасаған, жаратушы* [1, III, 682]. **Жаратқан** сөзі «*жалғыз*», «*алла*», «*құдай*», «*бір құдай*», «*жаппар*», «*ием*», «*тәңір*» сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, «*жаратқан алла*», «*жаратқан жалғыз алла*», «*жаратқан құдай*», «*жаратқан бір құдай*», «*жаратқан жаппар құдай*», «*жаратқан ием*», «*жаратқан тәңір*» деген тіркестер жасауға қатысады. Осындай тіркестерінің мағынасы «*жаратушы құдай, тәңір, аллатағала, жасаған ие*» деген мағынада жұмсалады. **Жаратушы** – діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі [1, VI, 682]. *Жаратушы сөзінен «жаратушы бір құдай», «жаратушы жалғыз», «жаратушы жаратты»* сөз тіркестері туындаған. **Жасаған** – құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынаны білдіреді [1, VI, 250]. *Жасаған* сөзі «*алла*», «*құдай*», «*ие*», «*ием*», «*тәңір*» сияқты культтік сөздерімен тіркесіп келіп, «*жасаған алла*», «*жасаған құдай*», «*жасаған ие*», «*жасаған ием*», «*жасаған тәңір*» деген тіркестер жасауға қатысады. **Ие** – бүкіл дүниенің қожасы, *жаратушысы, құдай деген сөз* [1, VI, 250]. **Ие** сөзі «*жаратқан*», «*жасаған*», «*тәңір*» сөздерімен тіркесіп, «*жаратқан ие*, «*жасаған ие*», «*тәңір*

ием» деген сөз тіркестері жасалып, «*алла, жаратушы, жасаған, құдай*» деген мағынада жұмсалады. **Раббы** – *құдай, алла, тәңір, жаратушы деген мағынаны білдіреді* [1, VI, 250]. **Хақ** – *діни ұғым бойынша дүниені жаратқан алла тағала, құдай, тәңірі, жаратушы* [10, 707]. *Хақтың жазуы, хақ дидарын көрді, хақ жаратты, хақ жаратқан құдай, хақ жаратқан тағала, хақ салған жол, хақ тағала, хақ тағала құдайы, хақ жарады, хаққа тапсырды, хақтың үйі, хақтың ісі*, т.б. сияқты тұрақты тіркестер көбінесе эпостық жырларда кездеседі. **Хақ** культтік сөзі «*тағала*», «*жаратқан құдай*», «*жаратқан тағала*» сөздерімен тіркесіп, «*Хақ жаратқан құдай*», «*Хақ жаратқан тағала*» деген фразалар жасап, «*құдай, алла, тәңірі, жаратушы ием*» деген мағына білдіреді. **Хақ тағала** – жаратушы құдай, алла, тәңірі деген көнерген сөз.

Жинастырған деректер жиынтығы бойынша «Құдай» сөзінің синонимі «Қүдірет», «Хақ», «Раббы», «Жаппар», «Жасаған», «Жаратқан», «Ием» лексемаларының тіркелген мағыналарынан абстрактілі, материалдық емес, рухани ақпараттық ұғымдық аясын, қабатын құрайды.

В. Радлов сөздігінде *жаратқан* сөзінің синонимі – **қайрақан** сөзі Сібір түркілерінде (алтайлықтарда, тувалықтарда, телеуіттерде т.б.) «жаратқан иенің қастерлі аты, жебеуші періште» деген мағынаны білдіреді [9, 22]. «Осы анықтаманы Л. Будагов те береді. Сөйтіп, тау-тас сияқты табиғат күштерінің «иесінің» атауы ретінде, яғни табынатын, сыйынатын, қорқатын «тәңірлердің» аты қатарында **қайрақан / қайраған** сөзі ертедегі қазақтардың да, дәлірек айтсақ, қазақтарды құраған ру-тайпалардың да тілінде жұмсалған деген тұжырымға келуге болады», – дейді академик Р. Сыздық [11, 111].

Жоғарыда келтірілген «Құдай» концептісінің бірнеше синонимдерінің қазақ және қырғыз, өзбек, татар тілдерінің лексикографиялық деректерінде тіркелген мағыналардың ұқсастықтарын байқадық. Төрт тілде де Құдай сөзінің мағынасын түсіндіруде «*Құдай, тәңірі, алла*» деген мағынасы қатар айтылады, төрт тілдегі лексемалар мағыналарының ұқсастығы жағынан төрт халықтың ұғымдық, дүниетанымдық ерекшеліктерін аңғартады.

Жоғарыда қарастырылып отырған «**Құдай, алла, тәңірі**» культтік сөздері араб тілінен енген «**қүдірет, жаппар, хақ**» сөздерімен көбінесе тіркесіп қолданылады. **Жаратқан, жаратушы, жаппар, жасаған, жасаған ием, ие дегендер** – алла, тәңір, құдай сөздерінің қазақша баламасы, синонимдес сөздер. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей. Олар да «*бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі, яғни құдай, алла, тәңір, жаратушы*» деген мағынада жұмсалады.

«**Жаратушы күштер**» концептісі ономастикалық лексикада – антропонимдерде көрінеді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық, әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Кез келген халықтың

антропонимиясында жалқы есімдер адам баласы туа салысымен беріледі, олар дүние туралы білімді толықтырады, өзінің аялық семантикасында ерге, әйелге тән тұжырымдық ұлттық дүниетанымды, мәдени-әлеуметтік құбылыстарды бейнелейді. Кісі есімдері халықтың дүниетанымына, мәдени-әлеуметтік құбылыстарға, тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына байланысты танылатын ұғымдармен уәжделеді. Қазақтардың көптеген жалқы есімдері табиғат құбылыстармен, аң-құс, жан-жануарлармен, жер-су, жеміс-жидек, асыл металдармен байланыстырып қойылатын есімдер де көп кездеседі.

Түркі халықтарында, соның ішінде қазақ тілінде «**Құдай, Алла, Тәңірі**» лексемаларына қосымшалар жалғану арқылы жасалған тек адам есімдері ғана кездеседі. Мысалы, «*Алла*», «*Құдай*», «*Тәңірі*», «*Жасаған*», «*Жаппар*» сияқты культтік лексемалар негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «*берді*», «*берген*» деген егістіктермен тіркесіп келіп *Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді* сияқты кісі есімдері жасалады. Қазақ халқының ұғымында бұл атаулардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, мағынасы мен мәні бір. Бұл культтік сөздердің астарында «*құдай берді*», «*құдай бере салды*» деген танымдық түсінік жатыр.

Дәл осындай ұқсастық қырғыз және түркі-татардың тілдерінің ономастикалық лексикасында «**Құдай, Алла, Тәңір**» лексемаларымен байланысқан есімдер де кездеседі. Қырғыз тілінде: *Алдаберди, Теңирберди, Кудайберди*, түркі-татарлардың тілінде: *Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Кудайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов деген есімдері қойылады.*

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда келтірілген түркі тілдеріндегі адам есімдерінің қойылу мағыналары жағынан ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екенін аңғардық. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей. Ал өзбек тілінің ономастикалық лексикасынан «*Алла*», «*Құдай*», «*Тәңірі*» культтік лексемаларымен байланысқан есімдерді кездестірмедік.

Культтік лексемалардың бейнелілік компоненттері қазақ, қырғыз тілдік санасында ортақ болып келсе, символикалық бөліктерде әр халықтың танымында өзіндік ерекшеліктері байқалды. Культтік фразеологизмдер – тілді жасаушы халықтың бір кездердегі ой-санасының, жан-дүниесінің сәулесі іспетті. Сондықтан халықтың дүниеге көзқарасы, көңіл-күйі, алғысы мен қарғысы, қуанышы мен реніші, көз жасы мен қорқынышы, тілегі, батасы – бәрі сол халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан өзіндік ұзақ тарихы бар мұндай тұрақты сөз тіркестері әдеби тілімізге тарихи материал бола алады.

Қорыта келе «Жартушы күштер» концептісі лексикалық бірлік бойында сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі арқылы жинақталған аялық білімнің молдылығын, халық дүниетанымында алатын орнының ерекше екендігін танытады. Түркі тілдерінің лексикографиялық материалдары негізінде қазақ және қырғыз тілдеріндегі культ лексемасының ұғымдық, дүниетанымдық ерекшеліктері анықталды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Текст] – Алматы : Ғылым, – 1974–1986. – Т. I–X.
- 2 Персидско-русский словарь [Текст] /Под ред. Ю. А. Рубинчика. М. : Советская Энциклопедия. – 1970. – 784 с.; т. – 1. 1983. – 579 с.
- 3 Русско-киргизский словарь [Текст] /Под редак. К. К. Юдахин. – М., – 1957. – 990 с.
- 4 РУС- Русско-узбекский словарь. В 2 томах. / Кошчанов М. К., Ақобиров С. Ф., Альхамова Н. А. и др.: М. : Советская энциклопедия. 1983–1984. 1 том 811 с. 2 том 800 с.
- 5 РТС – Русско-татарский словарь [Текст] М. : Рус.яз., – 1991. – 736 с.
- 6 **Махмутов, А.** Архаизмы и историзмы в казахском языке [Текст] / А. Махмутов. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, – 1963.
- 7 **Рустемов, А. З.** Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов [Текст] /А. З. Рустемов. – Алматы, – 1989.
- 8 ДТС – Древнетюркский словарь [Текст] – Л. : Наука, – 1969. – 676 с.
- 9 РСЛ II: 22- ОСТН- Опыт словаря тюркских наречий [Текст] / Радлов В. В. СПб, – 1893. Т. 3. – С.1047–1048.
- 10 ҚТС – Қазақ тілінің сөздігі [Текст] /Жалпы ред. бас. Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, – 1999. – 776 б.
- 11 **Сыздықова, Р.** Сөздер сөйлейді [Текст] /Р. Сыздықова. – Алматы : Санат, – 1994. – 272 б.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Г. К. Рысбаева

Лексикографические материалы на основе концепта «Силы создателя»

Факультет казахской филологии и мировых языков,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

G. K. Rysbayeva

Lexicographic materials on the basis of the concept «Supernatural forces»

Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 17.09.18.

В данной статье рассматриваются концепты относительно культовой лексемы «Сверхъестественные силы» в лексикографическом описании дела. Семантическое поле концепта «Сверхъестественные силы» состоит из лексем «Бог», «Аллах», «Божество», «Всемогущий», «Создатель», «Господь», «Всевышний» и т.д. Концепт «Сверхъестественные силы» в аномалистическом лексике – видится в антропониме. В аномалистической лексике казахского, киргизского и татарско-турецкого языков лексемы связанные с именами «Бог, Allah, Создатель». Если в языковом сознании культовые лексемы образных компонентов совместны, то в символическом части в познании нации некоторые различия очевидны. Культовые фразеологизмы в создании языка нации когда-то вели разумное понимание, также лучезарно наподобие внутреннего мира.

This article discusses the concepts of relative cult lexeme «Supernatural forces» in the lexicographical description of the case. The semantic field of the concept «Supernatural forces» consists of lexemes like, «God», «Allah», «Divine», «Almighty», «Creator», «Lord», etc. The concept of «Supernatural forces» in the anomalistic lexicon is seen in anthroponym. In anomalistic vocabulary Kazakh, Kyrgyz and Tatar-Turkish languages associated with the names «God, Allah, and the Creator». If in the language consciousness the cult lexemes of descriptive components are joined together, then in a symbolic part in the knowledge of the nation there are some obvious differences. Cult idioms in the creation of the language in the nation once led a reasonable understanding, also radiantly on the similarity of the inner world.

FTAMP 415.61

Г. Қ. Рысбаева

ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050028,
Қазақстан Республикасы
e-mail: guldarhan@inbox.ru

АРАБ-ПАРСЫ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН АНТРОПОНИМДЕР

Мақалада араб-парсы тілдерінен енген антропонимдердің әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан зерттелуі қарастырылады. Түркі тілдеріндегі Ай культі, Күн культі, Жұлдыз культіне қатысты когнитивті фразеологизмдер туралы айтылады. Қазіргі уақытта әлемнің тілдік бейнесін қарастыру жалпы адамзаттық тілдік танымның философиялық және филологиялық ұғымдары болып табылады. «Тілдің әлемдік бейнесі», «Тілдің концептуалды суреті», «Тіл-ой-әлем» ұғымдарының үштік бірлігі қазіргі тіл білімінің көкейкесті мәселеселерінің бірі. Әлемнің тілдік бейнесі адамның сыртқы ортамен қатынасын көрсетуге бағытталған, сол тілге тән құрылымдар мен формалар. Кісі есімдері халықтың дүниетанымына, мәдени-әлеуметтік құбылыстарға, тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына байланысты ұғымдармен суреттеледі. Қазақтардың кісі аттарында табиғат құбылыстарымен, аң-құс, жан-жануарлармен, жер-су, жеміс-жидек, асыл металдармен байланыстырып қойылатындары да көп кездеседі. Халқымыздың әдет-ғұрпына, наным-сеніміне, салт-санасына байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға мұра болып ауысып отыратын дәстүрдің бірі ат қоюмен байланысты ұғымдар мәдениетпен байланысты. Жаңа туған сәбиге ат қою – ертедегі барлық этникалық қауымға тән дәстүр. Жалпы үрдістің әрбір қауымының, әрбір елдің, әрбір халықтың өзіндік тілдік, рухани-мәдени, экономикалық, әлеуметтік, т.б. ерекшеліктеріне сәйкес өз салты, өз дәстүрі қалыптасқандығы белгілі.

Кілтті сөздер: антропоним, тотемизм, анимизм, тілдің әлемдік бейнесі, Ай культі, Күн культі, Жұлдыз культі.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта кез келген халықта кісі есімдері адам баласы туа салысымен беріледі, олар дүние туралы білімдерді көрсетеді, өзінің аялық

семантикасында ерге, әйелге тән мәдени-әлеуметтік, тұжырымдық ұлттық дүниетанымды бейнелейді. Когнитивтік парадигмадағы басты принцип – антропоцентристік көзқарас, себебі тілдің функционалды-коммуникативтік жүйесінде адам болмысына қатысты қалыптасқан культтік лексемалардың ең көбі – осы «Адам» концептісіне қатысты тілдік лексемалар басты орынға ие. Олай болатыны, адам – дүниетанымдағы басты тұлға. Ол дүниетанымды өзін танудан бастайды. Тілдің когнитивтік кеңістігінде «Адам» концептісіне қатысты тілдік лексемалар әр түрлі тілдік бірліктер арқылы беріледі. Антропонимдерде тілдік ұжымның өткендегі тұрмысынан, қоғамдық, әлеуметтік құрылысы мен материалдық әрі мәдени өмірінің ерекшеліктерінен хабар беретін ақпараттар жүйесі сақталған.

Академик Ә. Т. Қайдар бүкіл болмысты «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш үлкен салаға жіктеуді ұсынған [1, б. 19]. Ғалым қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мән-мағынасына қарай тақырыптық топтарға бөліп қарауға мүмкіндік береді.

Біз культтік лексемалар мен фразеологизмдердің табиғатын терең түсінудің бір жолы ретінде, культтік лексемалар мен фразеологизмдердің уәждемесін *әлем бейнесі* деп алдық та, оларды топтастыруда академик Ә. Т. Қайдардың үлкен идеографикалық классификациясын басшылыққа ала отырып, ғылымда кең тараған «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын классикалық үш тақырып бойынша төмендегідей топтастыруды жөн көрдік:

- 1 «Адам» саласы бойынша топтастыру.
- 2 «Қоғам» саласы бойынша топтастыру.
- 3 «Табиғат» саласы бойынша топтастыру.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Культтік лексемалар мен фразеологизмдердің әлемнің тілдік бейнесі антропоцентристік ұстаным бойынша екі түрлі бағытта: бірі – ұғымдық немесе логикалық ұстаным, екіншісі – концептілік немесе семантикалық өріс ұстанымы бойынша топтастырылады. Ұғымдық немесе логикалық ұстаным бойынша культтік лексемалар мен фразеологизмдер «Адам», «Қоғам», «Табиғат» төңірегінде ірі-ірі тақырыптық макротоптарға бөлінсе, концептілік немесе семантикалық өріс бойынша аталған ірі-ірі макротоптар одан әрі жүйелілік бірнеше лексика-семантикалық парадигмаларға бөлініп, өз алдына жеке-жеке мағыналық өріс құрайды.

Біздің негізгі мақсатымыз өзіміз жинастырып, тілдік талдауға түсіріп отырған культтік лексемаларды денотат – сөздердің ұғымдық немесе логикалық, мағыналық жағына қарай концептілік немесе семантикалық өрістерге, тақырыптарға бөліп, олардың лексика-семантикалық топтарын

анықтау; сол арқылы культтік лексемалар мен фразеологизмдердің ауқымы мен көлемін айқындау. Адам болмысына қатысты қалыптасқан культтік лексемалардың ең көбі – осы «Адам» тақырыбына қатысты тілдік лексемалар. Олай болатыны, адам – дүниетанымдағы басты тұлға. Ол дүниетанымды өзін танудан бастайды.

«Адам» атты мағыналық макротопқа жататын культтік лексемаларды «Кісі аттары» деген тақырыпта тоғыз тақырыпша бар. Олар: 1) Жаратушы күштерге қатысты есімдер; 2) Алланың көркем есімдері; 3) Пайғамбарлар есімі; 4) Халифалар мен періштелер есімі; 5) Қасиетті пірлер мен әулиелер есімі; 6) Аң атауымен байланысты есімдер; 7) Төрт түлік малға байланысты есімдер; 8) Аспан денелеріне қатысты есімдер. 9) Сандарға байланысты есімдер.

«Адам» атты мағыналық макротопқа жататын культтік лексемалардың басым көпшілігінің мағынасы адам мен оны қоршаған әлемнің өзара әрекетін бейнелейді. Әр этностың салт-дәстүрінде, діни-наным сенімінде, рухани-мәдени қазынасында адам санасымен тығыз байланысты, ерекше мәдени мазмұнға ие культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесі мен көлемі айқын білінеді. Антропонимдерде халықтың этикалық ерекшелігі көрсетіледі. Қазақ есімдерінің яғни антропонимияның табиғаты отандық түркология және қазақ тіл білімі ауқымында кеңінен сөз болып келеді.

«Кісі аттарына» қатысты культтік лексемалардың саны «Адам» тақырыбындағы тілдік культтік лексемалардың ішіндегі ең көбі. Ол – 104 тілдік бірліктерді құрайды. Ғалым Т. Жанұзақов қазақ есімдерін *табиғат құбылыстармен байланысты есімдер, мал шаруашылығына байланысты есімдер, асыл металдарға байланысты атаулар, жеміс-жидек атаулары байланысты есімдер, туыстық атаулармен байланысты есімдер, жер-су аттарына қойылған есімдер, түрлі тағам аттарына байланысты есімдер, тағы аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер* деп, он лексика-семантикалық топқа жіктейді [2, б. 12, 40]. Осы еңбекке сүйене келе, «Кісі аттарына» қатысты есімдерді осы мақалада төмендегідей топтар бойынша қарастырамыз:

Жаратушы күштерге қатысты есімдер. Түркі халықтарының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» культ концептісіне енген «Жаратушы күштер» концептосферасы «құдай», «алла», «тәңір» культтік лексемалар аясында топтастырылды. Кез келген халықтың антропонимиясында әйел, еркек есімдері болады, кісі есімдерінің қойылу үрдісінде гендерлік жүйе сақталады. Қазақ халқы ат қоюға ерекше көңіл бөлген. Сәбидің есімін жақсы, беделді кісілерге қойғызып, батасын алатын болған. Жаңа туған сәбидің есімін ұлттық дәстүрімізге қарай бейімдеп, жақсы ат қоюға тырысқан.

«Алла», «Құдай», «Тәңірі», «Жасаған», «Жаппар» сияқты культтік сөздері негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп *Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді* сияқты кісі есімдері жасалады. Қазақ халқының ұғымында бұл атаулардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, мағынасы мен мәні бір. Бұл культтік сөздердің астарында «құдай берді», «құдай бере салды», «алла берді», «алла бере салды» деген танымдық түсінік бойынша баланы жаратушы «бір алла берді» деген сеніммен осылайша балаға ата берген. «Алла+берді», «Құдай+берді», «Тәңір+берді», «Алла+берген», «Құдай+берген», «Тәңір+берген» деген құрылымдық модельдер жасайды. Адамдар балаларын жақсы көргенде «алла берген», «алла бере салған», «алланың берген құлы» деген когнитивтік бірліктер осы мақсатта айтылған.

Алла сөзінің көркем есімдерінің де алдына «Абд» яғни «пенде», «кұл» деген сөзді, кейде Алла сөзінен соң «Абд» яғни «пенде», «кұл» деген сөзді қосып адамдарға есім етіп қойған. Мысалы, «Абд» сөздің басында келіп, *Абдулла, Абдуррахман, Абдуррахим* деген кісі есімдері жасалса, сөздің соңында «абд» яғни «пенде», «кұл» сөзі жалғасып келіп, *Құдайқұл, Жаппарқұл, Тәңірқұл* деген адам есімдері де жасалады. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) балаларға ат қою туралы сұралғанда, ол: «Есімдердің ең абзалдары – Аллаһтың көркем есімдеріне «Абд» сөзін қосып құралған есімдер» деген болатын. Бұл есімдердің астарында «алла берген», «алла бере салған», «алланың берген құлы» деген мақсатта айтылған когнитивтік бірліктер байқалады. «Абд» яғни «пенде», «кұл» сөздерінің сөзжасамдық мәні бар.

«Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген» сөздеріне мәндес «Тілепберген», *Тілеуберген, Тілеуқабыл* деген кісі есімдерінің де негізгі мәні – баланы алладан тілеп жүріп көргені мен тілегенінің қабыл болғаны деген мағынада жұмсалады. Атаудың екінші сыңарындағы «берген», «қабыл» сөздерінің де туынды сөздің мағынасына қосатын сөзжасамдық мәні бар.

Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. «Алла» араб тілінен, «Құдай» парсы тілінен енген, «Тәңірі» көне түркі тілінен, «Жаппар», «Жаратушы» қазақ тіліндегі баламасы. *Аллаберген, Құдайберген, Тәңірберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді, Құдайқұл, Тәңірқұл, Жаппар, Жаппарқұл, Жаппарәлі* деген сияқты жаратушы күштерге қатысты туындаған ер адамдардың есімдері қазіргі таңда да өте сирек кездеседі.

Дәл осындай ұқсастықтар басқа да түркі тілдес халықтарда да бар. «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік сөздері түркі-татарлардың да адам

есімдерінде: «Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Кудайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов» деп кездессе, «алла биргән», «алла биргәнем», «алла бабасының улы/қызы» деген когнитивтік бірліктер балаларын еркелеткенде жиі айтылады.

Татар антропонимия саласын зерттеуші ғалым Г. Р. Галиуллина: «В тюркском именнике встречаются следующие имена с компонентом Тенгри (Тэнре): *Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол*. Традиционное для древнетюркского именника явление – употребление глаголов биргән, бирде «данный» в вышеназванных сложных именах указывает на особое место Тенгри в иерархии языческих божеств. В антропонимах, как в языковых знаках, сохранилась народная память предыдущих эпох. Мы полагаем, что мужские имена *Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Кудайбакты, Ходайбакты* и т.д. концептуализируют те традиции, которые заложены предками тюрко-татар. Лаская ребенка, нередко называют его «алла биргән», «алла биргәнем», «алла бабасының улы/қызы» (данный богом, сын/дочь Всевышнего)» – деп өз ойын жеткізеді [3, б. 40]. Қырғыз антропонимикасын зерттеуші Қырғыз халқында да жаратушы күштерге байланысты қойылған «Алдаберди, Теңирберди, Кудайберди» деген адам есімдері кездеседі дей келе, «Теңизбай журту жөнүндө» деген әңгімесінде үзінді келтіреді: «Бирок балдарын кудулай баштағанда Теңизбай Суумурунга барат. «Маға тектүү жерден жубай таап бериниз?» дейт. Суумурун карындашын күйөөгө берип, калың алып койгондуктан, өз кызын берүүнү макул көрөт. Андан *Алдаберди, Теңирберди, Кудайберди* деген уулдуу болот. Ошентип алты уулдан көбөйүп өзүнчө эл болот» [4, 40 б.]. Өзбек антропонимикасын зерттеуші Э. Бегметов: «Имена, *Тангриберген, Тангриберди, Тангриқұл, Қуанышбек, Ойзада, Ойкон* связаны с культом неба, солнца, и луны, являются ярким свидетельством поклонения и почитания людьми этих небесных и наземных «божеств», - деп жазады [5, 18 б.]. Жоғарыда келтірілген қазақ, қырғыз, өзбек, татар тілдеріндегі адам есімдерінің қойылу мағыналары жағынан ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екенін аңғардық.

Аспан денелеріне қатысты есімдер. Түркі тілдес халықтарда аспан денелері **Айға, Күнге, Жұлдызға** және жарық пен сәулеге, Күн **Нұрына** байланысты қойылатын адам аттары ертеден жалғасып келеді, бұл сөздердің астарында Ай, Күн, Жұлдыз культіне табынумен байланысты «Ай, Күн, Жұлдыздарға» деген шексіз құрмет, наным-сенім жатқанын аңғарамыз [6, б. 299–302].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, *Ай* культімен, *Күн* культімен, *Жұлдыз* культімен байланысты антропонимдер ең көне болып есептеледі. Ай және күн компоненті бар есімдер түркілерде кенінен таралған есімдер болып

саналады. Көне түркі тілінде Ай культі компонентінің бірінші орында тұруынан **Aj qayan** (Ай қаған), **Aj ölüti** (Ай өлүтчи, Ай өлді), **Aj toldi** (Ай толды) секілді есімдер көне түркі сөздігінде кездеседі. Түркі халықтарының антропонимжасам жүйесінде Ай культі кеңінен таралған, тұрақты әрі белсенді қолданылатын антрополексема. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы *Айтолды* және *Күнтуды* деген қыз баланың есімдері де екі сөздің бірігуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін құрылымдық модельдер жасайды: Ай+толды, Күн+толды. «Құтты біліктегі» басты кейіпкерлердің есімдері *Айтолды* және *Күнтуды*, олардың есімдері дәулетпен (бақытпен) және әділдікпен байланысты. Аспан культі мен жұлдыздарға қатысты қазақ есімдері аспанға, суға, жерге табынған көне түркілердің наным-сенімімен байланыстырылады (Т. Жанұзақов). **Айға байланысты:** *Айсұлу, Айжарық, Айжарқын, Айнұр, Айшуақ, Айбарша, Айжан, Айкүміс, Айпара, Айбек, Айдос, Айдар, Айдарбек, Айерке, т.б.*; **Күнге байланысты:** *Күнсұлу, Күнжарық, Күнту, Күнтуар, Нұрай, Нұралы, Нұрсұлу, Нұржан, Нұрғаным, Нұртай, Нұрбала, Нұрбол, Нұрбай, Нұрбек, Нұрбибі, Нұралы, Нұрғали, Нұрсұлтан, Нұрсұлу, Нұргүл, Нұржігіт, Нұрқасым, Нұртуған, Сауле, Айсәуле, Нұрсауле, т.б.*; **Жұлдызға байланысты:** *Айжұлдыз, Жұлдыз, Жұлдызай, Шолпан, Венера, Есекқырған, Үркер т.б.* кісі есімдері қойылған.

Профессор Қ. Жұбанов аспан денелері *Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық* есімдері туралы былай дейді: «Правда, единичны случаи сохранения предполагаемого древнего порядка слов. Иначе и быть не могло, ибо господство новой нормы могло осуществиться после того, как была вытеснена старая. Поэтому и там, где поределнее стоит за определяемым, наше грамматическое мышление не всегда в состоянии это видеть, более того, оно способно превратить определение в определяемое и наоборот. Быть может, такие странные сочетания, как *Күнсұлу* (Солнце красивое), *Айсұлу* (Луна красивая), *Таңсұлу* (Утренняя заря красивая), встречающиеся в традиционных личных женских именах, или аналогичные им мужские имена, вроде: *Күнжарық* (Солнце светлое), *Айжарық* (Луна светлая), *Таңжарық* (Утренняя заря светлая), и были образцами такого расположения слов, при котором определения, выраженные прилагательными сұлу (красивый) и жарық (светлый), следовали за определяемыми күн (солнце), ай (луна) и таң (утренняя заря). Подобное допущение более вероятно потому, что здесь в последних компонентах (сұлу и жарық) нет возможности усматривать сказуемое, а в первых (күн, ай, таң) – подлежащее, так как сочетания, составляющие личные имена, крайнее редко принимают форму предложения, вроде: Жыл келді (Весна наступила), Қожам берді (Мой хозяин пожаловал) и т.д. Чаще всего личные имена, будь они простые или сложные – безразлично – представляют собой выражение

либо атрибута некой субстанции, либо предиката некоего субъекта. В первом случае субстанцией, во втором – субъектом мыслится лицо, носящее имя. Так что полный перевод вложенных в вышеперечисленные имена мыслей может быть таков: «(это) – красивое солнце», «(это) – светлое солнце» и т. д. [7, 126 б.]. Галым «*Күн, Ай, Таң*» сөздері «сұлу» және «жарық» сөздерімен тіркесіп, *Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық* есімдері жасалғандығын және сөйлемдегі қызметін анықтайды.

Түркі-татарларда да қазақ тіліндегідей **Ай, Көн (Күн, Таң)** сөздерінің тірек болуынан: *Айбулат, Айваз, Айвар, Айдин, Айнур, Айзат, Айдар, Айдис, Айгөл, Айзидә, Айдан, Айсина, Айсұлу, Айзилә, Айназ, Таң, Таңгөл, Таңчулпан, Таңсылу, Таңнур, Таңсу* және т.б. кісі есімдері жасалады [8, 19 б.]. Сонымен бірге Г. Ф. Саттаровтың мақаласында татар тілінің антропонимиясының ежелгі түркілердің наным-сенімдеріне сәйкес аспанға, табиғатқа табынуды сипаттайтын есімдер *Күгәй, (Кук+ай), Айсұлу, Чулпан* т.б. [9, 69 б.] туралы көрсетілсе, қырғыз тілінде де *Айжамал, Айчурек, Толғанай* деген қыз балаға есімдер қойылатыны Айға үлкен құрмет көрсетудің мәні.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, лингвомәдени жүйеде анықталатын қазақ және түркі тілдеріндегі антропонимдер – көне дәуірден этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс. Осы жүйеге кіретін этноантропонимдердің этномәдени және тарихи болмысында түрлі этнос және этникалық топтардың тарихи тегі мен жағрафиялық қозғалысы көрініс табады. Тіл байлығының бір саласы ретінде қалыптасқан кісі аттарын қою ғұрпында халықтың өзіне тән рухани қазынасы, ұзақ тарихы мен ұлттық болмысы көрінеді.

Жоғарыда келтірілген қазақ, қырғыз, өзбек, татар тілдеріндегі кісі есімдері екі сөздің бірігуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін құрылымдық модельдер жасайды. Мысалы, қазақ тілінде Айға байланысты: *Ай+сұлу, Ай+жарық, Ай+нұр, Ай+шуақ, Ай+барша, Ай+жан, Ай+күміс, Ай+сәуле, Ай+пара, Ай+бек, Ай+дос, Ай+дар, Ай+дар+бек, т.б.*; *Күнге және нұрға байланысты:* *Күн+сұлу, Күн+жарық, Күн+ту, Күн+туар, Нұр+ай, Нұр+сұлу, Нұр+жан, Нұр+ғаным, Нұр+тай, Нұр+бала, Нұр+бол, Нұр+бай, Нұр+бек, Нұр+бибі, Нұр+алы, Нұр+ғали, Нұр+сұлтан, Нұр+сұлу, Нұр+гүл, Нұр+жігіт, Нұр+қасым, Нұр+туған, Нұр+сауле, т.б.* Түркі-татарларда Айға байланысты: *Ай+булат, Ай+ваз, Ай+вар, Ай+дин, Ай+нур, Ай+зат, Ай+дар, Ай+дис, Ай+гөл, Ай+зидә, Ай+дан, Ай+сина, Ай+сұлу, Ай+зилә, Ай+наз, т.б.*; Қырғыздарда Айға байланысты: *Ай+жамал, Айчурек, Толған-ай* деген есімдер қыз балаға қойылады. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы

бірдей. Сол сияқты, қазақ, қырғыз және татарларда қыз бала, ер балаларға Ай, Күн аттарын қоюдың этимологиясы сұлулықты, мейірімділікті, нәзіктік ұғымдарды аңғартады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қайдаров, Ә. Т.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері : Актуальные вопросы казахского языка [Текст] / Ә. Т. Қайдаров. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 304 б.

2 **Жанұзақов, Т.** Қазақ есімдерінің тарихы [Текст] / Т. Жанұзақов. – Алматы, 1971. – 218 б.

3 **Галиуллина, Г. Р.** Татарская антропонимия в лингвокультурологическом аспекте [Текст] / Г. Р. Галиуллина. Автореферат дисс. ...доктр. филол. наук. Казань, 2009. – С. 40.

4 **Осмонкулов, Ж.** Теңізбай журту жөнүндө [Текст] / Ж. Осмонкулов. [Электронды ресурс]. – <http://sanjiga.ru/sanjiga/126.html>.

5 **Бегметов, Э.** Антропонимика узбекского языка [Текст] / Э. Бегметов. – Ташкент, 1965. – С. 18.

6 **Рысбаева, Г.** Animistic beliefs and totemic Personal Names in the world picture [Текст] / Г. Рысбаева // Life Science Journal. – 2014. – Vol. 11 (11s). – P. 299–302

7 **Жұбанов, Е.** Қазақтың ауызекі көркем тілі [Текст] / Е. Жұбанов. – Алматы, 1996. – 126 б.

8 **Галиуллина, Г. Р.** Татарская антропонимия в лингвокультурологическом аспекте [Текст] / Г. Р. Галиуллина // Автореферат дисс. ...доктр. филол. наук. – Казань, 2009. – С. 40.

9 **Саттаров, Г. Ф.** Некоторые вопросы татарской антропонимии [Текст] / Г. Ф. Саттаров // Вопросы истории философии и педагогики. – Казань, 1965. – Вып. 1. – С. 69.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Г. К. Рысбаева

Антропонимы пришедшие из персидского, арабского языков

Факультет казахской филологии и мировых языков,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

G. K. Rysbayeva

The anthroponyms which came from Persian and Arabic languages

Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

В статье рассматриваются антропонимы арабо-персидского происхождения, посвящённые культу Луны, Солнца, Звезды, а также связанные с ними когнитивные фразеологизмы в тюркских языках. В настоящее время рассмотрение языковой картины мира в общечеловеческих понятиях познания мира, является философским и филологическим понятием. Исследование «Языковой картины мира» и «Концептуальной картины мира» в триединстве «Язык-мышление-мир» является одной из актуальных проблем современного языкознания. Языковая картина мира - специфический для данного языка способ отражения и представления действительности в языковых формах и структурах в ее отношении с человеком, который является центральной фигурой языка.

The article deals with anthroponyms of the Arab-Persian origin that are devoted to the cults of the Moon, the Sun, Star, and related to them cognitive phraseologisms in Turkic languages. The main cognitive concepts that are reflected in the national Turkic in verbal phraseological units from lingo-cultural and ethnolinguistic aspects are analyzed. Now considering the language picture of the world in general human cognition in the unity of the world model, and with the same conceptual view of the world is a philosophical and philological concept. The study of the «Language picture of the world» and the «Conceptual Picture of the World» in the trinity «Language-thought-world» is one of the urgent problems of modern linguistics. Language picture of the world is specific for the language method of reflection and representation of reality in language forms and structures in its relationship with the person who is the central figure of the language.

Ш. Б. Сейітова, Б. Нергиз

¹ф.ғ.д, доцент, Гуманитарлық факультет, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., 071402, Қазақстан Республикасы;

²PhD докторы, Памуккале университеті, Памуккале қ., 90, Түркия

e-mail: ¹seitovashinar@mail.ru

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Мақалада А. Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне сіңірген жанкешті еңбегі, ағартушылық бағыттағы туындылары өз ұлтын сүюдің, ұлтына қызмет етудің үлгісі ретінде зерделенеді. Қазақтың зиялы азаматтары бейқам, беймарал жатқан елдің ертеңін, ұлттың қамын ойлап, алдыңғы қатарлы елдің қатарына қосылу үшін, бірден-бір негізгі жолы өнер-білім және оқу ағарту ісі деп білді де қалың бұқараның арасында ағартушылық, ұлттық сананы көтеру идеясын басшылыққа алғандығы қарастырылады.

Бүгінгі ақпарат тасқыны толассыз болып тұрған кезеңде тілдік қолданыстың зор кеңістігі ақпарат ағынымен тікелей байланысты. Телехабарлар, газет-журналдар орыс тілінде болған соң, үлкен де, кіші де сол тілде сойлеуді дағдыға айналдырған. Өз тілін біле тұрып, өзге тілге үйір болудың үлкен бір сыры да осында. Қазіргі уақытта тәрбие құралының басты көзі, басым бөлігі электронды ақпарат тасушы құралдар болып отырғандығы белгілі. Ал ақпарат көздерінің қазақтың мүддесін көздеуі екіталай, оларды еркін меңгерген жастарымыздың құндылықтар туралы түсінігі де мүлдем өзгеруі тікелей үздіксіз, сараптаусыз келіп жатқан ақпарат легіне де тәуелді болуы тікелей осы мәселеге қатысты.

Кілтті сөздер: ұлт, сана, сөз жүйесі, сойлем жүйесі, әліпби, ұстаз т.б.

КІРІСПЕ

Мақаланың мақсаты ұлт ұстазы – А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімін ұлттық қалыпқа сүйене отырып, тіл білімінің теориялық негізін салғандығын зерделеу. Осы мақсатта А. Байтұрсынұлының қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген ұстанымдарына тоқталып, ағартушылық идеясына баса назар аудару міндеті қойылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XX ғасырдың алғашқы кезеңінен бастап қазақ қоғамының рухани дүниесінде оқу-ағарту идеясы үлкен әлеуметтік үн алды. Қоғам дамуындағы сабақтастық, ұлттық идеяның әрдайым тілмен байланысты екендігі, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ой-тұжырымдарымен үндестік, сол идеялардың жасампаздығы, дамуы байқалады. Осы кезеңде қазақ халқы аса ірі қоғамдық, саяси, әлеуметтік өзгерістермен қатар рухани жаңғыруды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген жұртшылықтың санасына демократияның дәнегін де еге білген, елін алға жетелеуге ұмтылған елім деп еңіреген, зиялы топ қалыптасты.

XX ғасырдың басындағы Қазақстанда орын алған саяси-әлеуметтік фактор ел зиялыларының ұлт мүддесі жолында бірігіп, қазақ тілін бағдарға ала отырып, бірлесе еңбек етуінің жарқын үлгісі, қазақ қоғамының рухани жағынан серпілген, ұлттық сананың оянған кезеңі болды. Қазақтың зиялы азаматтары бейқам, беймарал жатқан елдің ертеңін, ұлттың қамын ойлап, алдыңғы қатарлы елдің қатарына қосылу үшін, бірден-бір негізгі жолы өнер-білім және оқу ағарту ісі деп білді де қалың бұқараның арасында ағартушылық, ұлттық сананы көтеру идеясын ұстанды. Бұл жолда ұлттық мәдениеттің, әсіресе тілдің алар орны ерекше болатынын терең түсінді. Осыған байланысты ұлт көсемі Ә.Бөкейханов: «Қазақтың ұлт болып, өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек», – деп жазуы сол кезеңнің үрдісін тамыршыдай тап баса білген көрегендігі еді.

Үстіміздегі жылы «Мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері: латын әліпбиі» тақырыбындағы қалалық семинарда Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы әмбебап кітапханасының ғылыми қызметкері Ж. Ә. Манджибаева кітапхананың сирек қорындағы кітаптарды атап өткен еді. Абай атындағы кітапхананың сирек қорындағы кітаптар XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының, ең алдымен қазақ қауымының сауатын ашып, жүйелі білім беру ісіне ден қойғандығын көрсетеді. Бұл ретте, әрине, тыңнан бастайтын шаруалар көп еді. Олар: ұлттық әліпби жасау, сол әліпбимен жазудың тәртібін – емле ережелерін түзу, мектеп оқулықтарын жазу, оқыту әдістерін баяндау, білім-ғылымға қажет терминдер жасап қалыптастыру т.б. Қазақ топырағында бұрын-соңды айтылып-жазылмаған, арнайы теориясы қалыптаспаған ғылым салаларына тыңнан түрен сала отырып, сол салалардың пән сөздерін қалыптастыру, әдістемелік, теориялық негізін жасау сынды істерге етене араласып, оқу-әдістемелік құралдар жасау ісі кезек күттірмейтін маңызды шаралардың бірегейі болды. Сондай еңбектердің кітапхана қорында сақталғандарына аталған баяндама негізінде тоқтала кетейін. Атап айтқанда,

жаратылыстану ғылымдарына қатысты: Сыздықовтың редакторлығымен «Орта мектеп программалары: Математика» (1938), Н. Н. Баранскийдің, А. Мұстафиннің аударуымен «СССР Жаратылыс жағрафиясы» (1937), қоғам қайраткері Есенбайұлы Халелдің «Бастауыш жағрафия мен аймақ тану: бастауыш мектептің 3 жылдығына арналған» (1932) ғылыми еңбектері; математика ғылымы саласынан шыққан тұңғыш профессор, математик Ә. Ә. Ермековтің «Ұлы математика курсы»; денсаулық сақтау саласы бойынша дәрігер А. Мамытұлының «Денсаулық жолында» еңбегі латын қарпімен 1935 жылы, ұлт зиялысы С. М. Дүкенбаевтың «Бөртпе сүзек және онымен күресу» (1936) атты зерттеуі де сирек кездесетін бағалы еңбектер қатарында баспа бетін көрген [1]. Тек аталмыш кітапханада ғана латын әрпімен терілген еңбектер қаншама, ал басқа да кітапханаларда осындай құнды еңбектер сақталуда. Жалпы ғылымның әр саласына еңбек арнаған алаш зиялыларының еңбегі ескерусіз қалмаса екен дейміз. Осы кезеңде ұлттың ұлықтығын, әдебиет пен тарихтың, білім мен ғылымның туын көтерген ұлт жанашырларының санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Осы топтың рухани көшбасшысы, көсемі Ахмет Байтұрсынов еді.

XX ғасыр басындағы қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі артуына, қоғамдағы түрлі өзгерістерге, экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға байланысты тілдің даму бағыты айқындалды. «Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылы - қазақ өркениетінің ең бір қарқынды дамыған, гүлденген тұсы. Ұлт мәдениеті, әдебиеті, қазақтың білім-ғылымы да – бәрі шын мәнінде осы кезде ірге көтере бастады. Бәрінің де кейін қаз тұрып кетуіне, қалыптасуына А. Байтұрсынұлы тікелей мұрындық болды. Сондықтан да осы қырық-отыз жылды қазақ өркениетінің «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» десе де болады», – деген ғалым Е. Жанпейісовтің пікірі А. Байтұрсыновтың еңбегінің қазақ халқы үшін теңдессіз екенін көрсетеді [2, 3 б.]. Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алдыңғы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстаған бір қаруы – ағартушылық идеясы болды. Тіл халықтың этникалық тұтастығын сақтайтын, оның әлеуметтік тағдырына тікелей қатысатын құралдың бірі ғана емес, бірегейі екенін өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ туған елінің тағдыры мен болашағына алаңдаған қазақ зиялылары жақсы таныған еді.

«Егер бүгінгі «Қазақ тіл білімі» деген сала үлкен ғылымның бір тармағы деп танылатын болса, осы саланың алғашқы танымдары, терминдері, танытылуы мектеп оқулықтарынан, оның ішінде А. Байтұрсынұлы дүниеге әкелген «Тіл- құралдардан» басталатындығын академик ғалым Р. Сыздықова

шегелеп айтады [3, 253 б.] А. Байтұрсынов сөзімен айтқанда кітабының «Тіл – құрал» деген атауы қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң, жатырқау қалатын» [4, 142 б.], – дей отырып, «Тіл құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал», – деп, тіл білімінің үлкен ғылым саласы екендігін аса көрегендікпен дәл бере білді. Тіл білімінің қай саласы болмасын бүгінгі күнде – бастауын аталған еңбектен алатыны сөзсіз. Мысалы сөз жүйесі – морфология саласында жасалынған терминдер: зат есім, есімдік, септік, етістік, демеулік, жалғау, жұрнақ, т.б., тіпті етістің түрін онға дейін апарды: ортақ, өздік, өзгелік, беделді, ырықсыз, шығыс, дүркінді, өсіңкі, салт, сабақты, ал рай түрлерін атауда ереуіл, реніш, сенімді, сенімсіз, мұң, қайрау, азалы, теріс т.т. сияқты әр райдың ұғымын білдіретін сөздерді алады; – сөйлем жүйесі Һәм түрлері – синтаксис саласындағы: анықтауыш, бастауыш, пысықтауыш, шартты бағыныңқылы, ереуіл бағыныңқылы, толымды, толымсыз сөйлем, қыстырынды сөйлем, келтірінді сөйлем, төлеу сөз т.б.; дыбыс жүйесі Һәм түрлері – фонетика саласы бойынша: қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, ымыралы, ымырасыз дыбыстар, жарты дауысты, буын т.б. [4, 335 б.]; лексикология саласы бойынша: белгілі түрік ғалымы А. Байтұрсыновтың шығармашылығын зерттеуді алдына мақсат етіп қойған Н. Бирай ханым өз зерттеуі етіп алған 79 шығармасынан сөз байлығымыздың сарқылмас бір бөлігі болып табылатын 368 тұрақты тіркесті сарапқа салып, қандай мағына беретіндігін анықтаған. М., «қысым көрсету, айыптау, азап тарту, қайғыру, бағы жанбау, жазалау» сияқты мағыналарды беруде 151, «ақылынан адасу, өткенді есіне түсіре алмау» 17, «ұмытпау» 4, «жалған сөйлеу» мағынасында 6, «күн көру, бақытты болу, тіл алу, қайырымдылық көрсету» тәрізді 74, «әділдік, шат көңіл, қуаныш, бақыт» тәріздес қоғам және адам өміріндегі ерекше сезімдерді беру үшін 15 тұрақты тіркес қолданғанын санамалап шыққан [5, 11–12 б.] Бұл дегеніміз А. Байтұрсынов шығармаларын зерттеудің ашылмаған қырлары көп екендігін көрсетеді әрі бұл болашақ зерттеулердің алатын межесі.

Аталған қазақ тіл білімінің пән сөздері бүгінгі күні де қолданыстан шықпай келе жатқаны терминжасамдағы Ахандардың біріншіден білімпаздығы, екіншіден көрегендігі, үшіншіден ана тілінен алынған нәрлі сөздердің қазаққа ұғынықты болатынын білген қазақтығы да еді. Себебі, Ахаң тіл біліміне қатысты терминдерді «мектеп табалдырығын енді аттаған балалардың өздері түгіл, ата-әжелерінің, әке-шешелерінің хабары жоқ ғылым-білім тарауларын оқырманына фонетика, морфология, синтаксис деп танытқаннан гөрі, «дыбыс жүйесі», «сөз жүйесі» деп атау әлдеқайда түсініктірек, таныстау болары даусыз

екенін жақсы сезген» [3, 254 б.]. Бұл тіл білімі терминдерін қазақ тілінің өз мүмкіндіктерінен алып түзуінің негізгі уәжі.

Жазу табу да араға ғасырлар салып барып ілуде бір туатын даналардың ғана қолынан келетін шара. Славян жазуын Кирилл мен Мефодий тауып берсе, бүкіл түркі жұртына үлгі болған қазақ жазуын жалғыз Ахмет Байтұрсынұлы жеке шешті. Ахаң қазақ тіліне тән лайық жазудың емле–ереже қисынын тапқан. Ахаң тапқан жазу қисыны әліпби таңдамайды, өзімізге белгілі кез келген әліпбиді Ахаң қисынына салып, қазақ тіліне пайдалана беруге болады. «Сондықтан мен тілтанымға «Байтұрсынұлы қисыны» немесе орысша айтсақ, «эффект Байтұрсынова» деген дәйектеме енгізіп отырмын. Ахаңның жазу қисынын кезінде орыс ғалымдары математикалық формулаға салып, әлемдегі ең озық және ең ықшам әліпби деп бағалаған. Сөйтіп өзге көпшілік жұрттың ойына кіріп шықпайтын, көп пенденің қолынан келмейтін жаңалық ашты», – деп белгілі фонетист Әлімхан Жүнісбеков өте орынды айтқан [6]. Қазіргі заман талабына сай әліпбидегі жазуымызды жетілдіру барысында да жазу қазақтың төл айтылым үлгісін сақтауына да баса назар аударылса игі болатыны сөзсіз.

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен де сабақтасып жатыр. Себебі ұлт ұстаздарының тіл тақырыбы төңірегіндегі ойларының қазір де өміршең екендігін аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі басылымдар, ана тілінде білім алу, тілдің қоғамдағы мәртебесі, ана тілінде тәрбие беру, Қазақстандағы қазақ тілінің басымдығы сияқты мәселелер А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Шоқай, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Т. Шонанұлы, І. Жансүгіров тағы да басқалардың істері мен еңбектерінен көрініс тауып жатты. Алаш қайраткерлерінің сонау ХХ ғасырдың басында тіл туралы айтылған ой-пікірлерінің ХХІ ғасырдың басында өмір сүріп отырған қазақ қоғамы үшін де маңызды болуы – біздің бұл салада атқарар шаруамыздың көптігін де көрсетеді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығанда ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» деп ұрпақтың ұлттық тәрбие алуының негізін айтса, баланы алдымен ана тілінде оқытудың қаншалықты маңызды екенін жетеге жеткізе айтқан.

Сондықтан Алаш қайраткерлерінің, қаламгерлерінің ойларын басшылыққа алып, бірқатар жұмыстар атқарылу тиіс. Айталық, бүгінгі

мектеп, ондағы қазақ тілінің жай-күйі, жас ұрпақтың қазақ бола отырып, Қазақстан мектебінде оқып, орыс, ағылшын тілдерінде білім алуы және ондай қазақ балаларының мыңдап, тіпті он мыңдап саналуы. Қазақ баласының өзге тілді білім алуы деген сөз оның өзгеше тәрбие алуы болып шығады. Осыны ұлттық қадір-қасиетімізді қалпына келтіру жолында орасан істер атқарған Алаш зиялылары бұдан бір ғасыр бұрын ұғынып, сөзбен де, іспен де шешуге тырысқан. Бүгінгі ақпарат тасқыны толассыз болып тұрған кезеңде тілдік қолданыстың зор кеңістігі ақпарат ағынымен тікелей байланысты. Телехабарлар, газет-журналдар орыс тілінде болған соң, үлкен де, кіші де сол тілде сөйлеуді дағдыға айналдырған. Өз тілін біле тұрып, өзге тілге үйір болудың үлкен бір сыры да осында. Қазіргі уақытта тәрбие құралының басты көзі, басым бөлігі электронды ақпарат тасушы құралдар болып отырғандығы белгілі. Ал ақпарат көздерінің қазақтың мүддесін көздеуі екіталай, оларды еркін меңгерген жастарымыздың құндылықтар туралы түсінігі де мүлдем өзгеруі тікелей үздіксіз, сараптаусыз келіп жатқан ақпарат легіне де тәуелді болуы тікелей осы мәселеге қатысты. Өз ұлтын сүюдің, ұлтына ғұмырын сарп етіп, қызмет еткен А. Байтұрсынұлы өмірін үлгі, ұлтына қызмет етудің жарқын үлгісі ретінде типтік тұлға ретінде жастарымызға тәрбие көзінің бірі ретінде «А. Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» атты барлық мамандық студенттеріне арналған таңдау бойынша компонент енгізу қажет деп ойлаймын. Біріншіден, белгілі бір мәдениеттің танымал өкілдерінің жиынтық бейнесі сол қоғамның мәдени бейнесін де көрсететінін бағамдауға болса, екіншіден, қоғамды дамытушы фактор ретіндегі үлгіленген типаждар тілдің бірегейлестіру қызметі нәтижесінде үлгі жалпыландырылады, үшіншіден, студенттің санасында о бастан сапалы істің, модельдің образы қалыптасады. Сондықтан, білім беру ісінде үлгілік қызметі басым типаждардың моделін енгізуге әбден болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

А. Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» Ұлттың болмысын, басқалардан ерекшелендіріп тұратын маңызды рухани табиғатын түсінген Алаш қайраткерлері әрқашан тіл мәселесін ұлттан бөліп қарамаған. Ұлы тұлғалардың сөзінде ұлт тілінің маңызымен бірге жаһандану кезінде өзге жұрттың мәдениетіне жұтылып кетпес үшін ескерту, сақтандыру ойлары да жатыр. Біздің заманымыз үшін бұл пікірлердің бағалылығы да осында. Ахмет Байтұрсынұлы: Адамдық диканшысы қырға шықтым, Көл жоқ, көгалы жоқ – құрға шықтым. Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың. Ұлт ұстазы Аханның осы өлең жолдары бүкіл өмірінің арқауы іспеттес.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Манджибаева, Ж. Ә.** Мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері : латын әліпбиі. Қалалық семинарда сөйлеген сөзінен. – Семей, 2017. 20.11.

2 **Жанпейісов, Е.** Алғы сөз. Ұлттық рухтың рухани тіні. – Алматы : Ғылым, 1999. – 568 б. – ISBN 5-628 02504- 6.

3 **Сыздықова, Р.** Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі. Ұлттық рухтың рухани тіні. – Алматы : Ғылым, 1999. – 568 б. – ISBN 5-628 02504- 6.

4 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б. – ISBN 5-630-00007-1.

5 **Бирай, Н. А.** Байтұрсынұлы шығармаларындағы тұрақты тіркестердің лекико-семантикалық сипаты. Психоллингвистиканың өзекті мәселелері. Ғылыми-тәжірибелік конференция. – Семей : Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті. 2014. – ISBN 9965-9708-5-8.

6 **Жүнісбек, Ә.** Қазақ жазуы : төл дыбыс – төл әліпби [Электронды ресурсы]. – <http://adebiportal.kz/kz/news/view/3264>.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Ш. Б. Сейитова¹, Б. Нергиз²

А. Байтұрсынов – народный просветитель

¹Гуманитарный факультет,

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,
г. Семей, 071402, Республика Казахстан;

²Университет Памуккале,

г. Памуккале, 90, Турция.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

Sh. B. Seitova¹, B. Nergiz²

A. Baitursynov – national enlightener

¹Faculty of Humanities,

Kazakh Humanitarian-Law Innovation University,
Semey, 071402, Republic of Kazakhstan;

²University of Pamukkale,

Pamukkale, 90, Turkey.

Material received on 17.09.18.

В статье рассматривается образ А. Байтұрсынова, как образец истинного патриотизма и преданности своему народу, его неоценимый вклад в развитие казахского языкознания, а так же его труды просветительского характера. Рассматривается идея поднятия национального сознания и просвещения через искусство и образование, взятая за основу казахской интеллигенцией, как одного из основных способов для вхождения в ряды развитых стран.

Хотя текущий поток информации все еще находится в процессе, огромные возможности использования языка напрямую связаны с потоком информации. Телевизионные шоу, газеты и журналы публикуются на русском языке, поэтому люди всех возрастов также говорят на этом в языке. Большой секрет того, чтобы говорить на другом языке в изучении языка. В настоящее время известно, что основным источником образования являются электронные СМИ. Маловероятно, что источник информации будет интересоваться интересами казахского народа и тем, что наши молодые люди, свободно владеющие ими, полностью зависят от потока информации, без которой они полностью независимы.

The article examines the image of A. Baitursynov as a model of true love and devotion to his own nation as well as his significant contribution to Kazakh linguistics studies and enlightening works. The idea of elevating national consciousness and enlightenment to join the ranks of the developed countries through art and education was taken as the leading one by Kazakh intelligentsia has been touched upon in the article.

Although the flow of information is still in the process, the use of extensive connectivity to the context of the information can be exploited. Television shows, newspapers and magazines are in Russian, so people of all ages speak this language. This is the great secret to being able to speak a different language while learning the language. Currently, the main instrument of education is the electronic media tools that are well known. It is unlikely that the information sources will pursue the interests of the Kazakh people and the values of our young people, who are fluent in them and can be directly dependent on the flow of information.

Ш. Б. Сейтмова

ф.ғ.д. доцент, Гуманитарлық факультет, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, ШҚО, Семей қ., 071402, Қазақстан Республикасы
e-mail: seitovashinar@mail.ru

ҰЛТТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ – ТІЛІНДЕ

Мақалада біздің дана ата-бабаларымыздың халықтың басына сын сағат туганда елдің басын бір сәтте, бір демде біріктіріп, жауына жойқын тойтарыс берудің механизмін әрі ол механизмді іске қосудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгергендігі және жүздеген жылдар бойы рухани үстемдікке жеткізер жүйе қалыптастырғандығы зерделенеді.

Қоғамды дамытушы фактор ретіндегі үлгіленген типаждарды насихаттау арқылы, біріншіден, тілдің бірегейлестіру қызметі нәтижесінде үлгі жалтыландырылады, яғни жалтылық сипат алады, екіншіден баланың санасында о бастан сапалы істің, модельдің образы қалыптасады. Сондықтан, БАҚ-да, оқу орындарында үлгілік қызметі басым, ұлт қадір тұтатын типаждардың моделін енгізуге әбден болады. Күнделікті тұрмысымызда кең тынысты қазақтың әні айтылып, домбырасы күй төгіліп, ұлттық өнер туындылары көз қуантып, көңіліңе мақтаныш сезімін ұялатып тұрса, өз ұлтыңды, қазақ болып, дүние есігін ашқаныңды мақтан тұтатының анық.

Кілтті сөздер: тіл, салт-дәстүр, домбыра, тарих, рухани құндылық, ономастика т.б.

КІРІСПЕ

Жер бетіндегі әрбір этностың бір-біріне ұқсамайтын мәдениеті мен өзіне тән ерекшеліктері болатыны – тарихи заңдылық. Мұндай құбылыс сол тілдік ұжымдағы ортаның қарым-қатынасынан, олардың сөйлеу мәдениеті мен өмір сүру дағдысынан, тектік құрылымының коммуникативтік ерекшеліктерінен байқалатынын байыптау міндеті қойылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XXI ғасыр тіл білімінде тілді тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар ұлттың мәдени ақпараты жинақталған код ретінде қарастыратын бағыт қалыптасып, тіл білімі ғылымының дамуы антропоэлектік бағытта жүргізілген зерттеулермен толығуда. Бұл тектес зерттеулерге дәйек болатын кез келген

халықтың ерекшелігі, менталитеті тілінен көрініс тауып, оның барлық деңгейлерінен байқалатыны мәлім. Қазақ халқын идентификациялайтын ұлт болмысы сынды пайым-байқау, ұғым-түсініктің бастауы, толыса түсетін арнасы, ел іші әңгімесінің төңірегінде өрбитін қайнар, ол – халық тілінде сақталған мағыналық бірліктер, салт-дәстүр, халықты бірегейлестіретін өмірлік ұстанымдары. Ұлттық рухсыз, ұлттық намыссыз ұлт тәуелсіздігі болмайды деген екен М. Шоқай. Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты.

Сондықтан да болар әрбір мәдениет өкілінің мінез-құлқы, дағды, ойлау шыңында әлемді тануына бағытталған өзіндік ерекшеліктері болатыны сөзсіз. Адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты кез келген ұлттық мәдениет мәселелері, мысалы, «бірлік - ынтымақ» тәрізді ұғымдар қай кезде де, қазірдің өзінде де маңызды мәні бар мәселе. Қазақ халқы бірліктің, татулықтың, ынтымақтың жарасымдылығын ерекше бағалайды. Тіпті, бір жағадан мойын, бір жеңнен қол шығара алмаған қандастарға «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп, өмірдің сәнін, мәнін, береке, бірлігін еріксіз мойындатар мақалды да ғибрат еткен. Бұл жердегі «алтау» деп отырғанымыз – әрбір шаңырақ құрушыларда үш жұрттан алты жұрты (отанасы: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты; отағасы: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты) болса, «алтау» (ала болса) дегеніміз осы. «Төртеу» – төрт төңірегің, яғни туған-туысқаныңмен тату болып, төңірегің мен оңды келісімде болсаң, төрт құбылаң сай. Бұл ел ішіндегі жиі айтылатын әрі көпшіліктің айтуына, таратуына жеңіл уәж. Бірінші орында келісім, түсіністік, ұжымды жұмылдыра білу, мақсат бірлігі, жеке адамдардың бір-біріне деген сыйласымдылығы, отбасылық қатынастар, бір-біріне көмек қолын ұсынуы, материалдық, рухани көмек, қонақ күту, келген қонақ мәселесін шешуге белсене араласу, атамекені, өз қандасы үшін қай кезде жұмыла қызмет жасауға дайындығын білдіретін мағыналардан тұрады. Ұлт арасындағы ортақ мақсаттарды, әсіресе, қандас туыстық, сол арқылы қазақтың тұтастығын үнемі көкейге қондыра отырып, оның әрқашан нәтижелі болатынына иландыру, яғни туысқандар арасындағы татулық, белгілі қалыптасқан дәстүр аясында шоғырлана, ұйыса білу, бірлік – ол ел іргесінің сөгілместігінің кепілі. Халқымызға тән қасиет айтайын деген ойын ашық айтпай, тұспалдап, жанамалап, астарлап жеткізуде. Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы тілдік бірліктердің молдығы, халықтың танымдық деңгейінің тереңдігін білдіреді. Осы орайда, *найман-керей енелес, керейді найман ешкімге теңемес, енелестер еніп, сөйлесер, аталастар ат үстінде тілдесер* мағыналық бірлігі – тілдік ұжымның барлық мүшелеріне таныс мәліметтің бүгінгі берер мағынасы қауымды берекеге бастау болар – бірлікке

жүгіндіру. Себебі, ұжымдаса, яғни бірлесе атқарған еңбек қана нәтижелі, жемісті екендігі жөнінде аялық білімі болса, берілген мақалдың мағынасын қабылдаушы тез түсінеді. Бұл жерде, біріншіден, қандас, туыстық, екіншіден, ана жағынан туыстар, аспай-саспай мәмілеге келетін болса, әке жағының туыстары, олар қоғамдасуға, ұжымдасуға, тез әрекетке баруға, бірден шешім қабылдап, іске кірісуге қатар жүргендіктен төселгендері соншалықты, олар ат үстінен-ақ, иек қағысынан-ақ, жол-жөнекей, көз шарпысуынан-ақ бірін-бірі дөп түсініп, қоян-қолтық іске араласады. Ал ежелестер бірімен-бірі жиі істес, бастас болмағандықтан, оларға бір әрекетке жұмылу үшін, бүге-шігесіне қанып барып, оны қайта-қайта пісіріп барып қана келісімге келе алады. Себебі, қазақтың ұлттық түсінігінде туыстық ата жолымен есептелетіндіктен, аталастардың ұжымдасу қабілеті өмір талабына сай жоғары. Яғни аталған мағыналық бірлік ұлттық менталитетті көрсететін көрсеткіш [1, 162 б.].

Мысалы, тұрақты тіркестерде ұран мағынасындағы «*Ақжол*», «*Қаптағай*» сөзін аруақтану, бойға ерен күш жинау, қуат көзінің символы ретінде: «*Ақжолдаса*», *арғын қалмайды, екеуі бірігіп*, «*Сарманайлап*» түйілсе, *басқалардың сау тамтығы да қалмайды*; бүкіл әскер он мың болса, он мың, жүз мың болса, жүз мың бәрі ұрандап, мыңдаған ат тұяғының дүбіріне жүздеген әскерилердің дауысы қосылғанда, күн күркірегендей, алапат дауыл тұрғандай ұрыс даласының символы ретінде: «*Ақжолдаған*» *арғындар*, «*Бақтиярлаған*» *үйсіндер*; бір тудың астына біріктіретін, бір сөздің аясына шоғырландыратын, туысқандықтың белгісі, жинақтағыш күш символы ретінде: *Байғара – сыбанның ұраны*; *ұран иесі – Боранбай* және т.б. екінші деңгейлік сезім призмасынан көрінетін әлем символдық мән иеленген тұрақты тіркестермен бейнеленіп, ұлттық тілдік әлем картинасының ерекшелігін анықтайтын басты фактор ретінде жүреді.

Ел ішіндегі жазылмаған заңның, иерархиялық жүйенің қатаң сақталуы – сол дәуірдің заман талабы. Жаугершілік уақытта тас түйін отыратын елге «аттандаған» немесе «аруақ шақырған», «*Ақжолдаған*», «*Сарманайлаған*» ұран тасталатын болса, белді бекем бұған топ, бір кісідей үндесе шабуылдаған. Аталған тіркесте бірнеше семаның барын анықтауға болады: біріншіден, туыстар: аталас, екіншіден, жауынгерлер: екеуі біріксе дегенде екі нақты сандық ұғымды білдіріп тұрған жоқ, бұл жерде екі атаның баласы, үшіншіден, тәсілқой жауынгерлер: олар бей-берекет ұмтылмайды, қыран құстай түйіліп шабуылдайды, төртіншіден, сұсты жауынгерлер: басқалардың сау тамтығын қалдырмайтын болғандықтан да сесті. Адам сезімінің жан-жақтылығын бағалаудың генетикалық механизмі бір мезгілде жан-жақты әрі ұлтқа тән қабілетке ие болып, әлемдік тілдік картинаны әрі жалпы типологиялық, әрі индивидуальді ерекше етіп көрсетуге бейім.

Ұлттың генетикалық күш-қуаты, өзін-өзі сақтау механизмі заманмен үндес, заман аяқ алысымен бірге жүріп отыру үшін, рухани құндылықтар дәнегінің механизмі үнемі іске қосылып тұруы – ол бүгінгі заман талабы. Сол механизмді іске қосудың халық өмірінің ұзақ жолында қалыптасқан, уақыт талабына жауап бере алған, ұлт қорғанышы болған өзіндік ақ, сара жолы болды. Атап айтсақ, ұлттық өнерді қастерлеп, қадірлеп, ата-бабасынан қалған мұра, көз ретінде үнемі бағалап, жетілдіріп отырды. Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ- домбыра», – (Қ. Мырзалиев) деп, домбыраны ұлықтады. Себебі, домбырадан қадірлі, қадірсіз зат жоқ болар қазақ үшін. Қадірлі болатыны. Ол – сырласы, мұндасы, досы, көңіл қошы. Қадірсіз болатыны, кез келген ошақтың тәй-тәй басқан баласы, оны ат қып та мініп, сабалап тыңқылдататын да, яғни, домбырамен үндес, оның үні құлағына ана сүтімен, ауыл үйдің түтінімен санасында мәңгілік қалатын да.

Ақын-жыраулар да бұған өз үлесін қосып отырды. Қызы, ұлы, жары, атасы, енесі т.б. қандай-ды деп сұрақ қоя отырып, қандай болуы керектігінің стандартын, моделін өз шығармашылығында насихаттап, салтанаттап айтып отыруы да дәстүр-тін әрі сол модельді қабылдауға өз тыңдаушыларын ұйытып отырды. Модельдік тұлғаның басты ерекшелігі мінез– құлықты рухани құндылыққа бағындыру болып табылады. Басқаша айтқанда, модельдік тұлға – қоғамды дамытудың мәдени факторы болып саналады. Бұл мәселені кең көлемде қарастырғанда, белгілі бір мәдениеттің танымал өкілдерінің жиынтық бейнесі сол қоғамның мәдени бейнесін де көрсететінін бағамдауға болады.

Мысалы, батырдың жиынтық бейнесін алайық. **Батыр** «жаумен шайқастарда асқан ерлік жасаған, қарсыласынан ешқашан тайсалмайтын, қаймықпайтын, өз намысын, ел намысын өзгеге тапталмайтын қаһарман, ержүрек адам; жаумен шайқаста жеке ерлік жасап, даңқы шыққан, сол үшін елдің құрметіне бөленген, ел ардақтаған тұлға». Батыр «қолпаштау, көтермелеу, «бәрекелді» мағынасында айтылатын қаратпа сөз». Байырғы мәдени-тілдік ұжымның когнитивтік санасында *батыр* – мәртебелі әлеуметтік топтың өкілі [2, 267 б.].

Батырлық, қаһармандық қасиеттерді бойына дарыту – бұл ежелгі қазақ жерінде дәстүрлі салттың бірегейі. Қазақ батырларының әлеуметтік топ ретінде өзіндік мұраты, қоғамда орны, ел-жұрт алдында өзіндік қадір-қасиеті ерекше болған. Халық батырының сом тұлғасын жасау – барлық халыққа тән құбылыс. Біздің бейсанамызда «батыр» ширақ, денесі серпінді, құрыштан құйғандай, ірі, батыл, жаумен шайқастарда ерен ерлік көрсеткен, қарсыласынан қаймықпай бетпе-бет келіп, сағын сындыратын өктемдік таныта білетін, бес қаруы бойында, оның әрқайсысын жетік меңгерген, ел намысын, өз намысын ержүректілікпен қорғайтын, жаумен шайқаста көзсіз

батырлығымен даңқы шыққан, сол үшін құрметке бөленген, сыртқы жауға қарсы тұрар ел ардақтаған тұлға. Сондықтан туған халқының тәуелсіздігі үшін қан майданға тайсалмай шыққан батырлардың отаншылдығы, рухының асқақтығы жауының зұлымдығы мен қиянатына қарсы қойылар қамал іспеттес. «...Халықтың атам заманғы өмір-тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын «алтын арқау»; олар – рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден-бір кепілі. Бұл қазына-байлықтан айырылған этникалық қауым – өзінің өткен өмірінен айырылды деген сөз, ондай қауымның болашағы да жоқ» [2, 7 б.], – деп, академик Ә. Қайдар көрсетсе, өмірлік ұстаным, салт-дәстүр, үлгі-өнеге – ресми тарих пен өткен уақыттың табын бойында сақтаған рухани шежіре.

Мәдениеттану ілімінде тұлғаны топтастыру барысында сол мәдени кеңістік өкілдеріне айтарлықтай жағымды әсер еткен айтулы тұлғаны айрықша бөліп шығарады. Сонымен қатар, басқа ұлт өкілдері тарапынан бағалауыштық біліктілік алатын сол мәдени аяда мәдениәлеуметтік типті бөліп шығаруға болады. Бұл мәдениәлеуметтік типтер модельдік тұлға ретінде басқалар үлгі алатындай, қоғамға үлгі болатындай модельдердің типтік бейнесін үлгілейді. Сол үлгіге, қоғам мүшесі өзін қалыптандыратыны, бейімдейтіні сөзсіз. Қоғамды дамытушы фактор ретіндегі үлгіленген типаждарды насихаттау арқылы, біріншіден, тілдің бірегейлестіру қызметі нәтижесінде үлгі жалпыландырылады, яғни жалпылық сипат алады, екіншіден баланың санасында о бастан сапалы істің, модельдің образы қалыптасады. Сондықтан, БАҚ-да, оқу орындарында үлгілік қызметі басым, ұлт қадір тұтатын типаждардың моделін енгізуге әбден болады. Күнделікті тұрмысымызда кең тынысты қазақтың әні айтылып, домбырасы күй төгіліп, ұлттық өнер туындылары көз қуантып, көңіліңе мақтаныш сезімін ұялатып тұрса, өз ұлтыңды, қазақ болып, дүние есігін ашқаныңды мақтан тұтатының анық.

Халқымыздың, өскелең ұрпақтың елжандылығын, еліне деген ұлттық мақтанышын білдіретін тәрбиелік, рухани, мәдени маңызы зор факторлардың тағы бірі – ұлттық ономастика мәселесі. Әрбір ауылға, ауданға қарасты елді мекендердің атауларын, ең бастысы о бастағы тарихи атауларын термелеп шығып, олардың қаншасы сақталған, қаншасы өзгертілген және қай кезде, қандай мақсатпен өзгертілгендігі туралы мәліметтерді жинастырып, өткен ғасырлардың сан қилы оқиғасынан сыр шертетін бағзы атаулардың тізбесін жасай алсақ та тарихтың талай қазбасы ашылып, інжу маржандары тарих арқауын тарқатуға себепкер де болар ма еді. Көптеген топонимиялық атаулардың негізгі, бастапқы, тым болмаса қазақы атауының тұрғындар есінде қалмауы, әрі ондай мысалдарды ондап келтіруге болатындығы, кеңес

өкіметі кезіндегі идеологияның ел есін басқа арнаға бұрып, тарихи есін көмескілендіруге себепші болғандығының көрінісі.

Қазіргі таңда ұлт мәдениетін жаңғыртып тануда, тарих қойнауынан тіл арқылы жеткен мәдениеттің мәйегін таразылау, салмақтысын, сапалысын сол ұлттың рухани арқауы ету өзекті мәселелердің бірі. Өңірлік атаулар, оның ішінде, этнотопоним, этногидроним, этнооронимдерді тарихи-мәдени және этнографиялық аспектіде тіл білімімен бірлікте алғанда ғана мәнді тұжырым болары хақ.

Сонымен, қазақтың баласының болмысы қазақи болу үшін, елжанды, рухани өзегі қорлы, замана желіне илектелмей, қарсы тұра білетін рухты қыз бен ұл болуы үшін, жас ұрпақ өз мәдени мұрасының қалыбында әлдиленуі, тербелуі керек-ақ. Құлыншақтай құлдыраған шағынан құлағында домбыраның үні қалса, ол кең даласының үні, асыл мұраға көзі үйренсе, қолы да шебер болып, кәсібін шыңдайды, қазақы әуенмен тербелсе, есейгенде де сол әуенді сағынар, туған жерін аңсар. Бұның не қиындығы бар, бәрі де бар, тек, күнделікті қолдансақ болды, қолдан келетін шаруа.

Біздің дана ата-бабаларымыз халықтың басына сын сағат туғанда елдің басын бір сәтте, бір демде біріктіріп, жауына жойқын тойтарыс берудің механизмін әрі ол механизмді іске қосудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгергендігі және жүздеген жылдар бойы рухани үстемдікке жеткізер жүйе қалыптастырғандығы айқын. Сол жүйеден біз де ауытқымайық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғасырлар бойы даналығымен, өміршендігімен, қасиеттілігімен өзінің маңызын жоймай келе жатқан халқымыздың тәлім-тәрбиесі ұрпаққа рухани азық. Халқымыздың тілін, ата салтын, тарихын, ұлттық дәстүрін ұмытып, адамгершілік өресінен табылар құндылықтардың парқы азайған уақытта, рухани құндылықтарымыздың нәрлі бастауынан, адамның көкірек көзін ашатындай қайнар бұлақтардың арнасын, көзін ашу – ұлттық жәдігерлеріміздің қасиетін тұшына түсінуге бастар жол екені қарастырылды. Сондықтан, ұлттың басын біріктіретін, тұтастандырар күш – ғасырдан ғасырға арналанып, толысып, сарапталып жеткен рухани құндылықтарымыздың көбесі сөгілмесе, жастарымыз да ұлтжанды, ел іргесі де аман.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Сейітова, Ш. Б. Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары бойынша). Фил. ғ. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы : 2009. – 375 б.

2 **Уәлиев, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил. ғ. д.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2007. – 336 б.

3 **Қайдар, Ә.** Халық даналығы. – Алматы : Тоғанай Т, 2004. – 560 б. – 1.7. Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Ш. Б. Сейитова

Язык – живая душа народа

Гуманитарный факультет,
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,
г. Семей, 071402, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

Sh. B. Seitova

Language is the living soul of the people

Faculty of Humanities,
Kazakh Humanitarian-Law Innovation University,
Semey, 071402, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

Генетическая сила нации, механизм самосохранения соответствует времени, и чтобы идти в ногу со временем, необходима непрерывная работа механизма духовных ценностей, что и является главным требованием на сегодняшний день. Внедрение данного механизма, отвечающего требованиям времени и ставшим защитой нации, имеет свой собственный путь становления на долгом жизненном пути народа.

Распространяя стандартизованные модели как фактор развития общества, первая заключается в том, что модель обобщается в результате уникальности языка, то есть общего характера, а во-вторых, образ ребенка формируется в сознании ребенка. Вот почему в средствах массовой информации и в школах можно ввести модель типичных моделей, которая преобладает в типичной деятельности нации. Понятно, что повседневная жизнь полна казахских песен, домбры, национального искусства и гордится своей собственной страной.

The article is devoted to the analysis of ways and powerful mechanism created by our ancestors to oppose the enemies, to unite the whole nation at critical and crucial historical moments. It also highlights the ability

of our ancestors to manage the system which led the nation to spiritual supremacy over the course of century.

Spreading standardized models as a factor of the development of society, the first is that the model is generalized as a result of the uniqueness of the language, that is, of a general nature, and secondly, the child's image is formed in the child's mind. That is why in the mass media and in schools it is possible to introduce typical models that prevail in the typical activity of a nation. It is clear that everyday life is full of Kazakh songs, a house, national art and is proud of its own country.

О. В. Сухова¹, О. П. Решетова², Д. М. Мергалиев³

¹кафедра «Филологии и сценической речи», Алтайский государственный институт культуры, г. Барнаул, 656000, Российская Федерация;

²кафедра «Филологии и сценической речи», Алтайский государственный институт культуры, г. Барнаул, 656000, Российская федерация;

³кафедра «Исполнительского искусства», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан

email: ³mergaliev_d@mail.ru

ГЕРМЕНЕВТИЧЕСКИЙ ПОДХОД В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

В настоящей статье автор рассматривает герменевтический подход в процессе формирования и развития межкультурной иноязычной компетенции. Авторы отмечают, что овладение умениями межкультурной компетенции происходит в процессе социализации, инкультурации и аккультурации, предполагающими осознание всех форм социального взаимодействия в разных культурах. В современном учебном процессе по овладению иностранным языком необходимо не только научиться общаться на иностранном языке, но и формировать свой социокультурный опыт в процессе иноязычного общения и развивать себя как личность. Рассматриваются проблемы обучения пониманию текста в рамках целостного подхода, который строится на двух теоретических моделях: теории схемы и теории взаимодействия.

Ключевые слова: герменевтический подход, межкультурная иноязычная компетенция, инкультурация, аккультурация.

ВВЕДЕНИЕ

По мнению современного педагогического сообщества, идеалом образованности в настоящее время является человек культуры, интегрирующий в процессе своего развития, с одной стороны, наблюдение за собой и изучение себя, своей культуры, т.е. самопознание, и с другой – «вживание» во внутренний мир партнера по общению, изучение и признание его культуры. Это становится возможным только в процессе диалога (в том числе иноязычного), на основе

понимания, построенного на принципах эмпатии, гуманности, толерантности. Не случайно Б.С. Гершунский в работе «Философия образования для XXI века» выдвигает главную задачу в процессе обучения и воспитания как герменевтическую, поскольку результатом образования должно стать понимание, которое считается единственным способом постижения истины, как в естественнонаучном, так и в гуманитарном знании, в науках о жизни и социуме. Понимание, вживание и интуиция являются также еще и основными инструментами познания жизни как целостности, именно эти качества и следует развивать, воспитывая человека культуры.

Соответственно, важной задачей высшей школы становится развитие у обучающихся способности смыслопорождения. Знание должно стать его частью и руководством к осмысленному профессиональному действию, основанному на понимании окружающей его социокультурной среды, включающей межчеловеческие, межнациональные, международные связи и взаимоотношения. Решение указанной задачи лежит на путях развития самостоятельности мышления, навыков действий, обеспечивающих высвобождение сознания для постижения смысла учебных текстов, умений самостоятельно осуществлять творческо-исследовательскую деятельность по истолкованию текстов.

В данном контексте в качестве текста рассматривается не только набор определенных семиотических знаков, а любой отдельный объект социокультурного пространства: личность, традиция, культурная ценность и т.д. Текст выступает и как субъект, объект и как средство и метод познания мира. В качестве субъекта предстает личность, которой необходимо научиться понимать текст-историю, текст-культуру, текст-личность, обладая определенными навыками вживания, сопоставления, делать соответствующие выводы, уходя, таким образом, от предрассудков, стереотипов поведения, и действуя в соответствии с нормами и правилами определенной социокультурной ситуации. Личность в качестве основного субъекта и текст как единица содержания рождают новое понимание организации социокультурного пространства.

Текст как объект рассматривается как составляющая культурного поля образовательного пространства. Любой объект культуры духовной или материальной изучается как текст, предполагая знание морфологических, синтаксических, грамматических норм и правил, что предопределяет междисциплинарный системный характер изучения. Как результат – образуются новые культурные тексты, возникающие на «границах», т.е. посредством прочтения и рефлексии, способствующие обогащению представлений о прежних прочитанных текстах и возникновению новых культурных пластов, требующих своего изучения и прочтения.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Особую актуальность избранная проблема обретает в той сфере профессионального образования, в которой предметом изучения и основой для поиска и интерпретации смысла является художественный текст в различных его видах: например, текст литературных, драматургических и музыкальных произведений, а также тексты изобразительного искусства, кинематографии, хореографии. Их материальную основу составляет знаковая система, несущая специфическую смысловую информацию (художественный образ как тип художественного высказывания) и имеющая языковую природу. В конечном счете, во главу ставится «понимание» как процесс постижения окружающей действительности, что и предполагает герменевтика как наука истолкования текстов, теория постижения смыслов и искусство постижения чужой индивидуальности.

Теоретико-методологические основания герменевтического подхода мы находим в трудах философов Х.-Г. Гадамера, И. Гердера, Ф. Шлейермахера, В. Дильтея. Основы педагогической герменевтики заложил И. Гердер, впервые выделяя ее в качестве самостоятельной области. Сохраняя методологически важную установку того времени на рассмотрение всех изучаемых предметов сквозь призму понятий «природа» и «развитие», И. Гердер рассматривает спектр возможных подходов к воспитанию просвещенной личности в рамках проблемы ее социальности.

Дальнейшему развитию идей герменевтики способствовал В. Дильтей, представитель экзистенциальной педагогики, который считал предметом герменевтики внутренний мир человека, внешний мир и культуру прошлого. Исследуя «проявления жизни» и формы понимания, он различал три типа проявления жизни: понятия, суждения и умозаключения. Экзистенциальная педагогика ставила в основу воспитания «педагогическое понимание», т.е. проникновение в своеобразные возможности другого бытия и непосредственное участие в нем, открывающие возможности помощи другому человеку в раскрытии его экзистенции.

Одним из ведущих теоретиков философской герменевтики является Х.-Г. Гадамер. Основные понятия герменевтики – горизонт, герменевтический круг, традиция, авторитет, игра – концентрируются у него вокруг категории «понимание» («Verstehen»), которая толкуется как объяснение идиографической сущности изреченного, а также как итог субъективно-личностного или же историко-культурного «вживания». Подчеркивая недостаточность теоретического познания действительности, Х.-Г. Гадамер обращал особое внимание на жизненный опыт субъекта, в котором он осваивает мир через чувственное переживание, практическое проживание жизни.

Мысль о том, что текст является не только элементом, составляющей культуры, но и самой культурой впервые определенно высказал М. М. Бахтин. Художественный текст обладает уникальным хронотопом, собственным временем и пространством. Текст наделен языком, оригинальным содержанием и сюжетом. В общении с читателем он рождает новые тексты и «ведет себя как мыслящая личность». Все это дает основание определять текст как семиосферу, генерирующую новые тексты, т.е. как культуру. Текст и есть культура в ее простейшей, но реалистичной и действенной форме.

Многомерность и нелинейность организации современного мира, диалогичность культуры обуславливают построение образования как поликультурного, что позволяет субъекту соединить в своем сознании различные культурные миры, и в тоже время нацеливают студента на овладение умениями, необходимыми для сосуществования в условиях мультикультурного общества: информационными технологиями, иностранным языком, способностью адекватно воспринимать поликультурный мир, преодолевая предрассудки и стереотипы по отношению к другим культурам.

Данное социально-педагогическое явление получило отражение в научном языке под разными терминами: поликультурное образование (В. В. Макаев, В. П. Борисенков, З. А. Малькова, В. И. Матис, Л. Л. Супрунова), поликультурное воспитание (Н. В. Бордовская, А. А. Реан), многокультурное образование (Г. Д. Дмитриев, М. Н. Кузьмина), школа диалога культур (М. М. Бахтин, В. С. Библер), культурологическая концепция (Е. В. Бондаревская). Каждое из этих определений восходит к инвариантной идее, связанной с обеспечением взаимодействия культур в образовательном процессе, направленном на приобщение молодого поколения к этнической, национальной и мировой культуре, развитие на этой основе планетарного сознания, формирование готовности и умения жить в многонациональной среде.

Важной составляющей поликультурного образования является владение иностранным языком. Язык выступает как средство познания картины мира, приобщения к ценностям, созданными другими народами и одновременно язык – средство представления ценностей родной культуры и исторических достижений представителям инокультуры. В современном учебном процессе по овладению иностранным языком необходимо не только научиться общаться на иностранном языке, но и формировать свой социокультурный опыт в процессе иноязычного общения и развивать себя как личность.

Обучение иностранному языку приобретает все более социокультурный характер, выраженный в формировании у обучающихся межкультурных компетенций личного, локального, регионального и мирового масштаба. В связи с этим в современной педагогической теории и практике

разрабатываются новые концептуальные подходы, раскрывающие методологические и теоретические основы концепции языкового поликультурного образования (Н. В. Барышников, В. В. Сафонова, П. В. Сысоев, Г. Н. Филонов и др.). Полилог культур, как предполагаемый результат социокультурной направленности обучения иностранным языкам, ориентирует на усиление культуроведческого аспекта в содержании обучения иностранному языку, не только приобщая студентов к культуре страны изучаемого языка, но и помогая им лучше осознать и понять культуру своей семьи, родного города, края и страны, и развить у них умения представлять ее средствами иностранного языка.

В отечественной педагогической практике существуют различные трактовки понятия «межкультурная компетентность», интегрирующие, в целом, когнитивно-содержательную составляющую, предполагающую наличие у индивида сведений о какой-либо конкретной культуре, и психоэмоциональную – актуализирующую наличие у индивида способности к эмпатийности, толерантности, пониманию, рефлексии при контакте с представителями инокультуры. Индивид, обладающий достаточным уровнем сформированности межкультурной компетенции, обладает умениями интерпретировать поведение представителей «чужой» культуры.

Овладение умениями межкультурной компетенции происходит в процессе социализации, инкультурации и аккультурации, предполагающими осознание всех форм социального взаимодействия в разных культурах. Позитивное отношение к «своей» и «чужой» культурам основано на рефлексии индивида в рамках родной и иностранной культуры. Таким образом происходит перевод из категории «чужого в «свое», а усвоение новой информации происходит не только на уровне объективных знаний (в отношении человека часто «предрасудочных»), но в первую очередь, в формах теоретического мышления, на уровне лично-прочитанных смыслов.

Интегрируя различные философско-педагогические концепции, можно выделить основные принципы формирования межкультурной компетенции с учетом требований герменевтического подхода.

1 Принцип герменевтического круга, заключающийся в том, что «движение понимания постоянно переходит от целого к части и от части к целому. И задача всегда состоит в том, чтобы, строя концентрические круги, расширять единство смысла, который мы понимаем» [9, с. 52]. Осознавая объект познания как нечто целое, студент понимает значение его частей и необходимость их изучения и анализа как составляющих целого, что способствует систематичности, прочности знаний и новое знание вытекает из ранее усвоенного и предлагает путь к освоению последующего. Соблюдение данного принципа позволяет «увязать» в единую систему все знания и

умения, получаемые из разных дисциплин, а также приобретать новые знания в результате осуществления этих связей.

Фразеологизм	<p>Баса көктеп кірді – еш нәрсеге қарамады, киіп-жарды. Бас алды – өсімдік дән алды. Бас алмады – назар салмады, алаңдамады. Бас араздық – екі жақтың арасындағы өкпе, реніш, дұрдараздық. Бас асау – басына жүген-құрық тимеген, тарпаң мінез (жылқы); айтқанға көнбейтін қиқар адам. Бас ауыртты – мезі қылды, мазалады. Басы ауырып, балтыры сыздады – ауырып сырқады, науқастанды. Бас байлады – қауіп-қатерге бел буды, басын тікті. Бас бұзар – сойқаншыл, сотқар. Бас білді – мініске үйретілді. Бас десен, құлақ дейді – сөз ұқпайтын мақау. Бас жарылса бөрік ішінде – жабуыл қазан жабулы қалды, жария болмады. Бас жарып, көз шығарып барады – тентектіп істеп, дегенге көнбеді. Бас иді – көрсетілген құрметке ілтипат білдірді; кешірім өтінді, кішірейді. Бас имеді – берілмеді, көнбеді, кешірмеді. Бас кесер – қанішер, зұлым. Басы кетеді – өмірін жояы, өледі. Бас көтерді – жоғары қарады; наразылық көрсетті, қарсылық білдірді; тұруға жарады; егін өніп, жер бетіне шықты. Бас көтерер – елдің ауылдың ақылшысы; отбасындағы еңбекке жарамды адам. Бас көтере алмады – қарсыласа алмады. Бас көтертпеді – мұршасын келтірмеді. Бас қайғы - өз басының уайымы, мұңы. Басқа, көзге төпеледі – жұдырықтың астына алды. Басқа кірді – миына қонды. Бас қамын ойлады Басына көрінгір (қарғ. бар пәле өзінмен кетуір).</p>	

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, жалпы қазақ тілінің сөз жүйесін меңгертудегі шығармашылық жұмыстар әр оқытушының шеберлігіне байланысты. Және тек сол тақырыпты ғана меңгертіп қоймай, үнемі жалпы күйдегі танымды

естен шығармаған жөн. Курс барысында ұстанатын негізгі мәселелер мыналар:

1) Осы салаға қатысты терминдер сөздігін меңгерту: дәстүрлі қолданыстағы терминдермен тасада қалып қоятын лұғаттық мақала, оксюморан, оккозионал сөздер т.б.

2) Кез келген анықтаманы мысал арқылы есте сақтауды меңгерту: мәселен: күңіренді – күні ренді, отырғандай – от ұрғандай – омофон; ақ халатты абзал жан – дәрігер, халық қалаулылары – депутаттар – перифраз т.б. және ең бастысы алдымен қарапайым мысалдар күрделіге яғни жеке қолданыстағы (индивидуалды) бірліктерге бару керек. Студент сол арқылы анықтаманы өзі шығарып, мысалмен есте тез сақтайды.

3) Жаттығулар жинағымен жұмыс жасау. Ол үшін сөздіктерді басшылыққа алу. Мәселен, синонимдер тақырыбында кез келген студенттен бір сөз беріп синонимдік қатарын сұрасаң ең көп дегенде 4-5 мысалмен шектеледі. Тіпті оған жетпейді. Немесе 1 сөз беріп соның мағынасын сұрасаң 1 ғана жауап аласың. Мысалы, шырқау сөзінің мағынасын сұрасаң шырқаны басшылыққа алып ән салу етістігімен байланыстырып, сонымен шектеледі. Ал шырқау сөзінің алыс, қашық, жырақ деген мағынаны білдіретінін білмейді. *Бір пәлеген жолықтың шырқау барып, ала жаздай көгалды бір көрмедің, Сары жұртқа қондың ба ірге аударып (Абай). Немесе Алыстан сермеп, жүректі тербеп, Шымырлап бойға жайылған, Қиуадан шауып, қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған (Абай).* Қиуа – алыс жер, қиян, шалғай.

Алыс, қашық, қиыр, шет, шыған, қиян, ұзақ, шалғай, жырақ, аулақ, алшақ, қырым, шырқау, қиуа, керік (диалект, Солтүстік Қазақстан);

4) Студент жоғары оқу орында оқығандықтан, осы салаға қатысты ғылыми еңбектер мен ғалымдарды меңгеру керек. Мәселен, қазақ лексикологиясы ма ол алдымен І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың 1962 жылғы қазақ тілісін алып, қолына ұстап танысуы керек. Синоним тақырыбы ма ол Ә. Болғанбаевты білу керек, антоним бе Ж. Мусиннің аты алдымен аталу керек, фразеологизм бе І. Кеңесбаевты білу керек т.б. Сонымен қатар студенттерге пайдаланылған әдебиеттер тізіміне берген барлық еңбекті жатқа сұраған абзал. Олар оның ішімен де, сыртымен де танысу қажет. Тіпті өздері конспект жазып келген еңбекті сұрасаң не авторын, не шыққан жылын, не түр-түсін білмей отырады. Сондықтан осы оқу жылынан бастап пайдалануға берген әдебиеттер тізімін кез келген уақытта тұрғызып оның мазмұнын, авторын т.б. сұрауды қолға алдым. Бұл әдіс ғылыми өрісін кеңейтуге жол салады.

5) Орайы келген терминдерді қазақиландыру. Тіпті лексикология дегеннен бастап. Лексикология – сөз жүйесі, полисемия – көпмағыналылық, моносемия – дарамағына, метафора – ауыстыру, метонимия – алмастыру,

синекдоха – мегзеу т.б. Әрине ыңғайға көнгендерін. Кей жағдайда студенттерден мегзеу деген не десең білмей, синекдоханы сұрасаң жауап беріп жатады. Мұның барлығы оқыту кезінде туындайтын өзекті мәселелер.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Салқынбай, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Эверо, 2008. – 464 б.

2 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б.

3 Қазақ тілінің теориясы мен әдістемесі мәселелері: Ғылыми мақалалар жинағы. Т. 1. – Семей : Интеллект, 2009. – 270 б.

4 **Қалиев, Ғ., Болғанбаев, Ә.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Н. Х. Ахтаева¹, Б. Сағындықұлы²

Формирование творческой личности с помощью обучения лексикологии современного казахского языка

^{1,2}Филологический факультет,

Павлодарский государственный педагогический университет,

г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 17.09.18.

N. H. Akhtayeva¹, B. Sagyndykuly²

Formation of creative personality by teaching lexicology of the modern Kazakh language

^{1,2}Faculty of Philology,

Pavlodar State Pedagogical University,

Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 17.09.18.

В статье говорится о роли и важности лексикологии современного казахского языка с целью подготовки конкурентоспособных студентов. Рассматривается важность своевременного и уместного использования знаний, полученных в ходе обучения во время решения теоретических и практических проблем, с помощью освоения и формирования студентом понятия о богатом словарном

запасе казахского языка. Примеры, полученные во время изучения дисциплины, также осваиваются на основе типов значений слов, и ведут к пониманию конкретных явлений. Рассматривается и то, что нужно развивать теорию с помощью творческих работ на практике, не ограничиваясь лишь теорией.

The article deals with the role and importance of lexicology of the modern Kazakh language in order to prepare competitive students. The importance of the timely and appropriate use of knowledge, gained in the course of training, in solving the theoretical and practical problems through the development and formation of the student's concept of a rich vocabulary of the Kazakh language is considered. Examples obtained during the study of the discipline, are also mastered based on the types of words meanings and lead to an understanding of the specific phenomena. It is also considered that it is necessary to develop the theory with the help of creative works in practice, not limited to theory.

FTAMP 17.71.07

Л. Ә. Еспекова

ф.ғ.к., профессор, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: Espekova@bk.ru

ТАРИХИ ЖЫРЛАР – ӘДЕБИ ТІЛДІҢ БІР АРНАСЫ

Мақалада тарихи жырлардың тілдік ерекшеліктері, оның әдеби тілге ықпалы қарастырылады. Бұл жырларда халықтың өткен күндерінің іздері жатыр. Тарихи жырларда халық тілінің байлығы сақталған. Мақалада тарихи жырлардың зерттелуіне шолу жасай отырып, оның басқа фольклорлық жанрлардан ерекшелігі айқындалады. Тарихи жырлардың тілін зерттеу негізінде оның белгілі бір кезеңдегі даму сипатын зерттеуге, сонымен қатар оның стилистикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Тарихи жырлар жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен сол замандағы әдеби тілдің жағдайы туралы анық сипаттама бере алады. Сол себепті тарихи жырлардың көркем тілі әрқашан қазақ халқының әдеби тілімен байланысты болып келеді.

Кілттік сөздер: ауыз әдебиеті, фольклор, тарихи жырлар, әдеби тіл, эпикалық шығармалар.

КІРІСПЕ

Ауыз әдебиеті үлгілері бұл халық фантазиясынан, қиялынан туындаған дүние ғана емес, онда тарихи шындық та бар. Фольклорда ерекше орынды тарихи жырлар алады. Олар – тарихтағы нақты тұлғалар мен тарихи жағдайларға құрылған шығармалар.

Халықтың тарихи жырларының өзіндік ерекшеліктері де бар. Тарихи жырлар – бұл фольклорлық эпикалық шығармалар, онда қазақ тарихының тұтас бір кезеңдері, сол дәуірде өмір сүрген атақты тұлғалар бейнеленіп, шығарма мазмұны сол тарихи оқиға не тұлға аясында өрбіп, дамып отырады.

«Тарихи жырда идеялық-эстетикалық мұрат басқа жырлардан гөрі сәл өзгешелеу: мұнда үлкен оқиғаның жекелеген фактілеріне, бұқара қауымнан өзінің қайратымен, жүректілігімен, ақылымен дараланып шыққан кәдімгі қарапайым адамдарға мән беріледі. Бірақ олар, яғни жеке факті де, адам да жалпы тарихи жағдайдан бөлек алынбайды. Тіпті тарихи жырдың бүкіл мазмұнының өзі сол заманның оқиғаларынан туып, өрбіп жатады» [3, 170].

Әрине, бұл жырларда бейнелеген тарихи шындық барлық жағдайда тарихқа сәйкес келе бермейді. Кейбір оқиғалар тарихта болса, енді бірі – халықтың қиялындағы оқиғалар. Бірақ қалай дегенде де кез келген тарихи жырдың пайда болуына қазақ халқының қалыптасуындағы тарихи жағдайлар, оқиғалар себеп болғаны сөзсіз. Сондықтан тарихи жырларда қиял, халық фантазиясымен қатар жырдың пайда болуына себеп болған реалды фактілер, тарихи оқиғалар қатар жүріп отырады.

Б. Кенжебаев «Тарих пен ауыз әдебиеті бірдей емес екенін ескеру қажет. Тарихи болған оқиғаны тыңнан, ойдан жаңалық қоспай, сол тарихта болғанынша тексеріп, талдап, айтып береді. Ол үнемі тарихтық нақтылы материалдарға сүйенеді, айтылған ойын, пікірін солармен дәлелдейді. Ал ауыз әдебиеті, ақын, жырау болған оқиғаның, тарихи адамның өмірбаяны мен істеген ісінің сүрлеуін, ізін, желісін ғана алады. Басқасын өзінің қиял дүниесінен шығарады, суретпен, пернемен, бейнемен айтып дәлелдейтінін» айтады [4, 508 б.]. Халық белгілі бір тарихи деректі беру арқылы сол дәуірге тән қайшылықтарды көрсетуге тырысады. Соның негізінде нақты бір тарихи деректер өзгеріске түсіп, көркемдік оймен ұштасып та жатады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Тарихи жыр» («исторический джир») терминінің қолданылуы, оның зерттелуі Ш. Уәлиханов еңбегінен бастау алады. Кейін В. В. Радлов еңбегінде де «Аңыздар, тарихи жырлар» деген тарауында сөз болады. Жиырмасыншы ғасырдың басында А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» тарихи жырға түсініктеме беріледі. Қазіргі таңда тарихи жырлар жөнінде әдебиетші ғалымдардың зерттеулерін кездестіруге болады.

С. А. Қасқабасов «Тарихи жырлар – қазақ фольклорының ішіндегі ерекше жанр. Оның жанрлық табиғатын тануда зерттеушілер әртүрлі пікір айтқан болатын. Бір оқымыстылар оны батырлық эпостың кейінгі дәуірлерде туған түрі деп, оған «кенже эпос» деп атау берсе, басқа ғалымдар оны жеке жанр ретінде қарастырған. Соңғы пікір ғылымда орнығып, тарихи жыр арнайы монографиялық түрде зерттеудің объектісіне айналып, оның ішкі жанрлық түрлері де біршама зерттелгенін» айтады [4, 505 б.].

«Қазақ әдебиетінің тарихы» деген еңбектің бірінші томында С. А. Қасқабасов тарихи жырларды 3 кезеңге бөліп қарастырады:

- 1 XVY–XVII ғасырдағы тарихи жырлар
- 2 XVIII ғасырдағы тарихи жырлар
- 3 XIX–XX ғасырдағы тарихи жырлар.

Ғалым бірінші дәуірді орта ғасыр деп атай отырып, оған «Орақ батыр», «Жәнібек батыр» («Жәнібек батырдың өлені»), «Сәтбек батыр», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім», «Олжаш батыр» сияқты тарихи жырларды жатқызады.

XVIII ғасырдағы тарихи жырлардың қатарына «Абылай туралы жыр», «Олжабай батыр», «Қабанбай батыр», «Сырым батыр», «Бөген батыр», «Өтеген батыр» және тағы басқа тарихи жырларды жатқызады.

Ал үшінші кезеңде «Қазақ халқының XIX ғасырдағы ұлт-азаттық күресінің қаһармандары – Кенесары мен Наурызбай Қасымұлдары, Ағыбай, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Бекет Серкебайұлы, Досан, Аркалық, Мырзаш, Қармыс, Төлеп, Балуанияз және тағы басқа батырлар да тарихи жырлар бас қаһармандары болып табылады» [4, 583 б.].

Тарихи жырлар әдебиетшілер тарапынан жан-жақты талдауға түскенімен, бұл жырлардың тілдік-стильдік ерекшеліктері толық зерттелмеген.

Жалпы тарихи жырлар тіліне лингвистикалық талдау барысында екі нәрсені ескеру керек:

Біріншіден, тарихи жырлардағы негізгі сюжеттердің берілу жолдары, оның құрылымы, жырдағы көріктеу-бейнелеу құралдары халық ауыз әдебиетімен сабақтастықты көрсетеді. Кейбір образдарды суреттеуде, кейбір сөз орамдарын беруде ауыз әдебиетіне жүгіну байқалады. Мұның бірнеше себептерін атауға болады:

1 Тарихи жырлар да ауызша тараған шығармалар қатарына жатады;

2 Бұл туындылар да қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің жалғасы болып табылады.

Екінші жағынан бұл жырларды тарихи құжат деп тануға болмайды, ең алдымен, бұл көркем шығарма екенін ұмытпауымыз керек. Жырлардың қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты екені сөзсіз. Бірақ көркем туынды болғандықтан онда әсірелеу, көріктеу құралдарының қолданылуы да заңды болып табылады.

Тарихи жырларда нақты оқиғалар мен тұлғалар сөз болғандықтан, бұл шығармалар нақты тарихи жағдайларды және сол кезеңдегі халық тілінің лексикасын айқындауға мүмкіндік береді. Яғни, тарихи жырларда қазақ халқының мазмұнды тарихи материалымен қатар сол дәуірдегі лексикалық қоры да жинақталған. Жырларда халық өмірінің әртүрлі қырлары көрініс тапқан. Бұл жырларда өткен күндердің іздері жатыр. Сондықтан бұл шығармалар арқылы тарихи деректермен қатар тілдік деректерді, көркемдік тәсілдерді де саралауға болады.

Жалпы тарихи жырларға тән мынандай ерекшеліктерді атауға болады:

1 Жырдағы кейіпкерлер ойдан шығарылған емес, өмірде болған ірі тарихи тұлғалар;

2 Жырдың негізгі сюжеті тарихта болған оқиғаға құрылады;

3 Тарихи образдардың тарихтағы орнын айқындауда осы жырларды жеткізушілер де үлкен рөл атқарады;

4 Жеткізуші өз тарапынан артық ақпарат қоспайды, көп жағдайда оқиға сол кездегі тарихи жағдай аясында өрбиді;

5 Жырлардың боямасы аз, нақты тарихи шындықпен байланысты оқиға беріледі;

6 Оқиғаны, кейіпкерді суреттеуде нақтылық басым, көркемдеп суреттеу аз болады.

С. А. Қасқабасов, Ж. Ә. Аймұхамбеттің «Қазақ фольклоры» деген еңбегінде тарихи жырларды батырлар жырымен салыстыра отырып, оның батырлар жырынан ерекшеленетін белгілерін атап көрсетеді: «Бұл жырлардың бұрынғы батырлық эпостан бірнеше өзгешелігі бар. Біріншіден, бұл шығармалар оқиғалардың ізі онша суымай тұрғанда пайда болды; екіншіден, сол себепті оларда шындыққа жақындық басым; үшіншіден, бұл жырларда әсірелеу едәуір аз, ал мифтік, я болмаса қиял-ғажайыптық белгілер жоқтың қасы; төртіншіден, тарихи жырларда кейіпкерлердің кейбір кездерде көрсететін өзіне ғана тән мінез-құлқы көрініс беріп қалады, яғни батырлар бұрынғыдай аса дәріптелмейді, олардың образы өз прототипіне жақынырақ; бесіншіден, бұл туындыларда батырлар ру мен тайпа үшін емес, бүкіл қазақ үшін күреседі, қазақ жерін, мемлекетін азат ету үшін соғысады. Бұл – ең басты ерекшелігі; алтыншыдан, батырлар бұрынғыдай жеке-жеке, өз бетінше жауға шаба бермейді, олар мемлекет басшысы – ханның маңайына топтасып, оның бұйрығымен соғысқа аттанады. Бұл да мемлекеттік эпостың айырықша белгісі» [3, 21 б.].

Бұл жырлардың негізгі эстетикалық қуаты – тарихи уақыт. Сол кезеңдегі халықтың тарихи санасы айқын бейнеленіп отырады. Тарихи жырларда халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде эпикалық жырларға тән бейнелеу тәсілдері басым. Жырдағы оқиға бірде монолог, бірде диалог түрінде келеді.

Көптеген фольклорлық жанрларда жалпы немесе ұқсас көркемдік тәсілдерді, белгілі бір тұрақты эпитеттерді, теңеулерді, дәстүрлі поэтикалық мотивтерді қолдану басым болып келсе, тарихи жырларда бұл көркемдік тәсілдер аз қолданыс тапқан.

Қазақтың тарихи жырларының ерекшелігі шындықты бейнелеумен қатар сол тарихи оқиғаға, тұлғаға баға беруімен де сипатталады. Мәселен, «Абылай хан» жырында Абылайдың қазақ тарихындағы орны, оның халқы үшін жасаған ерлігі, ақыл-парасаты, халықтың басын біріктірудегі, қуатты мемлекетке айналдырудағы еңбегі ерекше суреттеліп, жырда халық Абылайға өз заманының көреген саяси қайраткері деп баға береді.

Арысы алты алаштың разы боп,
Жасады Абылайға үлкен құрмет.
Абылай хан боп өтті содан былай,

Керемет ақыл тапты талай-талай.
Ақылдың бітіп жатқан көзін ашты,
Жақсымен жақын жүріп жанасалай.
Қол жиып еліндегі батырлардан,
Қорғады елін келген сыртқы жаудан.
Арманы отырақ тап қаласалып,
Топтасып жер емшегін болмақ сауған...

Ерлігі бүкіл елге таралыпты.
Абылай деген даңқы кетті шығып
Ерлігін сайыпқыран түгел ұғып...

Абылай елге біткен бір бәйтерек,
Халқына асқар таудай болған тірек.
Елге болдың бір шырақ,
Ақылың дария, бір бұлақ.
Сендей батыр үлгі айтар,
Хан қайдан бізге табылмақ.

«Абылай хан» жырынан [1, 28 б.]

Елі үшін еңіреп туып, ер боп өткен,
Мәңгілікескеалады ел Абылайын.
Астында ашық аспан сағым салған,
Айдын көлалабынан мұнар шалған.

«Ел қормалы – ер Абылай» жырынан [1, 58 б.]

Жырда тек тарихи оқиғалар суреттеліп қана қоймайды, онда халықтың Абылайға деген сенімі де ерекше көрінеді. Бұл сенімді «Абылай елге біткен бір бәйтерек», «Халқына асқар таудай болған тірек», «Елге болдың бір шырақ, Ақылың дария, бір бұлақ», «Ақылдың бітіп жатқан көзін ашты», «Астында ашық аспан сағым салған, Айдын көл алабынан мұнар шалған» деген метафоралық қолданыстар, теңеу арқылы берілген жолдардан байқауға болады.

Тарихи эпостар халық өмірінің тұтас бір кезеңдерімен, оның тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен, тілімен байланысты болғандықтан маңызды болып табылады. Ол да қазіргі әдеби тіліміздің бастау арналарының біріне жатады. Бұл жырлар біздің мәдени-рухани дүниеміздің тарихы іспеттес секілді.

Тарихи жырлар құрылымы, тақырыбы, көркемдеу тәсілдері жағынан басқа халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бөлек тұрады. Фольклор тіліне тән дайын поэтикалық қолданыстар өте аз, бірақ тарихи жырлардың тілінде

әскери лексика басым болып келеді. Жырлар тілінде әскери лексиканың жиі кездесуі сол кезеңдегі жаугершілік заманға байланысты болса керек.

Жалпы тарихи жырлардың көпшілігі XVIII ғасырдағы тарихи жағдайлармен тығыз байланысты болып келеді. Р. Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген еңбегінде «XVIII ғасыр өзінің ұзын-ырғасында қазақ қоғамы үшін соғыстар мен жорықтардың, шұбыра көшу мен жөңкіле қоныс аударудың заманы болды. Соған орай көркем әдебиеттің тақырыбы да негізінен ел қорғау, батырларды мадақтау немесе өлімі жоқтау болып келді. Осы себептен мұнда да жаугершілікке қатысты лексика тобы орын алды. Бұрынғы элементтер сақталып, тұрақтала түсті. Мысалы, кіреуке, сауыт, найза, оқ, дабыл, дулыға, берен, жебе, қылыш тәрізді қарау-жарақ аттары, жаулық, елдік, бұлу, біту («ел болу») сияқты етістіктер әлі де жиі қолданылады. Олар әлі де архаизмдер емес, актив қордың элементтері» дейді [5, 149 б.]. Бұл әскери лексиканың бір тобын жаугершілік сипаттағы тіркестер құраса, бір тобын қару-жарақ атаулары құрайды.

Бұл дәуірге Абылай хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Олжабай батыр туралы және тағы басқа жырларды жатқызуға болады. Бұл жырлардың тілінде әскери лексика көптеп кездеседі. Әсіресе, тарихи жырлар тілінде жаугершілік сипаттағы тіркестер өте жиі ұшырасады. Мысалы: «Түйреліп найза ұшында құлады аттан», «Егескен талай жауын жерге тыққан», «Жау тиіп ел шетіне қауіп төнсе», «Жеткенге найза салдым оңды-солды», «Жосылып қара жерге аққан қанды... Жау менен жендеттерді осықлады», «Халықтың қаһарынан бар ма өктем», «Басына өлім төніп, қайғы орнатып», «Азалы қанды ойранның тартты дертін», «Қансырап жаралылар қиналуда», «Жауласуға көңіл соқты бір баруға», «Айырылып ат-көліктен жапа шекті», «Қан ойран болған екен қыран дала», «Сайыстым қуғын топпен жалғыз барып», «Жаудырып, қаһарланып барлық кекті», «Сұрланды, қаһарланды түсі қашып», «Жау қамалап алған екен шыр айналып», «Жауларын ашындырды ерлігі асып», «Боқы батыр жау шауып өлмеген соң», «Жолдасым жауға түсіп қалды ма екен», «Дұспандар тонап жатыр анталасып», «Әйтеуір бір ажалдан қалдық аман», «Рақымсыз соғыс деген жанды алған, Қан төгіліп сай-сайда ел қаңғыған», «Әскері де қырылды уаң Дарынның», «Қамауда қамал бұзған батыр еді», «Жөкенің басын алды қылыш шауып», «Күні-түні қан кештік жеті күндей», «Оқ тиген жүрегіне қасиетті ер», «Батырдың екі көзі қанға толды», «Жауға тізе бүкпеген қайран ердің» «Соғыста оқ тиеді ажалдыға», «Ала алмай кегін батыр ажал құшты», «Орданды қан қып, өзінді өлтірем, – деп» деген жолдардағы *түйрелген найза, егескен жау, жау тиіп, найза салды, оқ тиеді, қан ойран болған, түсі қашу, қан кештік, жау қамалап, орданы қан қылу, қара жерге аққан қан, халықтың қаһары, әскері де қырылды, өлім төну, қайғы орнату, қанды ойран, қансыраған жаралылар, жауға түсіп*

қалу, ажалдан аман қалу, жау шауып, жапа шегу, жауларын ашындырды, басын алды, ажал құшты, көзі қанға толды, оқ тиген, рақымсыз соғыс, жауға тізе бүкпеген, жанды алған, қан төгілген, қаңғыған ел, қамал бұзған батыр секілді тіркестерді атауға болады. Бұл қолданыстардың барлығы сол замандағы соғыс пен жорықтарға қатысты жиі қолданылған жаугершілік сипаттағы тіркестер қатарына жатады.

Жалпы бұл кезеңде тарихи жырлардың мазмұн жағынан толыққанын да байқауға болады. С. А. Қасқабасов «Бізге жеткен фольклор нұсқалары, негізінен, осы жаңа дәуірде, яғни XVIII-XIX ғасырда сұрыпталып, көркемдік жағынан әрленіп, жүйеленіп, осы күнгі қалпына жеткен деуге болады. Бұл кезеңде ертеден келе жатқан батырлық жырмен қатар жаңа эпикалық жанр – тарихи жыр барынша етек алып, жеке түр ретінде қарқын алды. Тарихи жырдың мазмұны да байи түсті» деп, тарихи жырлардың көркемдік жағынан толыққанын, оның жүйеленгенін атап көрсетеді [4, 537 б.].

Тарихи жырлардағы жаугершілік лексиканың екінші тобы қару-жарақ атауларымен байланысты. Жырларда түрлі қару-жарақ атаулары ұшырасады:

Жәнібек **айбалтаны** ала шапты,
Әдіспен қарақұстан ұрды қатты.

«Ел қормалы – ер Абылай» жсырынан [1, 98 б.]

Дұспандықпен ақыл айтып отырсың, – деп,
Ханымға ұмтылады **семсер** алып

«Арқалық батыр» жсырынан [1, 15 б.]

Найзаны, жетіауызды тығып тастап,
Ауылдан бұл қу кетті түнге жастап.

«Арқалық батыр» жсырынан [1, 24 б.]

Ұмтылған, ызғар еткен Арқалыққа,
Кеп **сойыл** үсті-үстіне жабырласты

«Арқалық батыр» жсырынан [1, 56 б.]

Тыныбай, кетерінде қош айтпадың,
Бес найза Әлмеректің баласы да.

«Жақыпберді батыр» [1, 207 б.]

Әскердің дені дүнген, азы қазақ,
Көбінде **мылтық** та жоқ, **найза, садақ.**

«Тәутік батыр» [1, 171 б.]

Артынан түскиздің қарады кеп,
Қойылған **найза, мылтық, қанжар** да жоқ
«Арқалық батыр» [1, 75 б.]

– Ей, Жұбай, жаумен қалсам ұшырасып,
Мылтық атып, айғай шығар, **қылыш** шауып
«Арқалық батыр» [1, 85 б.]

Балта, сойыл, шоқпарын қолына ұстап,
Азамат қарсы аттанды жанын жалдай.
«Есімқан, Ырысқан» [1, 306 б.]

Ұмтылды біреу жаяу, біреу жайдақ,
Ұстаған біреу **шоқпар**, біреу **сайғақ**.
«Он сегіз» [1, 306 б.]

Жырларда *найза, айбалта, қанжар, семсер, жетіауыз, сойыл, мылтық, садақ, қылыш, шоқпар, сайғақ* секілді қару-жарақ атаулары жиі кездеседі. Қару-жарақтың кейбір атаулары бүгінгі күні қолданыстан шыққан, көнерген сөздер қатарынан табылады. Мысалы, айбалта «Ұзын сапты жарты ай бейнесіндегі кішірек балта» болса, сайғақ «Қару ретінде жұмсайтын қатты ағаш, сойыл» [2, 22 б.]. Сол сияқты қазіргі әдеби тілден «жетіауыз» деген қару атауын да кездестіре қоймаймыз.

Жалпы найза да, қанжар да, семсер де қазақтың дәстүрлі қару-жарақтарының қатарына жатады. Бұл қарулардың көпшілігі соғысқа ыңғайланып жасалған. Тарихи жырларда әскери лексиканың басым болуы сол замандағы жаугершілікпен байланысты болғанға ұқсайды.

Көп жағдайда фольклорлық туындылардың тіліне лингвистикалық талдау жасау қиындық тудырып жатады. Тілдік деректердің мағыналық ерекшеліктерін айқындауда да дау туғызатын тұстары да баршылық. Ал тарихи жырлар негізінде тарихи шындық, тарихи оқиға жатқандықтан әрі жырдағы оқиғалардың мерзімі, олардың кіммен соғысып жатқандығы анық көрсетіліп отырғандықтан, тілдік деректерге талдау жасау да нақтырақ болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл тарихи жырлар қазақтың әдеби тілінің дамуында белгілі рөл атқарады. Шығарма өмірде болған тарихи жағдайлармен байланыста дамып, жырда берілетін оқиға желісі шындыққа жақын болып келгендіктен, сол замандағы сөйлеу тілінің ерекшеліктерін, лексикалық қорын айқындауға

мүмкіндік береді. Өйткені бұл шығармалар сол заманның тілдік дәстүрі мен нормасын сақтап қалған. Сондықтан тарихи жырлар да біз үшін құнды материал көзі болып табылады. Оны әдеби тіліміздің бір арнасы деп тануға толық мүмкіндік бар.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 27–29. – Астана : «Фолиант», 2006. – 352 б. – ISBN 9965-35-105-8
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : «Дайк-Пресс», 2008. – 965 б. – ISBN 9965-798-99-0
- 3 **Қасқабасов, С.А., Аймұхамбет, Ж. Ә.** Қазақ фольклоры. – Астана, 2017. – 221 б.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2008. – Т. 1. – 811 б. – ISBN 978-601-03-005-7.
- 5 **Сыздықова, Р.** Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы : «Ел-шежіре», 2014. – 319 б. – ISBN 978-661-7317-91-1.

Материал 17.09.18 баспаға түсті.

Л. А. Еспекова

Исторические песни – источник литературного языка

Филологический факультет,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Астана 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 17.09.18.

L. A. Yespekova

Historical songs – source of literary language

Philological Faculty,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 17.09.18.

В данной статье рассматриваются языковые особенности исторических песен, их влияние на литературный язык. В этих песнях хранятся прошлое народа. Исторических песнях сохранилось богатство народного языка. В статье рассматривается изучение исторических песен, и их особенности от других фольклорных жанров. Изучение языка исторических песен позволяет исследовать

его развития в определенном этапе, а также способствует выявлению стилистических особенностей. Исторические песни дают ясное представление о состоянии общенародного разговорного и литературного языка того времени. Поэтому художественный язык исторических песен непосредственно связан с литературным языком казахского народа.

This article examines the linguistic features of historical songs, their influence on the literary language. These songs contain the past of the people. Historical songs preserved the richness of the national language. The article deals with the study of historical songs, and their distinction from other folklore genres. Studying the language of historical songs allows you to explore its development in a certain stage, and also helps to identify stylistic features. Historical songs give a clear idea of the state of the nation-wide spoken and literary language of the past time. Therefore, the artistic language of historical songs is directly related to the literary language of the Kazakh people.

**ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА
(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
«КРАЕВЕДЕНИЕ»)**

Редакционная коллегия просит авторов руководствоваться следующими правилами при подготовке статей для опубликования в журнале.

Научные статьи, представляемые в редакцию журнала должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартам по оформлению статей в соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», пристатейных библиографических списков в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

– В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в

1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

– Общий объем статьи, включая аннотации, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **12 страниц печатного текста**. *Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).*

Статья должна содержать:

1 **ГРНТИ** (Государственный рубрикатор научной технической информации);

2 **Инициалы и фамилия** (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках (*прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, см. образец*);

3 **Ученую степень, ученое звание;**

4 **Аффилиация** (факультет или иное структурное подразделение, организация (место работы (учебы)), город, почтовый индекс, страна) – на казахском, русском и английском языках;

5 **E-mail;**

6 **Название статьи** должно отражать содержание статьи, тематику и результаты проведенного научного исследования. В название статьи необходимо вложить информативность, привлекательность и уникальность (*не более 12 слов, заглавными прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, на трех языках: русский, казахский, английский, см. образец*);

7 **Аннотация** – краткая характеристика назначения, содержания, вида, формы и других особенностей статьи. Должна отражать основные и ценные, по мнению автора, этапы, объекты, их признаки и выводы проведенного исследования. Дается на казахском, русском и английском языках (*рекомендуемый объем аннотации – не менее 100 слов, прописными буквами, нежирным шрифтом 12 кегль, абзацный отступ слева и справа 1 см, см. образец*);

8 **Ключевые слова** – набор слов, отражающих содержание текста в терминах объекта, научной отрасли и методов исследования (*оформляются на языке публикуемого материала: кегль – 12 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см.*). Рекомендуемое количество ключевых слов – 5-8, количество слов внутри ключевой фразы – не более 3.

Задаются в порядке их значимости, т.е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке (см. образец);

9 Основной текст статьи излагается в определенной последовательности его частей, включает в себя:

– слово ВВЕДЕНИЕ / КІРІСПЕ / INTRODUCTION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре см. образец).

Необходимо отразить результаты предшествующих работ ученых, что им удалось, что требует дальнейшего изучения, какие есть альтернативы (если нет предшествующих работ – указать приоритеты или смежные исследования). Освещение библиографии позволит отгородиться от признаков заимствования и присвоения чужих трудов. Любое научное изыскание опирается на предыдущие (смежные) открытия ученых, поэтому обязательно ссылаться на источники, из которых берется информация. Также можно описать методы исследования, процедуры, оборудование, параметры измерения, и т.д. (не более 1 страницы).

– слова ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ / НЕГІЗГІ БӨЛІМ / MAIN PART (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Это отражение процесса исследования или последовательность рассуждений, в результате которых получены теоретические выводы. В научно-практической статье описываются стадии и этапы экспериментов или опытов, промежуточные результаты и обоснование общего вывода в виде математического, физического или статистического объяснения. При необходимости можно изложить данные об опытах с отрицательным результатом. Затраченные усилия исключают проведение аналогичных испытаний в дальнейшем и сокращают путь для следующих ученых. Следует описать все виды и количество отрицательных результатов, условия их получения и методы его устранения при необходимости. Проводимые исследования предоставляются в наглядной форме, не только экспериментальные, но и теоретические. Это могут быть таблицы, схемы, графические модели, графики, диаграммы и т.п. Формулы, уравнения, рисунки, фотографии и таблицы должны иметь подписи или заголовки (не более 10 страниц).

– слово ВЫВОДЫ / ҚОРЫТЫНДЫ / CONCLUSION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Собираются тезисы основных достижений проведенного исследования. Они могут быть представлены как в письменной форме, так и в виде таблиц, графиков, чисел и статистических показателей, характеризующих основные выявленные закономерности. Выводы должны быть представлены без интерпретации авторами, что дает другим ученым возможность оценить качество самих данных и позволит дать свою интерпретацию результатов (не более 1 страницы).

10 Список использованных источников включает в себя:

– слово СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES (Нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Очередность источников определяется следующим образом: сначала последовательные ссылки, т.е. источники на которые вы ссылаетесь по очередности в самой статье. Затем дополнительные источники, на которых нет ссылок, т.е. источники, которые не имели место в статье, но рекомендованы вами для кругозора читателям, как смежные работы, проводимые параллельно. Рекомендуемый объем не более чем из 20 наименований (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

11 Иллюстрации, перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате ТІҒ или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

12 Математические формулы должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

На отдельной странице (после статьи)

В бумажном и электронном вариантах приводятся полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

Информация для авторов

Все статьи должны сопровождаться двумя рецензиями доктора или кандидата наук для всех авторов. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи.

При необходимости статья возвращается автору на доработку. За содержание статьи несет ответственность Автор.

Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта.

Статьи публикуются по мере поступления.

Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально).

Статью (бумажная, электронная версии, оригиналы рецензий и квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147).

E-mail: kereku@psu.kz

Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге.**

Наши реквизиты:

РГП на ПХВ Павлодарский
государственный университет имени
С. Торайгырова
РНН 451800030073
БИН 990140004654
АО «Цеснабанк»
ИИК KZ57998FTB00 00003310
БИК TSESKZK A
Кбе 16
Код 16
КНП 861

РГП на ПХВ Павлодарский
государственный университет имени
С. Торайгырова
РНН 451800030073
БИН 990140004654
АО «Народный Банк Казахстана»
ИИК KZ156010241000003308
БИК HSBKZZKX
Кбе 16
Код 16
КНП 861

ОБРАЗЕЦ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ:

ГРНТИ 396.314.3

А. Б. Есімова

к.п.н., доцент, Гуманитарно-педагогический факультет, Международный Казахско-Турецкий университет имени Х. А. Ясави, г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан
e-mail: ad-ad_n@mail.ru

СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА

В статье рассматриваются вопросы, связанные с кодификацией норм устной речи в орфоэпических словарях, являющихся одной из отраслей ортологической лексикографии. Проводится анализ составления первых орфоэпических словарей, говорится о том, что в данных словарях большее внимание уделяется устной орфографии в традиционном применении, а языковые нормы устной речи остались вне внимания. Также отмечается, что нормы устной речи занимают особое место в языке программ средств массовой информации, таких как радио и телевидение, и это связано с тем, что диктор читает свой текст в микрофон четко по бумажке. В статье также выявлены отличия устной и письменной речи посредством применения сравнительного метода, и это оценивается как один из оптимальных способов составления орфоэпических словарей.

Ключевые слова: репродуктивное поведение, семейно-родственные связи.

ВВЕДЕНИЕ

В настоящее время отрасль мобильной робототехники переживает бурное развитие. Постепенно среда проектирования в области мобильной ...

Продолжение текста

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в...

Продолжение текста публикуемого материала

ВЫВОДЫ

В этой статье мы представили основные спецификации нашего мобильного робототехнического комплекса...

Продолжение текста

Пример оформления таблиц, рисунков, схем:

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 - Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).

2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.

3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.

4 http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part_0.

А. Б. Есімова

Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде

Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,
Қ. А. Ясави атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,
Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы.

A. B. Yesimova

The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors

Faculty of Humanities and Education,
K. A. Yesevi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan.

Мақалада ортологиялық лексикографияның бір саласы – орфоэпиялық сөздіктердегі ауызша тіл нормаларының кодификациялануымен байланысты мәселелер қарастырылады. Орфоэпиялық сөздік құрастырудың алғашқы тәжірибелері қалай болғаны талданып, дәстүрлі қолданыстағы ауызша емлесімен, әсіресе мектеп өмірінде жазба сөзге ерекше көңіл бөлініп, ал ауызша сөздің тілдік нормалары назардан тыс қалғаны айтылады. Сонымен қатар ауызша сөз нормаларының бұқаралық ақпарат құралдары – радио, телевизия хабарлары тілінде ерекше орын алуы микрофон алдында диктордың сөзді қағаз бойынша нақпа-нақ, тақпа-тақ айтуымен байланысты екені атап көрсетіледі. Сөздікте ауызша сөзбен жазба сөздің салғастыру тәсілі арқылы олардың айырмасын айқындалғаны айтылып, орфоэпиялық сөздік құрастырудың бірден-бір оңтайлы жолы деп бағаланады.

The questions, related to the norms of the oral speech codification in pronouncing dictionary are the one of the Orthologous Lexicography field, are examined in this article. The analysis of the first pronouncing dictionary is conducted, the greater attention in these dictionaries is spared to verbal orthography in traditional application, and the language norms of the oral speech remained without any attention. It is also marked that the norms of the oral speech occupy the special place in the language of media programs, such as radio and TV and it is related to that a speaker reads the text clearly from the paper. In the article the differences of the oral and writing language are also educed by means of application of comparative method and it is estimated as one of optimal methods of the pronouncing dictionary making.

Теруге 17.09.2018 ж. жіберілді. Басуға 28.09.2018 ж. кол қойылды.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Кітап-журнал қағазы.
Шартты баспа табағы 22,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы
Корректорлар: А. Р. Омарова, Қ. Б. Жетписбай
Тапсырыс № 3230

Сдано в набор 17.09.2018 г. Подписано в печать 28.09.2018 г.
Формат 70x100 ¹/₁₆. Бумага книжно-журнальная.
Усл. печ. л. 22,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. Елемесқызы
Корректоры: А. Р. Омарова, Қ. Б. Жетписбай
Заказ № 3230

«КЕРЕКУ» баспасынан басылып шығарылған
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: kereku@psu.kz